

ҚАЗАҚ ТІЛІ

ҚАЗАҚ ТІЛІ
10 СЫНЫП



10 СЫНЫП

А. Қ. Биисова, Ф. Б. Жалетденова, Д. С. Жаукенова

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Арнайы мектептердің (сыныптардың)
зерде бұзылыстары бар
10-сынып оқушыларына арналған оқулық

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі ұсынған

Алматы
2022

ӘОЖ 376.167.1
КБЖ 74.3
Б52

Шартты белгілер:

- – күрделіліктің төмен деңгейіндегі тапсырма
- – күрделіліктің орташа деңгейіндегі тапсырма
- – күрделіліктің жоғары деңгейіндегі тапсырма



– сөздік жұмыс

Биисова А. Қ. т.б.

Б52 Қазақ тілі. Арнайы мектептердің (сыныптардың) зерде бұзылыстары бар 10-сынып оқушыларына арналған оқулық/
А. Қ. Биисова, Ф. Б. Жалетденова, Д. С. Жаукенова. – Алматы:
«ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2022. – 164 б.

ISBN 978-601-347-255-3

ӘОЖ 376.167.1
КБЖ 74.3

ISBN 978-601-347-255-3

© «ӘБЕО орталығы» ЖШС, 2022

Құрметті жас дос!

Биыл сен 10-сыныптың табалдырығын аттадың. Қазақ тілі оқулығы биыл да сенің жаныңнан табылады.

Оқулықтан заманауи жаңалықтар мен ғарыш әлемі, оның тылсым дүниелері туралы мол мәліметтер аласың. Қазақ халқының ұлы тұлғалары, біртуар азаматтары туралы білетін боласың. Адамзаттың зор байлығы – денсаулық туралы біліп, салауатты өмір сүру қағидаларын меңгеріп, өмірде өз орныңды тауып қалыптасуыңа септігін тигізер пайдалы мағлұматтар аласың. Білім нәріне сусындап, тіл біліміне терең сүңгіп, біліміңді шыңдайсың.

Тіл әлеміндегі талпынысыңа сәттілік тілейміз.

Ақ жол, сәт сапар, жас дос!

Авторлар

ҒЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Дауысты дыбыстар

Айтылу кезінде ауаның кедергіге ұшырамай шығуынан жасалған дыбыстарды **дауыстылар** деп атаймыз.

Дауысты дыбыстар : а, ә, и, е, э, о, ө, ү, ұ, (у), ы, і.

Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай **жуан және жіңішке дауыстылар** болып екі топқа бөлінеді.

Жуан дауысты дыбыстарды айтқанда, тілдің ұшы кейін қарай тартылады да, үсті сәл көтеріледі.

Жуан дауыстылар мыналар: а, о, ұ, ы, (у).

Жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда, тіл ұшы сәл ілгері қарай созылады да, үсті сәл төмендейді.

Жіңішке дауыстылар мыналар: ә, е, ү, і, ө, э, и, (у).

У дыбысы бірде жуан, бірде жіңішке айтылады. *Мысалы:* жазу, ұшу, жиналу сөздерінде **у** дыбысы жуан айтылады; теру, тігу, келісу сөздерінде **у** дыбысы жіңішке айтылады. Бұл дыбыстың (**у**) жуан я жіңішке айтылуы сөз құрамындағы басқа дауысты дыбыстардың жуан немесе жіңішке болуына байланысты.

1. Сөздерді оқы.

Адамзат, ғылым, ғаламшар, күшейткіш, смартфон, тәулік, өсімдік, нәтиже, тәжірибе, өрлеу, ғимарат, құрылыс, ғарыш, қорытынды, теңіз, шеңбер, зымыран, бірлік, жаңалық, өндіріс, жетістік, көшірме, диірмен, сұйықтық.

● **У** дыбысы бар сөздерді теріп жаз.

● **У** дыбысының сөзде жіңішке немесе жуан айтылуын анықта.

● Жуан дауысты дыбысы бар сөздерді бір бөлек, жіңішке дауысты дыбысы бар сөздерді бір бөлек көшіріп жаз.

2. Мәтінді оқы.

Біз мекен ететін Жер ғал...мшары – ғарыштан қарағанда көк және ақ түсті әдемі шар. Ол К...ннен кейін үшінші орында тұр. Жер күнді 365 күнде, ал өз осін 24 сағатта айналып шығады. Жер – ішкі ғаламшардың ішіндегі суы мен нуы, т...ршілігі бар жалғыз планета. Атмосфера Жер ғаламшарын қоршап тұр. Ол бізді Күннен тарайтын қауіпті с...улелерден қорғайды. Жер шамамен 4,5 миллиард жыл бұрын пайда болған. Жер ғаламшары Күннен жылу мен жарықтың тиісті м...лшерін жеткілікті д...режеде қабылдай алатындай қашықтықта орналасқан. Бұлар адамдардың, өс...мдіктер мен жану...рлардың өмір сүруі үшін аса қажет. Жердің ауасы бүкіл тіршілік үшін қолайлы. Жерде жасыл ормандар, шалғынды далалар, биік таулар, ыстық шөлдер мен суық полюстер бар.

(Балаларға арналған энциклопедиядан.)

● Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, көшіріп жаз.

● *Таулар, суық* сөздеріндегі **у** дыбысының дауысты, дауыссыз екенін анықта.

3. Мәтіндерді оқы. Есте сақта!

Жаңбыр дегеніміз не?

Су атмосфера арқылы үздіксіз қозғалыста болады. Күн су бетін **қыздырады**. Су ауаға бу түрінде **көтеріледі** де, жаңбыр болып жауады. **Жаңбырдың** түр-түрі бар: ақ жаңбыр, нөсер жаңбыр, қарлы жаңбыр т.б. Жаңбыр әр мезгілде әрқалай жауады. Жаңбырдың пайдасы өте зор. **Өсімдіктер** өсіп, ауа **тазарады**. Көңіл күйге жақсы әсері бар. Жаңбырдан кейінгі ауаны жұта бергің келеді.

● Қарамен жазылған сөздерден дауысты дыбыстарды тап.

● Бірінші екі сөйлемдегі дауысты дыбыстардың жіңішке немесе жуан екенін анықта.

4. Мәтінді оқы.

Телефонды америкалық ғалым А. Т. Белл 1876 жылы ойлап тапқан. Содан бастап адамдар оны байланыс құралы ретінде пайдаланады. Алғашқы үлгілерімен салыстырғанда телефон жүйесінің дамуы айтарлықтай жетістіктерге жетті.

Факс – телефон арқылы графикалық мәліметтерді: мәтінді, кестені, сызбаларды, графиктерді, фотосуреттерді және т.б. жөнелту, тасымалдау, жеткізу жұмыстарын атқаратын құрал. Олардың дәл көшірмесін алу үшін қолданылады.

● Жуан дауыстылары бар сөздердің астын бір сызықпен, жіңішке дауыстылардың астын екі сызықпен сызып, көшіріп жаз.

5. Өлеңді оқы.

Қарасы бар әкемде,
Жаңасы бар тәтемде
Аппағы бар анамда,
Екеуі бар көкемде.

Ғаламторды біледі,
Желіге де кіреді.
Кез келгеннің қолында,
Бір телефон жүреді.

Телефонның ұялы,
Көп дейді, анам, зияны.
Сондықтан ба, мені де,
Ұстатпайды, тыяды.

(М. Сембайқызы)

● Жуан дауысты сөздерді теріп жаз.

● Жіңішке дауысты сөздерді теріп жаз.

6. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қой. Көшіріп жаз.



Көлеңкеге т...ғыл...п,
Көсіледі к...ш...г...м.
К...н к...з...не бұйығып,
Маужырайды м...с...ғ...м.




(С. Жиенбаев)

Дауыссыз дыбыстар. Қатаң дауыссыз дыбыстар

Қатаң дауыссыздарда дауыстың қатысы болмайды, тек қана салдырдың қатысынан құралады.

Айтылу кезінде ауаның еркін шықпай, кедергіге ұшырап шығуынан жасалған дыбыстарды **дауыссыздар** дейміз.

Дауыссыз дыбыстар мыналар: **л, р, й, м, н, ң, у, (тау), б, в, г, ғ, д, з, ж, һ, п, т, с, к, қ, х, ф, ц, ш, ч, щ.**



1. Берілген сөздерді оқы.

Халық, ағартушы, делегация, чемпион, зерттеуші, азық-түлік, зейнет, алғыс, тарих, жарнама, сұхбат, колледж, баспахана, жарапазан, фирма, цех, барқыт, қария, бақыт, қарлығаш, сандуғаш, бұлбұл, сынып, мектеп.

- Сөз құрамындағы дауыссыз дыбыстардың астын сыз.
 - Сөз құрамындағы қатаң дауыссыздарды тауып, астын сыз.
 - Сөз құрамындағы дауыссыз дыбыстарды ажырат.
- Қатаңнан басталып, қатаңға аяқталған сөздерді тап.

2. Дауыссыз дыбыстарды еске түсіріп, оларды ажыратып жаз.

Қатаң дауыссыздар: ..., ..., ..., ..., ..., ..., ..., ...,

Ұяң дауыссыздар: ..., ..., ..., ..., ..., ..., ..., ...,

Үнді дауыссыздар: ..., ..., ..., ..., ..., ..., ..., ...,

- Оларды қатыстырып сөздер ойла.

3. Мәтінді оқы.

Таңғы ас балалардың оқу үлгеріміне әсер етеді. Ұлыбритания ғалымдары таңғы а...тың балалардың оқу үлгеріміне қалай әсер ететінін аны...тады. Ғалымдар жүз мектептің 9-11 жас аралығындағы 5 мың оқушы арасында сауалнама жүргізді. Зерттеу барысында балалардың тамақ...ану тәртібінің ерекшеліктері мен қолданылатын мәзір анықталды. Бұл мағлұма...тарды жинаған ғалымдар 6 айдан 18 айға дейін балалардың оқу үлгерімін ба...ылады. Сарап...ылар таңғы астың са...асына да мән берді, сапасыз, тәттілер мен чипсі жеген балалардың оқу үлгерімі на...ар көрсет...іш көрсетті.

● Сан есімдерді сөзбен жаз.

● Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, көшіріп жаз, қандай дауыссыздар екенін айт.

4. Мәтінді оқы.

Робототехника – заман талабы



Соңғы жылдары Қазақстанда да робототехника саласының жетістіктері жиі айтылып, жаңалықтар жарық көре бастады. Сан салада медицинадан бастап космонавтикаға дейін адамдар роботтардың көмегіне жүгінеді. Көпшіліктің ықыласына ие болған «Арман», «Шолпан» деген роботтарды Алматыдағы Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің студенттері жасап шығарған. Оларды қоғамдық орындарда, түрлі мемлекеттік мекемелерде, пайдасы тиетін роботтарға айналдыру жұмысы жүргізілуде.

● Роботтардың атауларын көшіріп жаз. Қатаң дауыссыздарды тап.

5. Мәтінді оқы.

Нұр-Сұлтан қаласы **қазақстандықтардың** мақтанышына «Бәйтерек» кешені – **тәуелсіздіктің** символы. Ол еліміздегі бейбітшілік пен келісімнің белгісі. Ол ұлы даланың кеңдігін Көк теңіз жағалауында алып бәйтерек Самұрық құс алтын жұмыртқа салады екен. Бірақ жыл сайын айдаһар сол алтын жұмыртқаны жеп қояды екен. Ер Төстік алтын жұмыртқаны аман Бұл аңыз – бейбітшілік пен келісімде өмір сүруге ұмтылған Қазақстан мақсатының көрінісі.

Керекті сөздер: өсіпті, білдіреді, айналып отыр, алып қалады.

- Керекті сөздерді қойып, сөйлемдерді аяқтап жаз.
- Қарамен жазылған сөздердегі қатаң дауыссыз дыбыстарды талда.

6. Өлеңді оқы.

Алтын адам

Баяғы замандардан Есік қорған –
Сақтарға атамекен бесік болған.
Асқарлы Алатаудың аясында
Бабалар өмір сүріп, өсіп-толған.
Бабалар өр мінезді асқақ келген,
Сақтардың батырларын қас Сақ деген.
Мінеки, содан бері қалыптасқан,
Атауы халқымыздың Қазақ деген.

(А. Асылбек)



● Үлгі бойынша өлеңнің бірінші екі жолындағы дауыссыз дыбыстарды талда.

Үлгі: баяғы – б – ұяң, ғ – ұяң

● Өлең жолдарынан қатаңнан басталып үндіге аяқталған, қатаңнан басталып қатаңға аяқталған, ұяңнан басталып үндіге аяқталған сөздерді тап.

Ұяң дауыссыз дыбыстар

Ұяң дауыссыздар дауыс пен салдырдан құралады. Оларда дауыстан салдыр басым болады.

Ұяң дауыссыздар мыналар: **б, в, г, ғ, д, з, ж, һ.**

Қатаң және ұяң болып жұп құрайтын дауыссыздар мыналар: **п-б, ф-в, к-г, т-д, с-з, ш-ж.**

- 1. Сөздерді оқып, ұяң дауыссыздарды тауып, астын сыз.

Балапан, вагон, гүлзар, ғалым, дәрігер, зергер, жиһаз, бөбек, ғарышкер, тоғыз, жауын, сарбаз, дәліз, қаһарман, заман, домбыра, дала, автобус, трамвай, болат.

- 2. Мәтінді оқы.

Үй салғанда сәулетші ең алдымен сол **жердің** климатына көңіл бөледі. Мысалы, құр...ақ аймақтарда үйдің шатыры тегіс, тере...елері кішкентай болады. Ал **жаңбырлы** аймақтарда үйдің шатыры көл...еу орналасады. **Бұрын** үйді а...аштан, ірі тастардан салған. Ал қазір **ғимараттарды** те... салу үшін кірпіш, пластикті көп пай...аланады. Бұл материалдар өте **жеңіл**. Әсіресе **биік** ғимараттарды салу үшін өте ыңғайлы.

- Көп нүктенің орнына ұяң дауыссыз дыбыстарды қойып, астын сыз.
- Қарамен жазылған сөзге дыбыстық талдау жаса.

- 3. Мақал-мәтелдерді толықтырып жаз.


1. Ғылым – теңіз, ... –
2. Ұстаздан
3. Өз білмегініңді кісіден сұра, ,
4. Жеті жұрттың тілін біл,

Керекті сөздер: кісі жоқ болса, кішіден сұра, білім – қайық, шәкірт озар, жеті түрлі білім ал.

- Ұяң дауыссыздарды тап.

4. Мәтінді оқы.

Айдағы серуен



Айды игеру тарихындағы айтулы оқиға – 1969 жылдың жазында адам тұңғыш рет Айға қонды. Бірінші болып Ай бетіне екі астронавт Нил Армстронг пен Эдвин Олдрин аяқ басты. Астронавтар Айда 21 кг топырақ жинап, онда барлығы 21 сағат 36 минут 21 секунд болды. Бұл оқиға – адамзат үшін үлкен серпіліс болды деп саналады.

● Қатаң және ұяң болып жұп құрайтын дауыссыздардың астын сызып, көшіріп жаз.

5. Сөйлемдерді оқы.

1. Гейзер – бұл жер астынан мезгіл-мезгіл су мен бу атқылап тұратын су көзі. 2. Су – тіршілікке аса қажетті ресурс. 3. Жаңбыр суын жинаудың ең қарапайым тәсілі – жаңбырдың астына үлкен ыдыс қойып қою. 4. Скафандрда қоршаған орта туралы ақпарат жинайтын датчиктер желісін орналастырған. 5. Калейдоскоп – түрлі-түсті симметриялы өрнектерді көруге мүмкіндік беретін ойыншық-аспап. Ғылыми тәжірибелердің жемісінен пайда болған бұл туынды әлем бойынша талай жанның жүрегін жаулап алды. 6. Әлеуметтік желі адамдардың қарым-қатынасына құрылады, демек, әлеумет – халық, адамдар тобы болса, желі – байланыс, қарым-қатынас. 7. Әлеуметтік желілердің пайда болуының басты себебі – адамдардың бір-бірімен әңгімелесуді қалауы.

● Қатаң және ұяң болып жұп құрайтын дауыссыздардың астын сызып, көшіріп жаз.

● ● 6. Тапсырманы орында.

1. Сыныптағы есімі қатаң дыбыстан басталатын ұлдар есімін ата.
2. Ұяң дыбыстан басталатын, сабақ беретін ұстаздар есімін ата.
3. Үнді дыбыстан басталатын қыздар есімін ата.

Үнді дауыссыз дыбыстар

Үнді дауыссыздар да дауыс пен салдырдан құралады, бірақ оларда салдырдан дауыс басым болады.

Үнді дауыссыздар: р, л, й, у, (тау), м, н, ң.

1. Оқы.

Өркендеу, лашын, жаңбыр, қаймақ, бау, мәртебе, намыс, тілек, өмір, ертегі, жұлдыз, ғылым, мереке, шолпан, таң, тіршілік, денсаулық, наурыз.

● Сөздердің құрамындағы үнді дауыссыздарды тап.

● Қатаң дауыссыз дыбыстан басталып қатаң дауыссыз дыбыстарға аяқталатын сөздерді теріп жаз.

2. Мәтінді оқы.

Малша...уашылығы саласында Қазақ малшаруашылығы және малазығы ө...дірісі ғылыми-зерттеу институты «жасыл экономика» қағидаттарына сәйкес, малшаруашылығын дамытуда тұрақты азықтық базасын құрудың бағыттары бойынша ғылыми-зерттеу жұ...ыстарын жүргізді. Ғылыми жоба ше...берінде тәлімді және суар...алы жер...ерді жоғары өнімді малазығын алуға бейімдеудің технологиясы да...ындалды. «Жасыл» технологияға жататын аталған тәсілдің кө...егімен жоңышқа егу, әр гекта...ынан 99-109 це...тнерге дейін малазығын жинау мүмкі... болды.

● Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, көшіріп жаз.

● 3. Жұмбақтың шешуін тауып, көшіріп жаз.

Сандығым бар өзгеше,
Қолыма алып жүремін.
Ішін ашып ақтарып,
Өмір сырын білемін.



● Қарамен жазылған сөзге дыбыстық талдау жаса.

4. Мәтінді оқы.

Қымыз жасау технологиясы

Қымыздың алғашқы ашытқысын сүр қазы, жал, жая салынған бие сүтіне 2-3 литр ескі қымыз қосып ашытып алады. Оны қымыздың «қоры» дейді. Соңынан осы қорды үзбей, әрбір 2-3 сағатта жаңа сүт құйып отыру керек. Саба түбінде әр күнгі жаңа қымыздың қоры қалып отыруы шарт. Белгілі температурада 23-24 сағат тұрған қымыз ашиды, сапыруға жарайды. Содан кейін оны басқа ыдысқа аударып құяды. Сабада қалған қордың үстіне жаңа сүт құйып, екінші тәуліктің қымызын ашыта береді. Жаңа сүт құйған сайын саумалдың иін қандыра піскен жөн. Көп піскен, көп сапырылған қымыз ашуын басып, қоюлана түседі. Қымыз дайын, енді ішуге болады.

(С. Қасиманов)

- Алғашқы екі сөйлемдегі үнді дыбыстарды тап.
- Мәтін бойынша сұрақтар құрастыр.
- 5. Антоним ережесін еске түсіріп, тапсырманы орында.

Сүр ет –

Ескі қымыз –

Көп –

Қою –

6. Мәтінді оқы.

Қымыздың жақсы болуы үшін үш шарт керек. Бірінші шарты – ыдысы таза болуы керек. Екінші шарты – қымызды ашыта білу қажет. Үшінші шарты – қымызды пісу мен сапыру бабын дұрыс орындау керек. Қымыз – ауруға ем, сауға – қуат, дәрі. Биенің жаңа ғана сауылған сүті – саумал деп аталады. Саумалды адамдар емдік қасиеті үшін ішеді.

- Қарамен жазылған сөзге дыбыстық талдау жаса.
- Үнді дауыссыз дыбыстарға аяқталған сөздерді тап.
- Қатаң дауыссыз дыбыстардан басталып, қатаң дауыссыз дыбыстарға аяқталған сөздерді теріп жаз.

7. Мәтінді оқы.

Компьютер

Компьютер – ақпараттық құрылғы. Компьютер мәтін мен бейнелерді сақтап әрі өңдей алады. Компьютерде көптеген электрлік сызбалар бар. Осы арқылы ақпараттар кодталған сигнал түрінде өте жылдам таралады.



1. Монитор
2. Тінтуір
3. Орталық жүйе
4. Акустикалық дауыс ұлғайтқыш (колонка)
5. Пернетақта

Бұл – заманауи компьютер. Байқағаныңдай ақпаратты пернетақта мен **тінтуір** арқылы енгізесің. Тиісінше, ақпарат монитордан көрініс арқылы өңделеді.

- Қарамен жазылған сөзге дыбыстық талдау жаса.
- Тек қатаң дыбыстардан құралған сөздерді тап.

8. Мәтінді оқы.

Интернет

Интернет – аппараттық инфрақұрылым. Интернет мыңдаған корпоративтік, үкіметтік, ғылыми және үй желілерінен құралған. Интернеттегі ғаламторда орналасқан және кабельдер мен сымсыз сигналдар арқылы қосылған миллиардтаған компьютерлер мен басқа да қосылған құрылғылар үйлесімді жұмыс істейді. Сыныпта да, жұмыста да бірнеше компьютерді ортақ желіге қосу арқылы бір-біріндегі ақпараттармен оңай алмасуға болады.

- Бірінші сөйлемдегі сөздерді буынға бөліп, көшіріп жаз.
- Үнді дауыссыз дыбыстан басталып үнді дауыссыз дыбысқа аяқталған сөзге дыбыстық талдау жаса.

Дыбыс үндестігі

Сөз бен сөз арасында, түбір мен қосымша арасындағы дыбыстардың бір-біріне ықпал етіп, өзгеріп айтылуын немесе жазылуын **үндестік заңы** дейді. Үндестік заңы екіге бөлінеді: буын үндестігі, дыбыс үндестігі.

1. Сөздерді оқы.

Басшы, Сарыарқа, Досжан, теңізші, жазса, түнгі, ашса, сөзсіз, сөнбеді, жанбады.

● Сөздердің айтылуы мен жазылуын салыстыр.

Үлгі:	Жазылуы	Айтылуы
	басшы	башшы
	Бозжан	Божжан

2. Сөз тіркестерін оқы.

Ақ жаулық, ай қабак, дөңгелек үстел, көк аспан, ақ лақ, ала кел, торы ат, ақ алтын, қара ала сиыр.

● Көшіріп жаз.

● Айтылуда сөздердің аралығындағы көршілес дыбыстардың қалай өзгергенін анықта.

3. Сөздерді оқы.

Жұмышшы, сембеді, жауынгер, жарғабақ, ағ лақ, ала гел.

● Сөздердің қатесін түзетіп жаз.

4. Суреттегі зат атауларын ата.



● Оларды үш жақта тәуелдеп жаз. Дыбыстардың дыбыс үндестігіне сәйкес өзгеруін түсіндір.

Буын. Буын үндестігі

Сөз буынға бөлінеді. *Мысалы:* ө-рік, ор-ман, кө-белек. Сөздердің буын саны дауысты дыбыстарға байланысты. *Мысалы:* гүл деген сөзде бір ғана дауысты дыбыс бар, сондықтан онда буын да біреу; гүлдер деген сөзде екі дауысты дыбыс бар, сондықтан екі буын бар. Дауысты дыбыс жеке тұрып та, дауыссыз дыбыспен тіркесіп те буын құрай алады. *Мысалы:* ы-дыс, а-па, е-гін-ші-лік.

1. Сөздерді оқы.

Домбыра, білім, зерттеу, батыр, халық, ақпарат, ұрпақ, бейбітшілік, дастарқан, атмосфера, орындық, ұстаз, жомарт, хабарлама, мәдениет, дәрігер, жапырақ, ынтымақ, жарыс, азамат, саясат, қорғаныс, дала, апа, ауа, сурет, болжам.

● Буынға бөліп жаз.

2. Сөздерді оқы. Сөздерді үлгі бойынша топтастырып жаз.

● Бір буынды сөз:

Ел

● Екі буынды сөз:

Ке-зек

● Үш буынды сөз:

Жа-па-лақ

Даналық, батыс, кесте, әңгіме, тырна, ұн, үкі, кілт, шыбық, ағаш, аң, лақ, қаржы, заң, торғай, мақала, жер, бәйге, дәулет, жыр, инелік, көбелек, оймақ, аға, жапырақ, бұлақ, серік, бесік, шөп, көк, терек, көгершін, қызғалдақ.

3. Сөздерді оқы.

1. Қа-ла-шық, дос-тас-тық, дан-алық, то-пы-рақ.

2. А-за-мат, та-быс, тұ-ңғыш, бей-біт-ші-лік.

3. Шы-ғар-ма-лар, су-рет-ші-лер, пор-третт-ер.

4. Де-ма-лыс, қо-ры-тын-ды, ден-саул-ық.

● Қатарлардан қате буынға бөлінген сөздерді тап.

4. Мәтінді оқы.

Ғылыми **әдістердің** күн санап жетіле түсуіне қарамастан, ұйқы – әлі күнге толық **зерттелмеген** адамның ерекше жағдайы. Бір қарағанда, тәуліктің үштен бір бөлігін ешқандай пайдалы іспен **айналыспай** ұйқымен өткізу, эволюциялық тұрғыда алып қараған күннің өзінде – тиімсіз. Оның үстіне кез келген тірі жан ұйқы кезінде **әлсіз** болады. Адам ұйқысыз бір апта өмір сүре алады. Ал одан кейін есінен айырылады.

- Көшіріп жаз.
- Қарамен жазылған сөздерді буынға бөліп жаз.

5. Мәтіндерді оқы.

1. Ғалымдардың денсаулықты **дұрыс** сақтау үшін жеті немесе сегіз **сағаттық** ұйқы керек дейтіндері тегін емес. Ұйқы тапшылығы кезінде жүрек-қан **тамыры**, эндокриндік, иммундық, жүйке және тағы басқа жүйелер зардап шегеді. Сондықтан да олар **ауруға** жылдам шалдығады.

2. Нейрофизиология тұрғысынан алып қарайтын болсақ, көрген түстің астарынан «құпия мән» іздеудің қажеті жоқ. Олар адамның жалпы эмоционалды жағдайының көрінісі. Ал ол әрқайсымыздың қандай да бір уақыт **аралығында** алған бірегей тәжірибемізге байланысты толысады. Сондықтан да ешбір түс жоритын кітап көмектесе алмайды.

(«OYLA» ғылыми-көпшілік журналынан.)

- Буын түрлерін есіңе түсір.
- Қарамен жазылған сөздерді буынға бөл, түрлерін ажырат.

6. Мақалдарды көшіріп жаз.

1. Денсаулық – зор байлық.
2. Бірінші байлық – денсаулық,
Екінші байлық – он саулық,
Үшінші байлық – ақ жаулық.

- Бір буынды, екі буынды, үш буынды сөздерді теріп жаз.

Бір сөз ішіндегі дауысты дыбыстардың не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып үйлесіп келуін **буын үндестігі** деп атайды.

Буын үндестігі бойынша қосымша сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай үндесіп жалғанады.

Мысалы: ауа-ға, күн-нің, ай-ға, жер-ге.

7. Сөздерді оқы.

Отан, адам, шөп, табиғат, көл, су, аспан, теңіз, жапырақ, торғай, тоқылдақ, кірпі, жапалақ, тіс, көкек, тасбақа.

● Берілген сөздерге қосымша жалғап жаз.

● Жуан айтылатын сөздерді бір бөлек, жіңішке айтылатын сөздерді бір бөлек жаз.

8. Оқы.

1. Құс... ең қырағысы – сұңқар. 2. Күн көзі... тура қарай алатын құс – бүркіт. 3. Қарлығаш ұсақ жәндіктерді ұшып жүріп әуе... аулайды. 4. Пингвин – ең жүз... құс.

● Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қой.

● Сөйлемдерді көшіріп жаз.

9. Жаңылтпашты жатқа жаз.

Ұқыпты бала – **кітапты** түптеп тастады.

Ұқыпсыз бала – **кітапты** бүктеп тастады,

Жұмысын басқаға жүктеп тастады.

● Қарамен жазылған сөздердің қосымшасын анықта.

10. Мақалдарды оқы.

1. Кітап – асыл қазына.

2. Ақыл азбайды, білім тозбайды.

● Асты сызылған сөздерге дыбыстық талдау жаса.

Еске түсір!

Үндестік заңына сай қазақ тілінің байырғы сөздері не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болады. *Мысалы:* құс, елік т.б.

Жуан, жіңішке дауысты дыбыстар мынадай сөздерде араласып келеді. *Мысалы:* 1) басқа тілден енген сөздерде: кітап, қазір, математика т.б.; 2) біріккен сөздер мен қос сөздерде. *Мысалы:* баспасөз, Алакөл, аман-есен, асты-үсті т.б.

11. Сөздерді оқы.

Ақбөкен, айлакер, әсемпаз, **өнерпаз**, арбакеш, әуесқой, көкжал, сезімтал, **еңбекқор**.

- Қарамен жазылған сөздердің жазылуын есте сақта.
- Қарамен жазылған сөздерді қатыстырып сөйлем құра.

12. Мәтінді түсініп оқы.

Көше бойымен адамдар: жастар, кәрілер келе жатыр. Олар жұмыстан қайтып келеді. Сен олардың біреуін тоқтатып сұрашы: «Сен кімсің?» – деп. Мұғаліммін, дәрігермін, суретшімін немесе сатушымын, – деп жауап береді.

Ал сен бар-жоғы Асансың – атаңның немересісің. Бірақ бұл әзірше ғана. Біраз уақыт өткен соң, сен де не баспагер, не инженер, әйтеуір бір мамандық иесі болып шығасың.

Сен кім боласың? Таңда, ойлан, дұрыс шешім қабылда.

- Бірыңғай жуан, бірыңғай жіңішке және аралас буынды сөздерді үш бағанға бөлек-бөлек жаз.

13. Жұмбақты оқы, шешуін тап.

Білімнің жолбасшысы,
Шәкірттің қолбасшысы.

- Қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына талда.

Нәтиже сабақ

1. Төмендегі сөздерді оқып, мағыналарын анықта.

Абырой, әдемі, боран, әшекей, бесік, аялдама, бейбіт, балалық, дастарқан, егін, жеміс, жомарт, зергер, итбалық, кеме, инелік, көзілдірік, қайнар, күнделік, мерген, серік, толқын, хабар, үйрек, ыдыс, ішік, шырша.

Үлгі: Жуан буынды сөздер: болат,

Жіңішке буынды сөздер: ілгек,

● Үлгі бойынша жуан сөздерді бір бөлек, жіңішке сөздерді бір бөлек көшіріп жаз.

2. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Біреудің қатесі – біреуге сабақ

Жолдастан жолдас сұрайды,

Сұрайды әлде сынайды:

– Көз ашпай қойдым қатеден,

Жүргенім ылғи мен лағып.

Тартсаң тура төтемен,

Баспайсың жаза сен неғып?!

– Қатесін көріп басқаның,

Ол жаққа аяқ баспадым.

(М. Өлімбаев)

● Қарамен жазылған сөздердің мағынасын анықтап, қандай дыбыстардан жасалып тұрғанын айт.

3. Төмендегі сөздерді салыстырып оқы.

Құндыз – күндіз

Тау – дәу

От – өт

Қыр – кір

Кел – көл

Ал – әл

● Қандай дыбыстар өзгерген?

● Осы сөздерді қатыстырып, сөйлемдер құрастыр.

4. Сөздерді оқы

Жуа, суат, кебу, булану, жуынды, кіру, куәлік, даярлану, жазушы, өндіру, теруші, қоюлану, өсіру, қуаныш, жабу, тігу, қазу, уақыт, уылдырық.

● Сөздердің қайсысында **у** дыбысы жуан, қайсысында жіңішке екенін айт.

● 2-3 сөзбен сөйлем құрастыр.

5. Мәтінді оқы.

Саятшылық – өнер

Саятшылық өнері бар адамды құсбегі деп атайды. Құсбегі бүркітті балапан кезінен қолда ұстап, оны баптауға өлшеусіз еңбек сіңіреді. Мысалы: алғаш оны «қолбалапан» деп атайды. Оны иесі ғана тамақтандырады, тұғырға отырғызады, томаға кигізеді, сылап-сипайды, қолға алады. Иесінің иісі балапанға сіңеді. Осылай қолбалапан қолға үйренеді. Оны аңға үйретерде түлкінің құйрығын сүйреп, қуғызып ұстатады. Одан кейін қоянға салады. Осының бәрін үйренген қолбалапан есейе келе қыран бүркіт боп шығады.

(«Айгөлек» журналынан.)

● Бірінші екі сөйлемдегі бірыңғай жуан, бірыңғай жіңішке сөздерді бөлек-бөлек теріп жаз.

6. Мәтінді оқы.

Қожанасыр деген кім?

Араб, парсы, түрік, қытай және Орта Азия (соның ішінде қазақ) әдебиетінде Қожанасыр айтқан қысқа қалжың әңгімелер бар. Бұл әңгімелерде Қожанасыр қу, өткір тілді өзілқой адам бейнесінде көрінеді. Қожанасыр қоғамдағы түрлі келеңсіздікті әшкере етіп, өскелең ұрпақты жақсылыққа баулыған. Әдебиетімізде Қожанасырға ұқсас Алдар Көсе бейнесі де бар.

(«Балалар әлемі» журналынан.)

● Ұяң дауыссыздарды тап.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨРІКТІ ЖЕРЛЕР

Сөз. Сөз құрамы

Табиғат пен қоғамда алуан түрлі заттар мен құбылыстар бар. Сол заттар мен құбылыстар жайында адам санасында ұғым пайда болады. Ұғым тілде сөз арқылы аталады. Белгілі бір ұғымға берілген атауды **сөз** дейміз.

Сөз белгілі мағынада айтылады. *Мысалы:* алма, өрік, балық, тас, темір, өмір.

1. Мәтінді оқы.

«Әнші құм» – Жетісу облысындағы ... төбе. Оның биіктігі 150 метр, ұзындығы 8 км, ал ені 3 км болады. Жел соғып тұрған кезде ұсақ қиыршықтар елеуіштерден себелеген ... сияқты қыраттармен сусып, төмен түседі. Осы кезде әуезді ... шығады. Жел қаттайған кезде жіңішке дыбыс реактивті ұшақтың шуына ұқсап кетеді. Адамдар осы ғажайып дыбыстарды есту үшін мұнда арнайы келеді. Осындай ғажайып «әнші» құм басқа бір де бір елдің табиғатында кездеспейді.



● Мәтінге ат қой.

● Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып, көшіріп жаз.

Керекті сөздер: дыбыс, тау, ұн.

● 2. Сөз жұптарын оқы, салыстыр.

Тау – тас – таң – тақ

3. Сөздерді оқы.

Шаһар, аймақ, **қорық**, саябақ, өсімдіктер, жануарлар.

● Берілген сөздерден сөйлем құрастыр.

● Қарамен жазылған сөздің мағынасын түсіндір.

4. Сөйлемдерді оқы.

1. Наурызым ауданындағы далалы жерде орналасқан қорық қ...рағай орманы мен кішкентай көлдерді (Наурызым мен Торғай) қорғау және күзету мақсатында жасалған. Бұл жерді т...биғи мұражай деп атауға болады. 2. Қ...рықтың жануарлары мен қ...старының бәрі мемлекет қорғауында болады. 3. Еліміздегі ең терең көл болып табылатын Алак...лдің әсем табиғаты да қорықтың құрамына кіреді.

● Тиісті әріптерді қойып, көшіріп жаз.

● 5. Көп нүктенің орнына сәйкес сөзді қойып өлең құрастырып жаз.

... бала әрқашан,
Қуантады
Балақай деп анасы
... баласын.

● Өлеңдегі түбірлес сөздерді тауып, мағынасын түсіндір.

6. Мәтінді оқы.

Үстірт қорығы

Қорық Үстірт пен Маңғыстау шөлдерінің табиғатын қорғау және күзету үшін құрылған. Қорық ауданы үлкен шөлді жерді алып тұр. Мұнда арқарлар, жайрандар, қарақал (мысықтөк-тес сүтқоректі аң) сияқты сирек кездесетін аңдар мекендейді. Құстардан – сұңқар, қоқиқаз, аққу мекендейді.

● Көпше түрде тұрған сөздерді теріп жаз.

● 7. Қазақстан қорықтарын жалғастырып жаз.

Қазақстан қорықтары: Ақсу Жабағылы, Наурызым,

● Үлгі бойынша Қазақстан қорықтарының орналасқан аймақтарын жаз.

Үлгі: Ақсу Жабағылы қорығы – Жамбыл облысы, Түркістан облысы.

Сөз түрлі бөлшектерден құралады. Ол бөлшектер **сөз құрамы** деп аталады. Сөз құрамындағы әр бөлшектің езіне лайықты мағынасы мен қызметі бар.

Мысалы: **оқу-шы-лар-ды**. Бұл сөз төрт бөлшектен құралған.


Оқу – негізгі түбір,

-шы – жұрнақ (оқушы – туынды түбір),

-лар – көптік жалғауы,

-ды – септік жалғауы.

Сөзге негіз болатын осындай түпкі бөлшек **түбір** деп (оқу) аталады. Ал оған қосылатын **-шы (оқушы), -лар (оқушылар), -ды (оқушыларды)** бөлшектері **қосымша** деп аталады.

Түбір – 

Қосымша –

Жұрнақ – 

Жалғау – 

8. Сөздерді оқы.

Бас, мал, домбыра, ойын, балық, дос, қала, біл, ас, ойыншық, сәулетші, білімпаз, тілші, аспаз, әсемпаз, жақсылық, жігерлі, қайратты, ойшыл, спортшы, тыныштық, өнерпаз, емхана, асхана, ақылды, суретші, ізденімпаз, жұмысшы, білгір, тігінші, тәрбиелі.

● Үлгі бойынша түрлендіріп жаз.

Үлгі: басшы, бастық, басшылық, басқыш.

9. Сөздерді көшіріп жаз.

Әнші, оқушы, аңшы, балықшы, білгіш, достық, балалық, үйшік, жаушы, сызғыш, көргіш, тапқыш, жазушы, қойшы.

● Түбір мен қосымшаны шартты белгілермен ажырат.

10. Мәтінді оқы.

Тырналар

Айна көлдері жарқырап, өне, туған жері төменде қалып барады... Тырналар қанаттарын ауыр қағады. Бәйкен шал ынтыға қарап тұр. Екі көзі жасаурап, тебіреніп кетті.

Алдыңғы тырна сапарлас достарына бұрылып:

«Бауырларым, көне, туған жер үстін бір айналып, биікке ұшалық! Адамдар бізді биіктен көріп қуансын!» – дегендей тыраулап ұзай берді.

Бәйкен шал кетіп бара жатқан тырналар тізбегінің соңынан көз алмай ұзақ қарап тұрды да, мұңая күрсінді.

– Дариға-ай! Сендер де кетіп барасыңдар! Баянсыз уақыт белгісіндей көрінесіңдер, тырналар!

Шал баяу басып, үйіне қарай беттеді.

● Мәтіннен тырналардың «сөзін» тауып көшіріп жаз. Сөйлем соңына леп белгісінің қойылу себебін түсіндір.

● Бастапқы екі сөйлемді бөлшектерге бөл, шартты белгілермен белгіле.

11. Сөздерді оқы.

Өнер, ақыл, дала, бала, тату, үлгі, тәртіп, таза, оқу.

● Берілген сөздерді қатыстырып сөйлем құра.

Үлгі: Өнерлі жігіт өрге озар.

12. Сөздерді оқы.

Күзетшілік, адамшылық, сәнқой, аспаз, бақташы, білімпаз, бастық, басшы, ақылды, білгіш, сулық, ақтау, ынталы, жүгіргіш, балықшы, жазушы, күзем, белдік, сенімді, әсерлі, ойлы, білімді, еңбекші, еңбекқор, ізденгіш, айлакер, дәріхана, ізетті, жазушы, тазалық, даналық, бірлік, татулық.

● Олардың құрамын ажырат, шартты белгімен белгіле.

Дара және күрделі сөздер. Біріккен сөздер

Сөздер құрамы жағынан дара және күрделі сөздер болып екіге бөлінеді. Бір ғана түбірден тұратын негізгі және туынды түбір сөзді **дара сөз** дейді. *Мысалы:* ана, әке, жолдас, ауыл, достық, қалашық сияқты сөздер дара сөз болып есептеледі. Себебі, бұл сөздер бір ғана негізгі (ана, әке, ауыл) немесе туынды түбірден (жол-дас, жол – түбірі, -дас – жұрнақ, қала-шық, қала – түбірі, -шық – жұрнақ, дос-тық, дос – түбірі, -тық – жұрнақ).

1. Мәтінді оқы.

Бурабайдың қайыңы мен қарағайының ортасында бір жартас бар. Жартасқа әр жақтан көз салғанда көптеген ғажаптық, сиқырлы белгілер көруге болады. Бір жағынан жартас қайыққа ұқсаса, келесі жағынан – шашын жайған қызға ұқсайды. Сондықтан да халық оны Жұмбақтас деп атап кеткен.



Ертеде бір бай болыпты. Оның көп ұлы және әдемі, ақылды, еңбекқор жалғыз қызы болыпты. Бірде ауылға жас, сұлу, дарынды әнші келіпті. Қызды көрген ол, құлай ғашық болыпты. Байдың қызын бермесін біліп, қос ғашық күміс көлге қашады.

- Біріккен сөздерді теріп жаз.
- Туынды сөздерге мысал келтір. Оларды сөз құрамына талда.
- «Жұмбақтас» аңызын жалғастырып айтып бер.

2. Мәтінді түсініп оқы.

Жұмбақтас

Бурабай көлі. Жағасында – Оқжетпес. **Табиғаты** ғажайып. Қарасаң, әдемілігіне көзің тоймайды. Ну ормандары қандай! Алуан түрлі аң-құсы, **биші қайыңдары**, тұп-тұнық таза ауасы неге тұрады? Алыстан айнадай жарқырап Бурабай көлі жатыр. **Көлдің** дәл үстінде тұрған жартастың Жұмбақтас деп аталуының өзіндік сыры бар. Алыс жақтан бір жағынан қарасаң, шашы, орамалы самал желге желбіреген сұлу қыздың **бейнесі** тұрады. Жақынырақ келіп қарасаң, көзі шүңірек жалмауыз бейнесі тұрады. **Орманның** шуылы, бұлақтың **қоңыраудай** сылдыраған үні – бәрі жан дүниені беймәлім сезім күйге бөлейді.

(«Ұлан» газетінен.)

● Қарамен берілген сөздерді сөз құрамына талда.

● 3. Нақыл сөздерді жалғастырып, көшіріп жаз.

1. Ер елімен жақсы,
2. Тау кезеңсіз болмас,
3. Өзен бойы тұрғанда,
4. Көлдің көркі – құрақ,
5. Тау бұлағымен көрікті,

Керекті сөз тіркестері: жер кенімен жақсы, өлке өзенсіз болмас, өзге жерге қонбаңыз, таудың көркі – бұлақ, бұлақ құрағымен көрікті.

4. Өлеңді оқы.

Жасыбай көлі

Баянтауда киелі көл – Жасыбай,
Мөлдірлігі періштенің көз жасындай.
Қара қарға сүңгіп шықса суына,
Ұқсай қалар қырдың аппақ қуына.

(М. Әлімбаев)

● Дара сөздерді теріп жаз.

Екі немесе одан да көп түбірден құралған сөзді күрделі сөз дейді. *Мысалы:* әке-шеше, тума-туыс, шұбар ала, он бес, бірқазан сияқты сөздер **күрделі сөздер** болып табылады. Себебі, бұлар кемінде екі түбірден құралған: әке-шеше (әке және шеше), тума-туыс (тума және туыс), шұбар ала (шұбар және ала), бірқазан (бір және қазан).

Күрделі сөздерге біріккен сөздер (аққу, Жезқазған, кемпірқосақ), қос сөздер (үлкен-кіші, ата-ана, бала-шаға), қысқарған сөздер (ТМД, ҚР, пединститут), тіркес сөздер (ақ құба, сары ала) жатады.

● 5. Сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Менің апам Ақтөбе қаласында тұрады. 2. Ботагөз әжесіне көмектесті. 3. Тоғайда итмұрын, итжуа өсімдіктері өседі. 4. ҚР халықтары тату-тәтті өмір сүреді. 5. Алматының әке-шешесі шипажайға емделуге барды. 6. Біз жиырма сегіз панфиловшылар ескерткішіне гүлшоқтар қойдық.

● Күрделі сөздерді тауып, астын сыз.

● 6. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қой, көшіріп жаз.

1. Мен ... сатып алдым. 2. Сайра ... кілемді тазалады. 3. Көлде қос ... жүзіп жүр. 4. Біздің үйге ... қыдырып келді. 5. Далада жапалақтап ... жауып тұр. 6. Біз ... ауылынан алыс тұрамыз. 7. Бала ... жем шашты.

Керекті сөздер: аққу, шаңсорғышпен, қар, балмұздақ, Қарасу, торғайға, ағайын-тума.

● 7. Мақалды көшіріп жаз. Мағынасын түсіндір.

Батыр – елдің сәулеті,
Балқұрақ – көлдің сәулеті.

8. Сөздерді оқы.

Аспан, аспаз, жатақхана, қарақұс, тума-туыс, әке, басшы, аға-жеңге, отыз бес, кітап, еңбек, Алатау, ҚР, педколледж, күн, бозторғай, достық, БҰҰ, сынып, өзен, жолаушы, ұшақ, мақта, мединститут, Талдықорған, бірқазан, ақ сары, жиырма бес, жеті.

● Дара сөздер мен күрделі сөздерді ажыратып жаз.

9. Мәтінді оқы.

Оқжетпес

Көкшетау маңайында биік тау бар. Жерден атылған жебе тау шыңына жетпейді, сондықтан бұл тау «Оқжетпес» аталған. Тау жайлы тағы да мынадай аңыз бар. Бұрынғы бір заманда Көкшетау жерінде бір бала дүниеге келіпті. Ол мықты, батыл, ержүрек, құрдастарынан көш ілгері болыпты. Балақанның ірілігі соншалықты, оны бірде бір ат немесе түйе шыдап көтере алмапты. Сондықтан да ол пілге мініп жүреді екен. Ол кезде қазақ жерін жаулауға құмар дұшпандар да көп болыпты. Бозбала келген барлық жауға тойтарыс беріпті. Бір күні шайқастан кейін демалып жатқан батырды жау әскері қоршап алады. Қатты жараланған бозбала Алладан жауға жем қылғанша, қара тасқа айналдыр деп жалбарына сұрапты. Сол сәтте ол биік тауға – Оқжетпеске айналыпты.

● Күрделі сөздерді тауып, көшіріп жаз.

● Синоним сөздердің анықтамасын есіңе түсіріп, мәтіннен **батыр** сөзіне синоним сөздерді тауып, астың сыз.

● 10. Мақалдарды көшіріп жаз.

1. Туған жер – алтын бесік.
2. Туған жерге туың тік.
3. Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас.

Екі я одан да көп түбірден бірігіп, тұтас бір ұғымды білдіретін күрделі сөздер **біріккен сөздер** деп аталады. *Мысалы:* белбеу, өнеркәсіп, алабота, алтыбақан деген сөздер екі сөзден құралып (бел және бау, өнер және кәсіп, ала және бота, алты және бақан), бір ұғымның ғана атауы болып тұр.

Біріккен сөздерге көбіне мынадай атаулар жатады:

Жануарлар, өсімдік атаулары: **қосаяқ, тасбақа, жолбарыс, қарақұрт, бәйтерек т.б.**

Географиялық атаулар (жер, су, планета аттары): **Темірқазық, Ақбозат, Сарысу, Ақтөбе т.б.**

Кісі аттары: **Аманжол, Мұхаметжан, Ерасыл т.б.**

Ойын атаулары: **алтыбақан, ақсүйек, доптаяқ т.б.**

Ән, күй, өлең атаулары: **Сарыжайлау, Сарыарқа, Қараторғай, Кісенашқан, Сегізаяқ т.б.**

Қоғамдық өмірге, тұрмысқа байланысты әртүрлі атаулар: **баспасөз, кәсіпорын, шегара, еңбеккүн, ақсақал т.б.**

Мезгілге байланысты атаулар: **биыл, бүгін, қыстыгүні, жазғытұрым т.б.**

11. Сөздерді оқы.

Қаптесер, Темірқазық, Сейсенбай, күркетауық, Қолғанат, Айнұр, Ақбозат, Құлагер, Сатыбалды, Жанбота, Жансүгір, соқырішек, Омарханұлы, Сәтбайқызы, Айтқали, ақсүйек, Сарыжайлау, Әулиеата.

● Берілген сөздердің қандай түбірлерден біріккенін көрсет.

Үлгі: Қаптесер – қап және тесер.

12. Сөздерді оқы.

Көкшетау, алтыбақан, қосаяқ, белбеу, желмая, Тайбурыл, Қандыағаш, Нүргелді, Екібастұз.

● Берілген сөздермен сөйлем құрап айт.

● Берілген сөздермен сөйлем құрап жаз.

Қос сөздер

Кейбір сөздер екі сөздің қосарлануы арқылы жасалады. Оларды **қос сөздер** дейміз. Жазуда қос сөздің арасына дефис (-) қойылады. *Мысалы:* ата-баба, әке-шеше, бала-шаға, үлкен-кіші, қора-қора, күндіз-түні, топ-топ.

● 1. Қатар берілген сөйлемдердегі қарамен жазылған сөздерді салыстырып, мағыналарына назар аудар.

1. Қараойдың күнгейінде қыстыгүні **қора-қора** қой бағылады.

1. Қараойдың күнгейінде қыстыгүні **бірнеше қора** қой бағылады.

2. Досжан коньки тебуге **бүгін-ертең** бара алмайтынын айтты.

2. Досжан коньки тебуге **бүгін де, ертең де** бара алмайтынын айтты.

3. Сәуле **үлкен-кішіге** бірдей сүйкімді болып өсіп келеді.

3. Сәуле **үлкенге де, кішіге де** бірдей сүйкімді болып өсіп келеді.

4. **Әке-шешем** сізге сәлем айтты.

4. **Әкем мен шешем** сізге сәлем айтты.

● 2. Төмендегі сөздерден қос сөз жасап, оларды дефис арқылы көшіріп жаз.

Әке, бүгін, үлкен, күндіз, ата, топ, жарқ, көре, сөйлей, қора, жоғары, күтір, алыс, тырс, өркеш, жылы, гүрс, ар, өнер, киім, жеңіл, құрал, үйрек.

● *Үлгі:* әке-шеше,

3. Сөздерді және сөз тіркестерін оқы.

Туған өлке. Таулы жер. Хош иісті гүлдер. Өзен. Жазғы демалыс. Дала. Отан. Ағаш. Жасыл.

● Сөздерді және сөз тіркестерін пайдаланып, мәтін құрастыр.

Кейбір **қос сөздер** бір сөздің қайталануы арқылы жасалады. *Мысалы:* қора-қора, мая-мая, топ-топ, төбе-төбе, жылы-жылы, гүрс-гүрс, төгіп-төгіп, тез-тез, будақ-будақ.

- 4. Мәтінді оқып, қос сөздерді тап.

Күн райы бұзылайын деді. Мектептен қайтқан Досбол аяғын тез-тез басып келеді. Аспанда өркеш-өркеш бұлттар жөңкіп көше бастады. Көкжиекте әлсін-әлсін найзағай жарқылдады. Бір кезде аспан жарқ-жұрқ етті. Ірі тамшылар жерге тырс-тырс тама бастады. Аспан тағы бір шатырлап, жаңбыр төгіп-төгіп жіберді. Досбол дәу қараағаштың қуысына кіріп кетті.

(Ұ. Әбілдаұлы)

- Олардың қалай жасалғанын айт.

- 5. Сөйлемдерді оқы.

1. Жүз метрге жүгіру жарысында әр сынып бес-бестен бала шығаратын болды. 2. Мектепте он-он баладан оқушылар бригадалары құрылды. 3. Жұлдызшада бес-бестен шәкірт бар. 4. Мұғалім оқушыларды екі-екіден партаға отырғызды. 5. Әр балаға үш-үштен жұмбақ тауып келу тапсырылды.

- Қос сөздердің қандай сөз табынан қайталанып жасалғанын түсіндір.

- Қос сөздерді теріп жазып, сөз құрамына талда.

- 6. Қос сөздерді көшіріп жаз, жазылуын еске сақта.

Ата-ана, әке-шеше, тума-туыс, апа-сіңлі, аға-іні, құда-жегжат, жолдас-жора, аға-жеңге, апа-жезде, нағашы-жиен, абысын-ажын, ағайын-туыс, бала-шаға, көрші-қолаң, үлкен-кіші, алыс-беріс, кіріс-шығыс.

7. Мәтінді оқы.

Маңғыстау



Маңғыстаудың батысында Үстірт қыратты жазық орналасқан. Бұл жерде аласа жондар және оларды бір-бірінен бөліп жатқан ойыс, ойпаттар кездеседі. Мысалы, Қарақия ойысы теңіз деңгейінен 132 метр **төмен** жатыр. Көлемі тұтас бір теңіздей

ойпаттарды, түпсіз **терең** шұңқырларды, үңгірлерді, ақбасты **тау** шыңдарын, гүрілдеген сарқырамаларды, шетіне көз жетпес көлдерді басқа жерлерден кездестіру қиын. Осының бәрі біздің еліміздің ғажайып табиғи байлығы болып табылады.

- Мәтіннен Үстірттің сипаттамасын тауып, көшіріп жаз.
- Қарамен жазылған сөздермен қайталама қос сөздер жаса.

8. Мәтінді оқып, қос сөздерді тап.

Осынау мөп-мөлдір болып жататын әдемі көлдің Айнакөл аталуы тегін емес. Оның тап-таза тұнық суы күнге шағылысып, айнадай жалтырайды. Түбіндегі алтындай сап-сары құмы мен мап-майда малта тастары ап-анық көрініп жатады. Айнала қоршаған найзадай тіп-тік қамыстар жел лебінен судыр-судыр етеді.

● Қос сөздерді теріп жаз, бірінші сыңарларының тұлғасына назар аудар.

- Қос сөздің бір сыңарын алып тастап айтып көр.

● 9. Сөйлемдерді оқып, қос сөздерді тап.

1. Терлей терлей арық қазсаң, күле күле су ішерсің. 2. Асқар асқар тауларда жалғыз арқар өмір сүріпті. 3. Жас қозылардың жып жылы тұмсықтары Айгүлдің қолын иіскелейді. Жыбыр жыбыр еткен жас еріндерін жаланып қояды. 4. Жылы жылы жел соқты, жылғалардан су ақты.

- Қос сөздердің арасына қажетті тыныс белгісін қойып, көшіріп жаз.

Кейбір **қос сөздер** екі түрлі сөздің қосарлануы арқылы да жасалады. *Мысалы:* ар-ұят, екеу-үшеу, жоғары-төмен, қалт-құлт, азық-түлік, өнер-білім, құлын-тай.

● 10. Мәтінді оқы.

Ұйқыдан тұрған адамдай мең-зең болған Ақылбайдың құлағына сыбыр-сыбыр дыбыс естілді. Ол тұра сала, жан-жағына сезіктене көз салды. Сұлап-сұлап жығылып жатқан ұзын-ұзын қарағайларды көрді. Оқшау өскен зәулім үйеңкінің басында жалғыз аққұтан отыр. Ол адамнан жасқанып ұшып кетпеді, керісінше, көзі жасаурап, көмек сұрағандай жалтақ-жалтақ қарай береді. Оның балапандары шыр-шыр етеді. Олар тамақ сұрап жатқанға ұқсайды, ұшайын десе шама жоқ. Аппақ қардай ақ қанатының бірі қып-қызыл.

● Қос сөздерді теріп жаз.

● Қос сөздердің қалай жасалып тұрғанын түсіндір.

● 11. Өлеңді түсініп, мәнерлеп оқы, қос сөздердің қалай жасалғанын айт.

Өнер-білім бар жұрттар,
Тастан сарай салғызды.
Айшылық алыс жерлерден,
Көзіңді ашып-жұмғанша
Жылдам хабар алғызды.

(Ы. Алтынсарин)

12. Сөздерді оқы.

Жұмысшылар, ата-ана, балалармен, **балалық**, бала-шаға, **достық**, білім, қора-қора, жазушы, суреттерін, күркешік, **тазалық**, киім-кешек, құлақшын, орақшыға.

● Қос сөздерді теріп жаз.

● Қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына талда.

Қысқарған сөздер

Кейбір күрделі атаулар, мемлекет, мекеме, ұйым аттары бірнеше сөздің тіркесінен құралып, кейде қысқартылып та қолданыла береді. *Мысалы:* Қазақстан Республикасы – ҚР, Біріккен Ұлттар Ұйымы – БҰҰ, Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті – БҚМУ болып қысқарады. Күрделі атаулардың ауызша, жазбаша ықшамдалып алынған түрін **қысқарған сөздер** дейді. Қысқарған сөздер күрделі сөздер тобына жатады.

● 1. Төмендегі күрделі атаулардың мағыналарын айқындап, олардан қысқарған сөздер жаса.

1. Қазақстан Республикасы. 2. Америка Құрама Штаттары. 3. Қытай Халық Республикасы. 4. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы. 5. Қазақ мемлекеттік педагогикалық университеті.

● 2. Төмендегі қысқарған сөздердің толық мәнін біліп, есте сақта.

БҚМУ (Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті). БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы). ҚР ҰҒА (Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы). БАҚ (Бұқаралық Ақпарат Құралдары). АҚШ (Америка Құрама Штаттары). КХДР (Корей Халық Демократиялық Республикасы). ҚШТЖ (Қытай Шығыс темір жолы).

● Қысқарған түріне қосымша жалғап, үш сөйлем құрастыр.

● 3. Қысқарған сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастыр.

ӘТБ (әлеуметтік тұрмыстық бағдар), МАИ (Мемлекеттік автомобиль инспекциясы), АҚШ (Америка Құрама Штаттары), ЖСН (Жеке сәйкестендіру нөмірі).

Қысқарған сөздер құрамындағы сөздердің өзара ықшамдалуына қарай әртүрлі жолдармен жасалады:

1. Қысқарған сөздер құрамындағы күрделі сөздердің басты әріптерінен құралады. *Мысалы:* ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы.

2. Қысқарған сөздер алғашқы сөздердің басқы буынынан соңғы сөздердің басқы әріптерінен құралады. *Мысалы:* ҚазМҰУ (Қазақ Мемлекеттік Ұлттық Университеті) және т.б.

3. Қысқарған сөздер күрделі сөздердің басқы буындарынан құралады. *Мысалы:* Қазтелеком – Қазақ телеграф коммуникациясы және т.б.

4. Қысқарған сөздер құрамындағы алғашқы сөздің басқы буыны мен сөз тұтас алынып құралады. *Мысалы:* медколледж (медициналық колледжі) және т.б.

Жоғарыда айтылған қысқарған сөздерден басқа ТУ-154, ИЛ-40, ДТ-54 тәрізді атаулармен аталатын ұшақ, мәшине, трактор маркаларын білдіретін шартты белгілер де қысқарған сөздер қатарына жатады. Сол сияқты см (сантиметр), мм (миллиметр), км (километр), кв (киловатт) деген белгілер де қысқарған сөздер тобына жатады.

4. Сөздерді оқы.

1. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы.
2. Біріккен Ұлттар Ұйымы.
3. Қазақ мемлекеттік педагогикалық университеті.
4. Қытай Халық Республикасы.
5. Қазақстан Республикасы.
6. Әлеуметтік тұрмыстық бағдар.
7. Ұлттық бірыңғай тестілеу.
8. Ұлттық ғылым академиясы.
9. Көңілді тапқырлар клубы.

- Күрделі атаулардың мағыналарын айқында.
- Үлгі бойынша олардан қысқарған сөздер жаса.

● 5. Қысқарған сөздерге қосымша жалғап, сөз тіркесі мен сөйлемдер құрастыр.

Үлгі: Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның (Ұлттық ғылым академиясы) жылдық жалпы жиналысы болады.

ҚР ҰҒА, Газ-69, БХР, БҰҰ, ИЛ-62, мм, км, пединститут, медколледж.

6. Мәтінді оқы.

Республикамыздағы әуе жолы қатынасында ең бірінші **ИЛ-12, ИЛ-14, АН-2** ұшақтары, **МИ-4, КА-15** тік ұшақтары, 1958 жылдан бастап **ИЛ-18, Ан-24**, 70-жылдары **ИЛ-62, ТУ-134, ТУ-154, ЯК-40** ұшақтары пайдаланыла бастады. 1985 жылдан бері Қазақстан ұшқыштары **ИЛ-86** аэробустарымен ұшып, жолаушылар тасуда.

● Көшіріп жаз.

● Қарамен жазылған сөздердің мағыналарын, құрамын анықтап, олардың емлесіне көңіл аудар.

● 7. Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Аэроклубтың екі жылдық курсына тауысып, алғаш рет ұшаққа отырдым. Қазір авиаклубта жастарға ұстаздық етемін.

● Қысқарған сөзді тауып, астын сыз. Жасалу жолын түсіндір.

8. Сөйлемдерді оқы.

1. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы достық және ынтымақтастық туралы шарт жасалды. 2. Ажар биыл Тараз Мемлекеттік педагогикалық университетіне оқуға түсуге дайындалып жүр. 3. Ресей Федерациясы ядролық сынаққа біржола тыйым салуды жақтайды. 4. Математика пәнінен үйге сантиметр және дециметрге байланысты мысал есептерді шығарып келуге берді.

● Сөйлем ішіндегі қысқартуға болатын сөздерді қысқартып жаз.

Нәтиже сабақ

1. Мәтінді оқы.

Шайтанкөл

Қарқаралының Бұғылы, Шаңкөз, Қызыларай, Әулие таулары, өзен-көлдері, қарағай-шыршалы ормандары көп. Шайтанкөл көлі Бұғылы тауының биігінде орналасқан. Халық оны «Шайтанкөл» деп бекер атамаған. Көлдің дәл ортасында қара, иірімді толқындар пайда болады. Адамдар бұл көлде жүзуге қорқады. **Жағалаулары** бір-біріне аса қашық болмаса да, қарама-қарсы жағада тұрған адамдар бірін-бірі көре алмайды. Осылайша, көл Шайтанкөл аталып кеткен.

- Қарамен жазылған сөздерге дыбыстық талдау жаса.
- Мәтіннен қос сөздерді теріп жаз.
- Мәтіннен күрделі сөздерді тап.

2. Төмендегі күрделі сөздердің түрін анықта.

Баянауыл, Алатау, Көкшетау, Сарыарқа.

- Қазақстанның төменде берілген әдемі жерлері туралы әңгімеле.

3. Өлеңді оқы.

Қора-қора қой жатыр,
Қарын-қарын май жатыр.

Түйе-түйе жүк жатыр,
Ауыл-ауыл ел жатыр.

(А. Байтұрсынов)

- Күрделі сөздерді тап. Олардың қалай жасалып тұрғанын түсіндір.
- Күрделі сөздің бір сыңарын алып тастап айтып көр.

4. Сөздерді оқы.

Күзетшілік, адамшылық, сәнқой, аспаз, бақташы, білімпаз, беделді, білгіш, сулық, еңбекқор, ынталы, жұмыскер, жазушы, күзем, өнерлі, белдік, сенімді, баспахана, кезекші.

- Үлгіге қарап, берілген сөздерді сөз құрамына талда.

Үлгі: оқушы: оқу – түбір; -шы – жұрнақ.

5. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Кім болам?!

Дән егіп терлейтін,
Екінші болсам ба?
Шаршауды білмейтін,
Тігінші болсам ба?
Ұл-қызға үйретер,
Мұғалім болсам ба?
Кірпішті үй етер,
Құрылысшы болсам ба?
Тәтті нан пісірер,
Наубайшы болсам ба?

Қырандай есіл ер,
Ғарышкер болсам ба?
Шопан ба, кенші ме?
Жоқ, бағбан болсам ба?
Дәрігер, елші ме?
Әлде ұшқыш болсам ба?
Білмеймін әлі мен,
Өскенде кім болам?
Әйтеуір еліме,
Қалаулы ұл болам!

(Е. Сейдахмет)

● Мамандық атауларын теріп жаз. Бір-екі сөзді сөз құрамына талда.

● 6. Дара сөздер мен күрделі сөздерді ажыратып жаз.

Аспан, аспаз, жатақхана, қарақұс, тума-туыс, әке, басшы, аға-жеңге, отыз бес, кітап, еңбек, Алатау, ҚР, педколледж, күн, достық, БҰҰ, сынып, өзен, жолаушы, ұшақ, мақта.

7. Сөздерді жаз.

От, үлкен-үлкен, құрт-құмырсқа, жұмыс, жұмысшы, қызмет, ата-ана, бала-шаға, өте-мөте, қонақүй, асхана, мейрамхана.

Оларды құрамына қарай ажыратып айт.

8. Сөздерді оқы.

Күншығыс, кемпірауыз, Белгібайұлы, Жетіқарақшы, Қызылқұм, баспасөз, жауынқұрт, теледидар, Екібастұз.

● Кейбір сөздердің бас әріптен басталып жазылуын түсіндір.

● Жоғарыдағы сөздер неше түбірден жасалып тұрғанын айт.

● 9. Берілген сөздерді дұрыс байланыстырып, сөйлем құрастырып жаз.

1. Ата-ана, әрдайым, бала, болашағы, ойлау.

2. Қанат, тоғызқұмалақ, ойын, жақсы, білу.

ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР

Көпмағыналы сөздер

Өртүрлі мағыналарды білдіретін сөз **көпмағыналы** деп аталады. Бір емес бірнеше мағынаны білдіретін сөздер тілде кездесе береді. *Мысалы:* ата (зат есім), ата (етістік). Сөздің қолданылу аясының өзгеруі оның мағынасының өзгеруіне әсер етеді.

1. Сөздерді оқы.

Бас – адамның, айуанның, жәндіктің дене мүшесі;

бас – шөптің, ағаштың ең жоғарғы жағы;

бас – таудың төбесі;

бас – өзеннің, бұлақтың басталған жері;

бас – таяқтың ұшы;

бас – балтаның, шоттың шабатын бөлігі.

● Көпмағыналы сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастыр.

● 2. Сөздерді көшіріп жаз, мағыналарын анықта.

Алыс. Сүйкімді. Сұлу. Тартымды. Қашық. Өңді. Тәуір. Алшақ. Келбетті. Жаман. Ұстамды. Нашар. Әдепті. Қара. Байқа. Аңғар. Тәрбиелі. Көргенді. Білімді. Үлкен. Кең.

● Сөздердің мағынасын түсіндір. Синоним сөздерді топтап жаз.

3. Мақалдарды оқы.

Ақылдан жақсы сөз жоқ,

Дос жылатып айтады,

Ашудан жаман қас жоқ.

Дұшпан күлдіртіп айтады.

● Антоним сөздерді тауып, көшіріп жаз.

● 4. Синоним сөздерді топтастыр, әрқайсысымен сөйлем құрастыр.

Селдір, сирек, қыруар, көп, шапшаң, лезде, тез.

Антонимдер

Ақ – қара, ащы – тұщы, жоғары – төмен, көп – аз деген сөздер бір-біріне қарама-қарсы мағынаны білдіреді. Мағыналары қарама-қарсы сөздерді **антонимдер** дейміз.

5. Сөздерді оқы.

Қымбат көлік, ақылды бала, жарқын өмір, жас жігіт, мейірімді дос, кең дәліз, түзу жол, жуас құлын, қысқа жіп, мықты арқан, жазық жер, салқын сусын, жақсы сөз.

● Берілген сөздерге мағынасы қарама-қарсы сөздер тауып жаз.

6. Мәтінді оқы.

Абылай хан

Абылай хан – Қазақ мемлекетінің тарихындағы аса көрнекті мемлекет қайраткері. Ол жас кезінен-ақ ерекше жауынгерлік қасиеттерімен танылады. Жиырма жасында хан сайланған Абылай жарты ғасырға жуық хандықты абыроймен басқарады. Оның көздеген мақсаты мемлекетті нығайту еді.



● Мәтіннің негізгі тақырыбын анықта.

● Мәтін бойынша қарапайым жоспар құра. Жоспардың әр бөліміне тірек сөздер жаз.

● Абылай хан туралы басқа дереккөздерден қосымша мәліметтер ізде.

7. Мәтінді көшіріп жаз.

Қазақтардың ақыл-ой қабілетінің зор екендігіне барған сайын көзім жете түсуде. Қандай әсем сөйлейді! Айтқысы келгеннің бәрін тез түсіндіріп, қарсыласының сөзіне де шебер тойтарыс бере біледі. Тіпті балаларының ақыл-есі де өте тез жетіледі.

(В. В. Радлов)

● Мәтіндегі тірек сөздерді тауып, астын сыз.

● *Әсем, тез, шебер, зор* сөздерінің антонимдерін тауып жаз.

8. Сөз тіркестерін оқы.

Тәтті тоқаш, ұзақ жол, биік ағаш, жылы киім, қалың кітап, жас адам, алыс жол, жуан ағаш, кіші бала, жұмсақ нан, ақылды бала, баяу жүріс.

● Берілген сөз тіркестеріне мағынасы қарама-қарсы сөздер тауып жаз.

● Оларды қатыстырып сөйлем ойластыр.

● 9. Келесі сөздермен сөз тіркестерін ойлап жаз.

Биік – аласа

Басы – етегі

Төмен – жоғары

Қатты – жұмсақ

Аспан – жер

Күшті – әлсіз

Ұзын – қысқа

Алыс – жақын

Жылы – суық

Қара – ақ

10. Мәтінді түсініп оқы.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев

(1912 – 1993)

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев – аса **көрнекті** мемлекет және қоғам қайраткері. Д. Қонаев 1960 – 62 және 1964 – 1986 жылдары Қазақстан коммунистік партиясының Орталық комитетінің бірінші хатшысы болды. Ол Қазақстанның экономикасы мен мәдениетін өркендету жолына өзінің білімін, тәжірибесін жұмсай білді. Осы уақыт ішінде



де Д. А. Қонаев өзінің **үлкен** мәдениеттілігімен, ізеттілігімен танылып, халық дәстүрін **жақсы** білетін, тағылымы **терең**, ой-өрісі **биік** жан екенін көрсетті.

Сұрақтарға жауап бер.

1. Д. А. Қонаев кім?

2. Оның Қазақстанның өркендеуіне қосқан еңбегі қандай?


● Қарамен жазылған сөздерге мағынасы қарама-қарсы сөздер тауып жаз.


Омонимдер

Тілде дыбысталуы бірдей, бірақ мағынасы басқа сөздер бар. *Мысалы: түс мезгілі* дегендегі *түс* сөзі мен *түс көру* дегендегі *түс* сөзі – дыбысталуы жағынан бірдей болғанмен, мағына жағынан бір-біріне ұқсамайды.

Дыбысталуы бірдей, мағынасы басқа сөздерді **омонимдер** дейміз. *Мысалы: жас. Көзімнен жас төгілді. Үйге жас адам кірді.*

1. Сөйлемдерді оқы.

Түс  1. Балалар түс мезгілінде асханаға барды.
2. Қызыл – ең әдемі түс.
3. Мен түс көрдім.

Өкпе  1. Дәрігер өкпе ауруы туралы кеңес берді.
2. Досым маған өкпелеп қалды.

● Көшіріп жаз.

● Құрамындағы омоним сөздердің қайсысы қандай мағынаны білдіретінін айтып бер.

● 2. Мына сөздерді омоним етіп қолданып, бірнеше сөйлем құрастыр.

Жаз, түс, ер, тер, жас, ай, бас, іш.

● 3. Үлгі бойынша *ат* деген сөздің әртүрлі мағынасы бойынша сөйлем құрастыр.

Үлгі:

а) Ара – зат, құрал мағынасында;

ә) ара – жәндік мағынасында;

б) ара – екі орта, аралық мағынасында.

4. Мақалды оқы.

Аттың жақсысын **мақта**, адамның жақсысын жақта.

● Мақалдағы қарамен жазылған сөздің омонимін тап.

5. Мәтінді оқы.

Шоқан Уәлиханов

(1835 – 1865)



Шоқан Уәлиханов – қазақтың ұлы ғалымы, тарихшы, этнограф, географ, фольклорист, ағартушы, демократ. Ш. Уәлиханов әуелі Құсмұрында қазақ мектебінде оқып, арабша **хат** таниды. Дәстүр бойынша «жеті жұрттың тілін білуге» тиісті хан баласы шығыс тілдерінен араб, шағатай **тілдер** жасынан жақсы үйренген, кейінірек Орта Азияның түркі тілдерін меңгерген. 1847 жылы күзде 12 жасар Шоқанды әкесі Омбыға әкеліп, Омбы кадет корпусына оқуға орналастырады.

Петербург университетінің тарих-филология факультетінде лекция тыңдаған.

- Қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына талда.
- Қарамен жазылған сөздердің омонимдерін тап.
- Қазақ халқының даналық сөзін жалғастырып жаз.

Жеті жұрттың тілін біл,

6. Сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Үстелдің үсті дәмге толы екен. Негізгі дәм сезімі төрт түрлі: ащы, тұщы, тәтті, қышқыл болады. 2. Көп ұзамай жаз жетті. Сен Дастанға ертең хат жаз. 3. Жастық пен көрпені төсек үстіне жинады. Жастық шақта білім алғанға не жетсін, – деді әжесі. 4. Желсіз түнде жарық ай, сәулесі суда дірілдеп. Әкесі бір ай курортта болып, жақында ғана келді. 5. Ол егінін арықтан суарады екен. Арық, құп-қу балалардың беттерінде аштық табы бар.

- Асты сызылған сөздердің мағынасын дұрыс түсіндіріп бер.

Синонимдер

Тілде мағыналары бір-біріне жуық, өзара мөндес сөздер бар. *Мысалы:* мұғалім, ұстаз, оқытушы. Сондай-ақ, *уақыт* дегеннің орнына ыңғайына қарай *мезгіл, мерзім* немесе *кез* деген сөздердің біреуін қолданып айта береміз. Бұл сөздердің дыбысталуы әртүрлі, бірақ мағыналары бір-біріне жақын және ұқсас сөздер. Мағыналық жақтан бір-біріне жуық, өзара мөндес сөздерді **синонимдер** дейміз.

● 1. Берілген синоним сөздерді жақша ішіндегі сөздердің лайықтысымен тіркестіріп, сөз тіркесін жасап, көшіріп жаз.

1. Ұқыпты, тыңғылықты, тиянақты (адам, бала, оқушы).
2. Мықты, берік, күшті (ағаш, адам, жылқы). 3. Сирек, селдір (шаш, кездесу). 4. Кәрі, қарт (ешкі, адам). 5. Қызықты, көңілді, думанды (той, ертеңгілік, мейрам).

● 2. Төмендегі синоним сөздерді қатыстырып, сөйлем ойла.

- 1) Қонақ, мейман.
- 2) Ұста, шебер.
- 3) Байтақ, кең, көлемді.
- 4) Барлық, бәрі, түгел.

● Көшіріп жаз.

● 3. Синоним сөздердің қатарын жалғастырып жаз.

1. Сыйлау,
2. Әдемі,
3. Айнала,
4. Шапшаң,
5. Жау,
6. Той,

Үлгі: мықты, берік, күшті.

4. Мәтінді оқы.

Ыбырай Алтынсарин

(1841 – 1889)



Ыбырай Алтынсарин – көрнекті педагог, жазушы, этнограф, фольклоршы. 1860 жылы Ы. Алтынсарин Торғай бекінісіндегі қазақ мектебіне орыс тілінің **мұғалімі** болып тағайындалады.

Ыбырайдың ағартушылық-педагогтік **қызметі** осылай басталады. Тікелей өзінің араласуымен **халықтан жинаған** қаржыға мектеп үйін және интернат салып, 1864 жылы 8 қаңтарда мектептің **жаңа** ғимаратын салтанатты түрде ашты.

- Асты сызылған сөздердің антонимдерін тап.
- Қарамен жазылған сөздердің синонимдерін тауып жаз.

5. Көшіріп жаз.

Сарыарқа – Шоқанның туып-өскен алтын бесігі. Ыбырай Алтынсариннің қазақ **жастарына** арнап мектеп ашып, **білімге** жетелеген өлкесі. Бұл – Ақан серінің, Біржанның, Жаяу Мұсаның, Майраның алуан түрлі әндері тараған **өлке**.

(Н. Баяндин)

- Қарамен жазылған сөздердің синонимдерін тап.
- Мәтінде кімдер туралы айтылған? Мәтінде аталған адамдардың біреуі туралы әңгімелеп бер.

● 6. Синонимдік қатарларды тап.

1. Жұмыс, іскер, шаруа.
2. Еңбекақы, жалақы, айлық.
3. Дүние, әлем, жер.
4. Ауыр, салмақ, жүк.
5. Алтын, күміс, қола.
6. Бет, жүз, дида.

- Синоним сөздермен бірнеше сөйлем құрап айт.

● 7. Берілген синонимдерді жақша ішіндегі тиісті сөзбен тіркестіріп жаз.

Құрметті, сүйікті, қалаулы, қастерлі (Отаным, дос, жер, азамат). Маңызды, мәнді (жұмыс, мәлімет, әңгіме, күш, табыс). Мықты, күшті, берік, жігерлі, мызғымас (ана, сенім, достық, шегара, ел). Әсерлі, тартымды, қызықты, күлкілі (көрініс, сөз, оқиға, сықақ).

● 8. Төмендегі сөздерге антоним сөздерді жаз.

Шын –	Сусыз –
Бұрын –	Ақылды –
Аласа –	Жомарт –

● 9. Үлгі бойынша төмендегі сөздердің омоним түрлеріне сөйлем құрастыр.

Ара, жастық, жаз.

- Үлгі: 1. Оған жасыл түс ұнады.
2. Түс мезгілі болды.
3. Сен аттан түс.

● Үлгіде берілген сөйлемдерді көшіріп жаз.

10. Сөйлемдерді оқы.

1. Сәуле ерекше әдеміленіп, ажарланып кетіпті. 2. Жақсы мен жаманды түсіну керек. 3. Жылқы жылы қыс та жылы болды. 4. Досыңа өтірік айтпа, дұшпаныңа сырыңды айтпа. 5. Қолына домбыра алып, әсем қоңыр дауыспен әндетіп, әуендетіп жөнелді. 6. Марат, сен жаз туралы шығарма жаз. 7. Көз – қорқақ, қол – батыр. 8. Тойға алыс, жақын жерлерден тума-туыстарымыз келе бастады. 9. Менің қарындасым – әдемі, көркем қыз бала.

● Омоним, синоним, антоним болатын сөздерді тауып, оларды топтастыр.

Сөз таптары. Зат есімдер

Сөз табы деп жалпы лексикалық-грамматикалық сипаттары мен белгілері бәріне бірдей ортақ болып келетін сөздер тобын атаймыз. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздер 9 сөз табына бөлінеді: **зат есім** (*бет, қол*), **сын есім** (*қызыл, биік*), **сан есім** (*бір, жүз*), **есімдік** (*мен, сен*), **етістік** (*бару, жазу*), **үстеу** (*тез, таза*), **шылау** (*үшін, туралы*), **еліктеу сөз** (*күмп, тарс-тұрс, ыржың-ыржың*), **одағай** (*алақай, тәйт, құрау-құрау*).

Заттың атын білдіріп, *кім? не?* деген сұрақтарға жауап беретін сөздер **зат есім** деп аталады. *Мысалы: әке (кім?), тау (не?)* т.б. Зат есім **жалпы есім**, **жалқы есім** болып екіге бөлінеді. Біркелкі заттардың жалпы атауы жалпы есім деп аталады. *Мысалы: кісі, адам – жалпы есім, ал Әмина, Алматы, Ақтөс – жалқы есімдер.* Жалқы есімдер бас әріптен басталып жазылады.

1. Мәтінді оқып, көшіріп жаз.

Дала жұлдызы

Ыбырай Орынбордағы оқуын бітіріп, ұстаз болып шықты. Ол Торғай қаласына келісімен, мектеп салдырды. Қараңғы халық балаларын оқуға бере қоймады. Сондықтан да оқуға балаларды тарту үшін Ыбырай ел аралауға шықты. Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының жарық жұлдызы еді. Ол қазақ балалары үшін тұңғыш рет мектеп ашып, оқулық жазды. Енді сол жұлдыздың төңірегіне мыңдаған жұлдыз шоғырланып, жарық нұр шашты.

- Мәтіннен жалқы есімдер мен жалпы есімдерге мысал келтір. Өз жауабыңды ереже бойынша дәлелде.
- Зат есімге сұрақ қойып, астын сыз.
- Мәтіннің соңғы сөйлемінің мағынасын түсіндір.

2. Жалқы есімдердің қатарын толтыр.

- 1. Кісі аттары:
- 2. Мемлекет, қала, ауыл атаулары:
- 3. Жер-су атаулары:
- 4. Газет-журналдар атаулары:
- 5. Жануарларға қойылатын аттар:

3. Түсініп оқы.

Адамның басшысы – ақыл,
Жетекшісі – талап,
Шолушысы – ой,
Сынаушысы – халық,
Қорғаушысы – мінез,
Ең қымбаттысы – ар,
Таусылмайтыны – арман,
Барлығынан ардақтысы – өмір.

(Ш. Уәлиханов)

- Зат есімдерге сұрақ қойып, теріп жаз.

4. Мәтінді оқы.

Сәкен Сейфуллин – елімізге еңбегі сіңген мемлекет және қоғам қайраткері. Сәкен – ақын, жазушы, сыншы, ғалым. Ол «Көкшетау», «Альбатрос» поэмаларының, «Тар жол, тай-ғақ кешу» романының авторы.

- *Кім?* сұрағына жауап беретін зат есімдерді тауып, астын сыз.

5. Сөздерді көшіріп жаз.

Көк, алма, төрт, сарай, мектеп, қызыл, ала, қала, ауыл, біз, сары, ұзын, қалам, дәптер, астана.

- Берілген мысалдардан зат есімдерді тауып, оларды қатыстырып сөйлем құрастыр.

6. Мәтінді оқы.

Күй анасы



Динаның домбыраға әуестену-шілігі алдымен табиғат берген таланты болса, екінші себепкері күй атасы – Құрманғазы. Динаның өнеріне тамсанып, оны өзі баули бастайды. Осылайша тоғыз жыл бойы Дина Құрманғазыдан күйшілік өнердің қыр-сырын меңгерді. Дина 85 жасында «Жеңіс», «Сегізінші наурыз» күйлерін төгіп

тастап, өз күйлеріне қоса халықтың көне күйлерін орындап, 90 жасқа таянғанда Ташкенттегі бүкілодақтық байқауға қатынасқаны мәлім. Міне, Дина талантының ерекше құбылыс екендігіне осының өзі де дәлел.

(А. Бақтыгереева)

- Зат есімдерді тап.
- Мәтіннен жалпы және жалқы есімдерді теріп жаз.
- 7. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Арманым – ең жоғары алсам білім,
Үйренсем ұлы ақын Абай тілін.
Күйлерін Құрманғазы азық етіп,
Шоқандай сұңқар болып көзге ілінсем,
Күләштай бұлбұл болып сайрай білсем,
Динадай күй төгілсе қолдарымнан,
Талғаттай батыр-ұшқыш самғап жүрсем!

(Т. Смағұлов)

- Зат есімдерге сұрақ қойып, теріп жаз.
- Өлеңде айтылған адамдардың тектерін жаз.

Үлгі: Абай Құнанбаев.

Зат есімдер **негізгі, туынды зат есім** болып екіге бөлінеді. Түбір зат есімдер негізгі зат есімдер деп аталады.
Мысалы: ана, дала, бала, дос, қол, сөз, қора, сарай, аю, ата, ат.

8. Тапсырманы орында.

Адамдар: бозбала, әпке,

Ісқағаздар: өтініш,

Әуес істер: тоқу,

Ойындар: тоғызқұмалақ,

Мектептегі пәндер: математика,

Табиғат құбылыстары: тұман,

● Зат есім дегеніміз не?

● Сөз тізбегін оқы және мысалдармен толықтыр.

9. Көп нүктенің орнына сәйкес сөзді қойып, көшіріп жаз.

... – қазақ ханы, мемлекет қайраткері.

Ш. Уәлиханов – қазақ халқының ұлы ..., ...,

... – көрнекті педагог, жазушы.

Дина –

... – қазақ халқының ұлы ақыны.

Ә. Қастеев – қазақтың тұңғыш кәсіби

... – аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері.

● Зат есімдерді тап. Сұрақ қой.

● Негізгі зат есімдердің астын бір сызықпен, туынды зат есімдердің астын екі сызықпен сыз.

● Жалқы есімдердің астын бір сызықпен, жалпы есімдердің астын екі сызықпен сыз.

● 10. Негізгі зат есімдерді қатыстырып сөйлем құрастыр.

Еңбек, ақын, дала, бидай, ауыл, аймақ, жер, жаңбыр, көл, гүл, ағаш, мереке, сыйлық.

11. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Хан Абылай

Жастай батыр атанды,
Айбары асқан алыстан.
Хан Абылай қаһарлы –
Дара көсем данышпан.
Кешіп түпсіз азапты,
Түршікпеген тірлікте.

Басын қосып қазақтың,
Елді бастап бірлікке.
Қаймықпаған қатерден
Хан Абылай, Абылай!
Төбесіне ел көтерген
Жалауындай Абылай!

(М. Әлімбаев)

- Көшіріп жаз.
- Негізгі зат есімдерді тауып, астын сыз.
- 12. Үлгі бойынша зат есімдер қатарын толтыр.

<i>Кім?</i>	<i>Не?</i>
Ата	Аңыз
...	...
...	...
...	...
...	...

- 13. Негізгі зат есімдерді қатыстырып сөйлем құрастыр.

Бидай, ақыл, шөп, қант, орман, су, жел, дала, жаңбыр, арман, мектеп, ұстаз, шәкірт, қалам, жібек, жұлдыз, құс, күн, сурет, гүл, өнер, ақыл, дала, шебер, дана, қыс, үміт, талап, еңбек, ауыл, мереке.

14. Өлеңді оқы.

Бар қазаққа желпінтіп ән салдырған,
Атқан таңды әнімен қарсы алдырған.
Шәмшінің шалқар әні қайда барсаң,
Бауырыңдай құшақ жаяр қарсы алдыңнан.

(М. Әлімбаев)

- Өлеңді көшіріп жаз.
- Жалқы есімді тауып, астын сыз.

15. Өлеңді оқы.

Ахмет Байтұрсынов

Көлдің аты естілмейді күйден кем:
Ақын, ғалым, Ахмет туған Ақкөлде,
Сол атадан Ана тілін үйренген
Атаң,
Әжең,
Әкең,
Шешең,
Әпкең де...
«Әліппенің», өлең-жырдың ұстасы,
Ахмет ата – бүкіл халық ұстазы.

(М. Әлімбаев)

- Өлеңді көшіріп жаз.
- Негізгі зат есімді тап.

16. Мәтінді оқы.

Қаныш Сәтбаев – бар өмірін, білімін ел игілігі үшін сарп еткен адам. Қаныш бала күнінде өте момын, тұйық болып өседі. Төрт-бес жасқа келгенде өзеннің жағасынан әдемі жылтыр тастарды жинауды қызық көріпті.

Технология институтының тау-кен факультетін бітірген соң Қарсақбай заводында геология зерттеу жұмысымен шұғылданады. Он бес, жиырма жыл ішінде Қаныш ашқан байлық қазыналары ертегімен бірдей. Ол байлықтың тізбегіне кіретін: алтын, күміс, жез, мыс, мырыш, қола, қорғасын, никель, кобальт, молибден, вольфрам, марганец, сүрме, теллур, темір, титин. Қысқасы, осы күнгі химия элементтерінің барлығы бар деуге болады.

(Ә. Марғұлан)

- Негізгі зат есімдерді тап.
- Мәтіннен пайдалы қазбалардың атауларын теріп жаз, еліміздің қай жерлерінен шығатынын анықта.

Туынды зат есімдер

Жұрнақ арқылы жасалған зат есімдер **туынды зат есімдер** деп аталады. *Мысалы: достық, балықшы, жауын* деген зат есімдер жұрнақ **(-тық, -шы, -ын)** арқылы дос, балық, жау деген түбірлерден жасалып тұр. Туынды зат есім жасайтын жұрнақтар екі топқа бөлінеді:

1) Есімдерден зат есім жасайтын жұрнақтар.

2) Етістіктен зат есім жасайтын жұрнақтар.

Есімдерден зат есім жасайтын негізгі жұрнақтар:

1) -шы, -ші: қойшы, малшы, күйші;

2) -шылық, -шілік: шаруашылық, қиыншылық, кеңшілік, мүмкіншілік;

3) -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік: балалық, кісілік, адалдық, жеңілдік, биіктік, достық;

4) -кер,-гер: айлакер, саудагер, қызметкер, даугер;

5) -хана: шайхана, дәріхана, асхана, шеберхана.

1. Сөздерді көшіріп жаз.

Етікші, тіршілік, жақсылық, асхана, емхана, адалдық, ойыншық, талапкер, балалық, әнші, шаруашылық, адамшылық, кітапхана, байлық.

● Туынды зат есімдердің жұрнақтарын ажырат.

2. Сөздерді оқы.

Кітап, дос, егін, орын, таза, адам, мал, шебер.

● Түбір сөздерге тиісті жұрнақтарды (-шы, -ші, -лық, -лік, -дық, -тық, -хана) қосып, туынды зат есім жаса.

● 3. Есімдерден зат есім жасайтын жұрнақтарды қосып жаз.

Күй, ән, бала, кісі, дос, бір, адал, қызмет, жолдас, бас, мейман, дәрі, тыныш, балық.

4. Мәтінді оқы.

Абай Құнанбайұлы

(1845 – 1904)



Абай Құнанбайұлы – қазақтың ұлы ақыны, сазгер, философ, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы және оның алғашқы классигі. Шын аты – Ибраһим. Абай жастайынан-ақ ерекше қабілетімен, ақылдылығымен көзге түседі. Балаға сыншы әкесі осы баласынан қатты **үміт** етеді. Әкесінің төңірегіндегі ел жақсыларымен араласып, өз халқының рухани мәдениет жүйелерімен жете танысады. Өзі билер үлгісінде шешен сөйлеуге төселеді. Ұтымды сөзімен, **әділ** билігімен елге танылып, аты шығады. Абай **өлең** шығаруды **бала** кезінде-ақ бастаған. Алайда, жасы қырыққа келгеннен кейін ғана көркем әдебиетке шындап ықылас қойып, өзіндік көзқарасы қалыптасып, **сөз** өнерінің халық санасына тигізер ықпалын түсінеді.

Сұрақтарға жауап бер.

1) Абай Құнанбайұлы кім?

2) Оның қандай шығармаларын білесің?

● Зат есімдерді тап.

● Қарамен жазылған негізгі зат есімдерді туынды зат есімдерге айналдыр.

5. Абай Құнанбаевтың өлең шумақтарын көшіріп жаз.

Білімдіден шыққан сөз

Талаптыға болсын кез.

Нұрын, сырын көруге,

Көкірегінде болсын көз.

Сабырсыз, арсыз, еріншек,

Көрсө қызар, жалмауыз,

Сорлы қазақ сол үшін

Алтыбақан алауыз.

● Негізгі зат есімдерді тап.

● Туынды зат есімдерді тап. Құрамын талда.

● Екі шумақтың соңғы жолдарының мағынасын түсіндір.

● 6. Төмендегі жұрнақтарды пайдалана отырып, бірнеше туынды зат есім жасап жаз.

-қыш, -паз, -кер, -қой, -хана, -гіш, -шы, -ші, -лық, -кер, -гер, -шылық.

● 7. Бірнеше зат есімге бір жұрнақ жалғап, туынды зат есім жаса.

Қырман	дана
Су	бала
Қой	қала
Балық	дала
Орман	дара
Домбыра	тату
Диқан	бай

8. Өлеңдерді оқы.

Мұстафа Шоқай

Мұстафа Шоқай ата – білгір көсем,
Қаламгер, ғалым әрі дүлдүл шешен.
Азаттық өперем деп алты алашқа,
Шетелде ширек ғасыр жанталасқан.
Аңсаған бағы жанып, нұр құшқанын,
Ол ортақ сүйіктісі Түркістанның!
Берлиннің жерленген бір зиратында,
Мұстафа хикаясын жина, тыңда.

Құрманғазы

Екпіні қатты дауылдай,
Күйлері жаршы дабылдай,
Есімі Құрман атаның
Даңқы биік тауындай.

(М. Әлімбаев)

● Туынды зат есімдерді тауып, астын сыз.

Туынды зат есімдерден жұрнақ арқылы **жаңа (туынды) зат есімдер** жасала береді. *Мысалы:* басшы, басшылық т.б. Етістіктен зат есім жасайтын жұрнақтар:

- 1) -м, -ім, -ым: байлам, күзем, қысым, түсім;
- 3) -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе: қазба, сүзбе, баспа, кеспе;
- 4) -қы, -кі, -ғы, -гі: шапқы, тепкі, бұрғы, сүзгі;
- 5) -с, -ыс, -іс: талас, айтыс, жүріс;
- 6) -қ, -к, -ық, -ік, -ақ, -ек: тарақ, күрек, қызық;
- 7) -ыш, -іш: қуаныш, таяныш, өкініш, сүйініш;
- 8) -у: сабау, жамау, көсеу, егеу;
- 9) -ын, -ін, -н: боран, жұғын, түйін;
- 10) -ынды, -інді: шайынды, үйінді, үгінді.

● 9. Сөйлемдерді оқып, көшіріп жаз.

1. Оқу – білім бұлағы, білім – өмір шырағы. 2. Оқушылар қала орталығындағы көрмені аралады. 3. Марат бұрғымен жарды бұрғылады. 4. Халық айтыс өнерін тамашалады. 5. Сенбілікте балалар күрекпен жерді қазып, ағаш отырғызды. 6. Асхат – ата-анасының қуанышы. 7. Әжем көсеумен отты қозғады. 8. Далада боран соғып тұр. 9. Ақын өлең жолдарынан үзінді келтірді. 10. Біз жақында қыстауға көштік. 11. Қазақ халқы айтыс ақындарын ерекше құрметтеген. 12. Жақсы бала – сүйініш, жаман бала – күйініш.

● Асты сызылған сөздерді сөз құрамына талда.

● 10. Мына сөздерге етістіктен зат есім тудыратын жұрнақтарды қосып жаз.

Қыс, қаз, кес, сүз, айт, жүр, қуан, саба, үй, жу, еге, күре, тара, тіре, қала, сыла, бас, біл.

● Қарамен жазылған сөздердің омонимдерін тап.

Адам боп оңай туғанмен, адам боп қалу көп қиын.
(Қадыр Мырза Әлі)

11. Мәтінді оқы.

Қадыр Мырза Әлі

(1935 – 2011)



Қадыр Мырза Әлінің тұңғыш **туындысы** 1954 жылы республикалық «Пионер» балалар журналында жарияланды. Содан бергі уақыт ішінде оның жетпістен астам поэзиялық, прозалық, сондай-ақ әдеби-сын кітаптары жарық көрді. Ақын қаламынан халық фольклорының атақты кейіпкері Алдар Көсе туралы «Сақал саудасы», «Қасқыр қақпан» атты комедиялары, «Жаралы жолбарыс» және «Әмір Темір» атты драмалық шығармалары да **жарық** көрді.

Сұрақтарға жауап бер.

1. Қадыр Мырза Әлі кім?
2. Оның қандай шығармаларын білесің?
 - Туынды зат есімдерді тап.
 - Қысқарған сөздерді толық айт.

12. Мәтінді оқып шық.

Қазақ жерінің шөлді және шөлейтті аймақтарында құдық қазу – құдықшылардан ерекше шеберлікті қажет етеді. Құдықшылық кәсібін өте маңызды деп санаған. Қолдан қазылған құдықтар Сарықұм, Қарақұм, Қызылқұм белестерінің өн бойларында көптеп кездеседі.

Әдетте, қазылған құдықтар көміліп қалмас үшін олардың ішін сексеуіл сияқты тез шірімейтін қатқыл ағашпен өреді.

(С. Мұқанов)

- Мәтіннен туынды сөздерді теріп жаз.
- Туынды сөздердің түбірін анықта.
- Сол түбірден тағы да қандай сөздер өрбітуге болатынын көрсет.

13. Мәтінді оқы.

Қазақтың тұңғыш кәсіби суретшісі

(1904 – 1973)



Әбілхан Қастеевтің анасы Айғанша шебер адам болыпты. Әбілхан бала кезінен анасына ою-өрнектер салуға көмектесіп жүреді. Бірте-бірте қолы жаттығып, өз алдына суреттер сала бастайды. Алдымен анасынан, одан кейін табиғаттан көп нәрсе алған Әбілхан сурет салуды өз бетінше үйренген санаулы суретшілердің бірі. Ол кісінің артында қалған мол мұрасы – Қазақстанның, қазақ бейнелеу өнерінің баға жетпес асыл қазынасы.

(«Балдырған» журналынан.)

Сұрақтарға жауап бер.

1. Ә. Қастеев кім? 2. Оның қандай шығармаларын білесің?


● Мәтіннен зат есімдерді тауып, туынды зат есімдерді ажырат.

● ● 14. Төмендегі етістіктерге жұрнақтар жалғап, оларды туынды зат есімдерге айналдыр.

Кес, бұр, қуан, саба, бора, қаз, күзе, байла, еге, қыс, тара, күре, сүз, бас, тала, айт, жүр, шай, үй.

15. Үлгі бойынша берілген түбір сөздерге әртүрлі жұрнақтар жалғау арқылы бірнеше туынды сөз жаса.

Көр, сез, біл, жаз, әдеп, айт, жас, сана, оқы, көз.



● 16. Төмендегі туынды зат есімдерді қатыстырып сөйлем құрастыр.
Көрме, кеспе, айтыс, боран, бұрғы, қазба, үйінді, егеу, баспа.

● 17. Сөздерді көшіріп жаз.

Ботақан, сусын, кітапхана, астық, ойпат, аспаз, құлыншақ, ауылдас, жаңалық.

● Түбір сөз бен жұрнақты тиісті белгімен белгіле.

● Туынды түбірдің негізгі түбірден мағыналық айырмашылығын айт.

● 18. Негізгі зат есімге **-шы, -ші** жұрнақтарын қосып, туынды зат есім жаса.

Күй, өрмек, жылқы, егін, балық, ән, сурет, ойын, бас, ел.

19. Мәтінді оқы.

Құрылыс алаңы

Шахта үстіндегі құрылыс алаңы. Ағаш қорғанның сыртында кірпіш үйлер салынып жатыр. Тынбай жұмыс істеп жатқан адамдар. Құрылыс өсіп келе жатыр. Шахтаның оң жағында жұмысшылардың үйлері. Тасшылар кірпіш, тас қалап жатыр. Балташылар ағаш шауып жатыр. Ағаш тасу, тас, темір, бетон, цемент тасыған арба. Қайнаған еңбек.

(С. Ерубает)

● Дәптерге бірінші төрт сөйлемді көшіріп жаз.

● Негізгі зат есімдерді, туынды зат есімдерді топтастырып жаз.

20. Өлеңді оқы.

Суретші Әбілхан Қастеев

Қойшы бала көмірменен жартасқа
Сансыз сурет сала берген әр тасқа.
Содан көпке танылыпты Әбілхан,
Көпшіліктің қалдырыпты бәрін таң.

(М. Әлімбаев)

● Туынды зат есімдерді тап.

Нәтиже сабақ

Сұрақ тапсырмалар:

1. *Әдемі, сұлу, көркем* деген сөздер қандай сөздер?
2. Мағыналары бірдей сөздер қалай аталады? Мысал келтір.
3. Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздер қалай аталады?

Мысал келтір.

4. Жазылуы бірдей, бірақ мағыналары әртүрлі сөздер қалай аталады? Мысал келтір.

5. Сөз нелерден тұрады? Сөз құрамына қандай бөлшектер кіреді?
6. Түбір сөз дегеніміз не? Қосымша дегеніміз не?
7. Сөз құрамын талдауға қолданылатын шартты белгілерді есіңе түсір.

1. Өлең жолдарын оқы.

1. Алма маған алма берді,
Жалғыз өзің алма деді.
2. Салма жесең аздап же деді,
Ыдысқа көп салма деді.
3. Шығарма жазып бітірдім,
Бұл сөзді естен шығарма.

● Омоним сөздерді тап, мағыналарын түсіндір.

2. Сөздерді оқы, көшіріп жаз.

Ел, елші, елу, елім, көр, көрші, ақылдылық, сүттей, көгер, берік, асхана, құрылыс, жаңалық, тасымал, жеткізбеу, сенім.

● Түбір мен қосымшаны бөліп көрсет.

3. Мақалдарды оқы. Көшіріп жаз.

Туған **жердей** жер болмас,
Туған **елдей** ел болмас.

Туған **жердің** жері де көрікті,
Елі де сүйікті.

● Қарамен жазылған сөздерге дыбыстық талдау жаса.

● Қарамен жазылған сөздердің түбірінің астын бір сызықпен, қосымшасының астын екі сызықпен сыз.

● Мақалдардың мағынасын өз сөзіңмен түсіндіріп бер.

4. Жұмбақты оқы.

Бастайтыным – сан, неше?
Қостайтыным бір мүшең.
Енді келер жалғасың,

Асқа күнде саласың.
Бәрін қоссаң, табасың,
Қазақстан қаласын.

(Е, і, к, с, а, б, з, ұ, т)

● Жұмбақтың шешуіндегі қаланың атын жаз.

● Жұмбақтың шешуі сөздің қай түріне жатады? Фонетикалық талдау жаса.

5. Жұмбақты оқы.

Темір қайшы – қос қайшы,
Шығыршықсыз бос қайшы.
Еңбеккерге дос қайшы.
Еріншекке қас қайшы.
Өтпейді бір бос күні...

(Сағаттың қос тілі)

● Қосымшаның қайсысы жалғау, қайсысы жұрнақ екенін ажырат.

6. Мақалды көшіріп жаз.

Өнерлінің жолы кең.
Құс болып аспанға да ұшады,
Балық болып суда да жүзеді

● Зат есімдердің астын сыз. Қайсысы негізгі зат есім, ал қайсысы туынды зат есім екенін ажырат. Туынды зат есімді сөз құрамына талда.

7. Сөздерді оқы.

1. Алабұға, баспасөз, балабақша, бозбала, демалыс, қолжазба, кәсіпорын, сөзжұмбақ, асқабақ.

2. Ел-жұрт, күш-қуат, ар-намыс, жақсы-жаман, күн-түн, құрт-құмырсқа, ыдыс-аяқ, оқу-ағарту, үгіт-насихат.

● Бірінші, екінші қатардағы күрделі сөздердің түрлерін ажырат. Олардың қалай жасалып тұрғанын айт.

● Әр қатардағы сөздермен екі-үш сөйлем құрап жаз.

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: СҮЙІСПЕНШІЛІК ПЕН ДОСТЫҚ

Зат есімнің сөйлемдегі қызметі

Зат есімнің ең негізгі қызметі бастауыш болады.

Мысалы: Өлімнен ұят күшті. Сөйлемдегі ұят (*не?*) сөзі бастауыш қызметін атқарып тұр.

Зат есім қандай сөзбен тіркесуіне және қай орында тұруына қарай анықтауыш та, толықтауыш та, пысықтауыш та, баяндауыш та бола береді. *Мысалы:* Білімді жастан сімірдім, халқыма еңбек сіңірдім. Ақпанда борап соқты қар, Шілдеде қайнап төнді күн. Сөйлемдердегі білімді (*нені?*), халқыма (*кімге?*) деген сөздері толықтауыш, ақпанда (*қашан?*), шілдеде (*қашан?*) сөздері пысықтауыш болып тұр.

1. Мәтінді оқы.

Мемлекеттік тіл

Қазақ халқының ана тілі – қазақ тілі. Ол халық тарихымен бірге жасап, ұрпақтан ұрпаққа қатынас құралы ретінде қызмет етіп келеді. 1989 жылы қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алды.

Қазақ тілі – Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Моңғолия, Қытай, Ауғанстан, Иран, Түркия т.б. елдерде тұратын қазақтардың ана тілі.

Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақ тілінің қызметі қандай?
2. Қазақ тілі қай жылы мемлекеттік мәртебе алды?
3. Қазақ тілі тағы да қай елдерде қолданылады?

● Мәтіндегі зат есімдердің түрін анықта.

● «Мемлекеттік тіл» тақырыбы бойынша бірнеше сөйлем құра.

2. Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Ана тілінде сөйлеу

Жеті жасқа дейін тек бір тілде – ана тілінде сөйлеген сәби туған тілін ешқашан ұмытпайды. Көнеден келе жатқан қазақ зиялылардың үрдісі бойынша «жігіт болсаң, жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ғылым біл» деп талап қоя тәрбиелейтін.

(М. Қазбеков)

● Бұрынғы заманда қазақ зиялылары жастарға қандай талап қойған? Көшіріп жаз.

● *Қазақ тілін оқу, білу – бізге парыз* сөйлемінің мағынасын түсіндір.

● Тілге байланысты бірнеше мақал тауып жаз, зат есімдердің астын сыз.

3. Мәтінді оқы.

Кең жайлау. Жазғытұрым табиғат тамаша. Айлы кеш қандай! Жасыл шөбі кілемдей. Ақсүйек – бала жастан жақсы көретін ойынның бірі. Оны түнде ойнайды. Ай жарық. Кең дала. Ақсүйек ойыны бала ойын сергітіп, өзін шынықтырады. Жүйрік балалар ақсүйекті тапқыш болады. Тапқан бала: Міне, ақсүйек! Мен таптым! – деп айқайлайды.

● Зат есімдерді тап, оларға сұрақ қойып, астын сыз.

4. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қой. Көшіріп жаз.

1. ... – дұшпан, ... – дос, ақылыңа ... қос.

2. ... – кеме, ... теңіз.

3. Ұлдың ұяты – ..., қыздың ұяты –

4. ... – бауырындағы ..., ... – жағасындағы –

5. Отансыз ... – бұлбұлсыз –

● Зат есімдерді тап, оларды жасалу жолына қарай талда.

● Олардың сөйлемдегі қызметін анықта. Сұрақ қой.

5. Кестені мұқият қарап, зат есімнің сөйлемдегі қызметін анықта.

Сөйлем мүшелері	Бастауыш	Толықтауыш	Анықтауыш	Пысықтауыш	Баяндауыш
Ереже	Зат есім сөйлемде атау септігінде тұрып бастауыш болады. Кейде <i>кім? не? сұрақтары</i> тәуелденеді (<i>кімім? неңіз?</i>).	Зат есім атау мен ілік септіктерінен басқа септіктер тұлғасында тұрып, толықтауыш болады.	Зат есім ілік септігінде тұрып және өзінен кейінгі сөзді айқындап, анықтауыш болады.	Зат есім барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінде немесе көмекші есіммен тіркесіп пысықтауыш болады.	Зат есімдер жіктеліп келіп немесе атау септігінде тұрып сөйлемде баяндауыш болады.
Мысалдар	<u>Жел</u> күшейе түсті. <u>Ер</u> елімен көрікті, <u>жер</u> кенімен көрікті. Менің <u>әкем</u> – көсіпкер.	Тәрбие <u>тілден</u> басталады. <u>Ертегімен</u> ұрпағыңды естелікке үйрет.	<u>Ана тілі</u> – <u>адамның ғұмыр бойғы</u> серігі. <u>Алтын сағат</u> сыйлады. <u>Қырда ауылдың</u> малдары жайылып жүр.	Біз <u>мектепке қарай</u> жүгірдік. Мен жазбаймын өлеңді <u>ермек үшін</u> . (<i>Абай</i>) <u>Көлеңкеде</u> атам отыр.	Біз – еңбекті сүйетін <u>елміз</u> . Бала – артта қалған <u>із</u> , Байлық – қолдағы <u>мұз</u> .

6. Өлеңді жатта.

Ана тілің – арың бұл,
 Ұятың боп тұр бетте.
 Өзге тілдің бәрін біл,
 Өз тіліңді құрметте!

(Қ. Мырза Әлі)

- Өлеңнен зат есімдерді тап, астын сыз.
- Зат есімдердің қызметтерін анықта. Сұрақ қой.

Қайырымдылық – сүйіспеншіліктің бір көрінісі

Әрбір адамның бойында күннің нұры бар, тек сол нұрдың жарқырауына мүмкіндік беріңіз.

(Сократ)

1. Мәтінді оқы.

Адамгершілік – асыл қасиет

Адамгершілік – адам бойындағы ең маңызды құндылық. Адамгершілік – бұл рухани тәрбие. Бұл қасиет адамды мейірімділікке, Отанын, отбасын, достарын, мектебін сүйуге үйретеді. Егер адамгершілік қасиеті болмаса, ол адам айналасындағы жандарды құрметтей алмайды. Кішкентай кезінен отбасында мейірім көріп өспеген бала, өскенде айналасындағы жандарға мейірім көрсете алмайды.

(А. Әдебиетова)

- Мәтіннің соңғы сөйлемін көшіріп жаз. Мағынасын түсіндір.
- Мәтіндегі зат есімдердің астын сыз. Зат есімдердің қызметін анықта.
- Бірінші екі сөйлемдегі сызықшаның қойылу себебін түсіндір.

2. Мәтінді көшіріп жаз.

Бауырмал

Ауырып қалған Ерболға дәрігер дәрі салмақ болды.
– Иненің керегі жоқ салдырмаймын! – деп, ол шырылдады. Шешесінің ту сыртына тығылды.

Ағасының жылаған даусын естіп, үш жасар Бауыржан:
– Апатай, дәріні маған-ақ салыңызшы, – деді, көзінің жасы мөлт-мөлт етіп.

Дәрігер қыз балақайдың бауырмалдығына риза болды.

(С. Тәжбенов)

- Зат есімдерді тап. Олардың қандай тұлғада жұмсалып тұрғанын айт.

Есіңде болсын!

Әрбір азамат өз ұлтын сүйуге тиіс және өз ұлтына деген терең сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімі арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеп, оларды сүйе білуге тиіс.

(Б. Момышұлы)

3. Мәтінді оқы.

Өнегелілік туралы

Тәрбие ана сүтімен бірге сана-сезімге сіңіп, дағдыға, әдетке айналуы қажет. Үлкенді сыйлау, парыз бен ар-ұятты қасиет тұту, қоғамдық тәртіпті мүлтіксіз сақтау, адамды бәрінен ардақтау – адам бойында адамгершілік, Отанға, елге, халыққа, үй-ішіне, адамға, өмірге деген сүйіспеншілік сияқты жақсы қасиеттерге тәрбиелейді. Осындай тәрбие алған адам Отанға берілгендік, әділдік, тәртіптілік сияқты қасиеттерді бойына сіңіреді.

Біз «Өлімнен ұят күшті», «Жаным – арымның садағасы» деген қағидаларды қатаң ұстай отырып, адамгершілік сезімін тәрбиелеуге тиіспіз.

(Б. Момышұлы)

- Мәтіндегі қағидаларды көшіріп жаз. Мағынасын түсіндір.
- Сұрақ қойып, зат есімдерді тап. Олардың қызметін анықта.
- 4. Мәтіннің аяғын ойлап тауып, жалғастыр.

Қазақ халқы – өте бауырмал халық. Сондықтан да туыстарын ерекше сыйлайды. Менің отбасымда да туыстарға көп көңіл бөлінеді, неге десеңіз... .

Үлгі: Туысқандарға үнемі қамқор болу керек. Мен бұл пікірмен келісемін, себебі туыстар – саған ең жақын адамдар. Олар да саған қамқор болып жүреді.

5. Өлеңді оқы.

Жақсы мен жаман

Қайыр күтпе баладан,
Өз мысығын сабаған.
Кім алдаса анасын,
Оған қалай нанарсың?

Бәрі **жақсы** баланың
Беске оқиды сабағын.
Айналайық баладан
Көгершінді аяған.

«Екі» болса алғаны,
Бала ұятқа қалғаны.
Ойнап жүріп **жыласа**,
Орынды емес бұл аса.

Адал болса досына,
Азаматың осы да.
Ойнатса кім інісін,
Мақұлдаймыз мұнысын.

Ерінсе қол жуғанға,
«Нассың», – дейміз мұндайда.
Мұнша уақыт санарлық,
Бар екен ғой **жамандық**.

Уәдесін сақтаған,
Баланы жұрт мақтаған.
Болады әрі санауға,
Жақсылық көп қалайда

(Қ. Баянбай)

● Қарамен жазылған сөздерге антоним сөздерді тап.

● 6. Сөйлемдерді өлең жолымен сәйкестендір. Қандай сөйлемдер өлеңде айтылмаған?

а) Егер бала мысығын сабаса, ол жақсы бала болып өспейді.

ә) Егер кімде-кім анасын алдаса, оған сенуге болмайды.

б) Егер бала екілік алса – ұятқа қалғаны.

в) Егер бала қолын жумаса – салақ бала болғаны.

г) Егер бала көгершінді аяса, оған жем берсе, ол жақсы бала болады.

ғ) Егер бала досына адал болса, оны «нағыз азамат», деп айтуға болады.

д) Егер бала немесе қыз інісін (бауырын) ойнатса, оны бақса, жақсы бала болады.

е) Егер бала өзінің уәдесінде тұрса, ол ел мақтайтын адам болады.

Баланың бас ұстазы – ата-ана

1. Мәтінді түсініп оқы.

Қазақ отбасында **балаға** аталарын, алыс-жақын туыстарын, нағашыларын, жеті атасын айтып отырады. Бұл баланы өскенде өз туыстарын жақсы білуге, сыйлауға үйретеді. Әр адамның өзінің жеті атасын білуі – білімділігін, ата көргендігін танытады. Жеті атаны үйрету әр ата-ананың басты борышы. Өзін, әкесін, атасын және одан арғы **ата-бабаларының** есімдерін білу – жеті атаны білу деген сөз. Әкесі, атасы балаға тек жеті атасына дейінгі аралықтағы аталарының атын жаттатып қана қоймай, олардың қандай адам болғанын, елі үшін жасаған **ерліктерін**, өнегелі істерін де айтып отырған. Сол арқылы бала ата дәстүрін жалғастырса екен деген мақсат көздеген.

● Қарамен жазылған сөздерді үлгі бойынша талда.

Үлгі: Балаға – зат есім, жекеше түрі; бала – түбір сөз, жалпы есім; -ға (кімге?) – барыс септіктің жалғауы.

● ● 2. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қой. Көшіріп жаз.

1. Қазақ отбасында балаға туыстарын, ..., ..., ... айтып отырады. 2. Әр адамның өзінің жеті атасын білуі – көргенділігін, ..., ... танытады. 3. Жеті атаны үйрету әр ата-ананың басты 4. Өзінің, ..., ... және одан әрі ата-бабасының есімдерін білу жеті атаны білу деген сөз.

Керекті сөздер: білімділігін, ата көргендігін, борышы, әкесінің, атасының, бабасының, нағашыларын, ата-бабаларын, жеті атасын.

● 3. Есінде сақта. Көшіріп жаз.

Жеті ата – бір адамнан тараған аталас қауым. Олар: 1. Әке. 2. Бала. 3. Немере. 4. Шөбере. 5. Шөпшек. 6. Немене. 7. Туа-жат.

4. Мәтінді түсініп оқы.

Үлкенді сыйлау – қазақ халқының ата салты. Үлкенді сыйлау, ең алдымен әке мен шешені сыйлаудан басталады. Өз отбасын, өз ата-анасын сыйламайтын ұл мен қыз басқа адамдарды да сыйлай алмайды. Ата-ана баланы дүниеге келтіріп, өмір береді, тәрбиелеп өсіреді, білім береді. Оған ер жетіп, отбасының қамқоршысы болады деп сенім артады. Есейген бала ата-анаға **қамқоршы** болуға жараса, жігіт болғаны. Ата мен ананың қартайғанда бойынан күші қайтады. Ата-ананы сыйлаған **жастардың** өз балалары да кейін соны қайталайды. Ата-ананың ісінен көпті үйреніп қана қоймай, олардың тәрбиесін бойға сіңіре білу – әр баланың парызы.

- Қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына талда.
- Зат есімдерге сұрақ қойып, сөйлемдегі қызметін анықта.

● 5. Көп нүктенің орнына көпше (-ндар, -ндер, -ындар, -індер) түріндегі қосымшаны қойып жаз.

Туысқандар – сендердің ең жақын адамдарың. Жақын адамдарға қамқор бол... . Ата-әже, әке-шешелеріңнің айтқанын тыңда..., құрметте..., сыйла... . Өз борыштарыңды ешқашан ұмытпа... . Нағыз азамат – ата-анасының тірегі. Нағыз азамат бол... . Алдарыңа үлкен мақсат қой... . Мақсаттарыңа жету үшін аянбай еңбек ету керектігін ұмытпа... .

6. Өлеңді оқы. Жатқа жаз.

Ары оқы, бері оқы,
Өзгермейді ол сөздер.
Бір-біріне туыстар,
Бес туыс олар:

Ата, ана, апа, аға, іні.
Кері оқып көріңдер,
Туыс сөздер біліңдер!

(«Балалар әлемі» журналынан.)

- Бес туыстың атауларын керісінше жаз. Айырмашылығы бар ма?

7. Мәтінді оқы.

Ана



Ана – үш әріптен тұратын киелі сөз. Ана дегенде толғанбайтын жүрек жоқ шығар. Барлық жұлдыз, ақын, жазушы, ұстаз анадан туған. Адам баласы дүние есігін ашқанда ең алғаш анасын көреді. Ал ана болса баласын өзінің

бар мейірім шапағатына бөлейді. «Анаңды үш рет Меккеге арқалап апарсаң да, анаң алдындағы парызыңды өтей алмайсың», – деген біздің дана қазағымыз. Әлемдегі бақытты адам – ол бай адам емес, анасы бар адам. Сондықтан аналарымыз аман болсын!

(«Балалар әлемі» журналынан.)

● Қазақ халқы ана алдындағы парыз туралы не деген? Мәтіннен тап, көшіріп жаз.

● Мәтіннен негізгі және туынды зат есімдерді тап. Туынды зат есімнің құрамын талда.

● Мәтіндегі зат есімдердің сөйлемдегі қызметін анықта.

8. Мақалдарды оқы.

1. Ана – бір қолымен бесікті тербетсе,
Екінші қолымен әлемді тербетеді.
2. Ана алдында – құрмет,
Ата алдында – қызмет.
3. Ана сүтін ақтамағанды, ешкім мақтамайды.
4. Әдепті бала – арлы бала,
Әдепсіз бала – сорлы бала.
5. Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер.
6. Кәріге құрмет – балаға міндет.

● Мақалдардың мағынасын түсіндір.

● Негізгі және туынды зат есімдерді тап.

Адамды досына қарап бағала

1. Мәтінді оқы.

Дос

Достық әлсізденген сайын, сыпайылық арта түседі. Достық асықпай өсетін өсімдік секілді. Ол пісіп-жетілуі үшін талай сыннан өту керек. Өмір сүрудің екі заңдылығын білген адам бақытты болады. Бірі – не болса соны жей бермей, азығына талғаммен қарайтын жан, екіншісі – кім болса сонымен дос болмай, айналасындағы достарын таңдай білетін адам. Нағыз дос адамның достығы да, бауырмалдығы да өміршең. Сыналар кезде, сыналады. Шыңдалар кезде, шыңдалады. Бірақ досты жоғалту оңай, табу қиын екенін естен шығарма.

● Мәтіннен өмір сүрудің екі заңдылығын тауып жаз.

● Мәтіннен зат есімдерге сұрақ қою арқылы олардың атқаратын қызметін анықта. Астын тиісті сызықтармен сыз.

● «Менің досым» тақырыбына шағын әңгіме құрастыр.

2. Өлеңді оқы, көшіріп жаз.

Достық бағы біздің бұл –
Көлеңке емес – күнде өскен.
Бөлек-бөлек қызыл гүл,
Бас қосқанда – гүлдесте.

Татулыққа нұр жауса, –
Бақыттымыз, балақан.
Бөлек-бөлек әр саусақ,
Бас қосқанда – алақан,
Құрыш болат ұлы Отан.

(Қ. Мырза Әлі)

● Зат есімдерді тауып, астын сыз.

● Қарамен жазылған сөзге дыбыстық талдау жаса.

3. Өлең жолдарын түсініп оқы.

Кемді күн, қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе, біріңдікін бірің жеткіз.

(Абай)

● Өлең жолдарын сөйлем түрінде жаз. Мағынасын түсіндір.

4. Мәтінді оқы.

Дос сөзі

– Мен Әсетті мақтамаймын, сынамаймын, – деді Нұрлан. Оқушылар Нұрланға таңырқасып қарады. Әсет пен Нұрланның ерекше достығын бұлардың бәрі де білетін.

– Әсетті мен өте жақсы көремін, мұны өзі де біледі. Әсет жаман оқымайды, тәртіпсіздігі де жоқ... Мұны бәріміз де білеміз. Әсеттің үлкен бір кемшілігі бар. Әсет – жалқау. Ол үйінде ешкімге көмектеспейді. Мәселен, кеше әкесі: «Есіктің алдының қарын сен күреп қоярсың», – деп тапсырды. Ол мұны орындаған жоқ. Әкесі жұмыстан келген соң, түн ішінде қарды өзі күреді. Мен Әсетке: «Әкеңнің тапсырғанын неге орындамадың?» – деп едім, ол: «Ұмытып кетіппін», – дей салды.

(Н. Ғабдуллин)

● Мәтіндегі басты кейіпкер кім? Бұл жерде: *Дос жылатып айтты, дұшпан күлдіріп айтады* деген мақал орынды ма?

● Әсеттің мінезіндегі кемшілік туралы айт. Ол кемшілікті қалай жоюға болады?

● Зат есімдердің сөйлемде қай мүше болып тұрғанын айт.

5. Өлеңді оқы.

Досыма

Тыңда мені, досым-ау,
Өмірде біз осынау
Бірге оқимыз жырды да,
Бөлісеміз сырды да.
«Мәңгіге дос боламыз,
Көргенде хош боламыз!

Қиналғанда, қол ұшын
Береміз!», – деп, сол үшін
Серттескенбіз сөз беріп,
Кетпейік деп өзгеріп.
Берік болсын сертіміз.
Біз достықтың көркіміз!

(«Балдырған» журналынан.)

● Зат есімдерді тап. Көшіріп жаз.

● Өлеңде кездесетін тұрақты сөз тіркесін тауып, мағынасын түсіндір.

6. Өлеңді оқы, көшіріп жаз.

Қасымда бір болатын,
Жасысам сынға алатын.
Жапанда жаяу қалсам,
Аямас мінген атын.

Көңілге нұр беретін,
Өмірге бір келетін.
Не көрсе бір көретін,
Бір досым керек екен.

(«Балалар әлемі» журналынан.)

● Зат есімдердің астын сыз.

● Зат есімдерге сұрақ қоя отырып, қызмет түрін анықта.

7. Мына сұрақтарға жазбаша жауап бер.

1. Сенің досың кім?
2. Сен досыңды қалай суреттейсің?
3. Достарды не жақындастырады?
4. Дос деп кімді айтады?
5. Сен үшін дос қандай болуы тиіс?
6. Достық туралы қандай мақал білесің?

Керекті сөздер: көзқарас, қызығушылық, адал, шыншыл, мейірімді, сыйластық.

8. Мақалдарды түсініп оқы.

1. Екі жақсы қосылса,
Өлгенінше дос болады,
Екі жаман қосылса,
Өлгенінше қас болады.
2. Заттың жаңасы жақсы,
Достың ескісі жақсы.
3. Жақсы – жаныңа жолдас,
Жаман – малыңа жолдас.
4. Досы көпті жау алмайды,
Ақылы көпті дау алмайды.

● Мақалдардағы антоним сөздерді теріп жаз.

● Мақалдардағы зат есімдердің қызметін анықта.

● Үшінші мақалды құрмалас сөйлем түрінде жаз. Мағынасын түсіндір.

Нәтиже сабақ

1. Мәтінді оқы.

Атаның сөзі – ақылдың көзі

Жігітке үш түрлі қуат керек. Олар: ақыл, жүрек, тіл. Осының біреуі кем болса, жігіт қатарынан кем болады. Жүрек кем болса, топта сөз айта алмайды. Ақыл кем болса, тіл де, жүрек те лағып кетеді. Ал алдыңғы екеуі болғанымен тіл болмаса, үлкен кемдік қылады. Жігітке бірінші, білім керек. Екінші, ғылым керек. Үшінші, ұғым керек. Содан кейін күтім керек, өткір жүрек, орамды тіл керек, сонда жігіт түгел болады.

● Зат есімдерді тап. Сұрақ қой.

● Жігіт адамға қандай қасиеттер керек? Тауып оқы.

● 2. Кесте бойынша зат есім түрлеріне ажырат.

мысалдар	негізгі	туынды	дара	күрделі	жалпы	жалқы
Нұргүл						
оқушы						
қала						
Ақтөбе						
етікші						

3. Сөздерді оқы.

Төбешік, жұлдызша, кітап, күнтізбе, қоңыраугүл, зейнеткер, құмыралар, бөдене, жылғалар, ошақ, құмырсқалар, орман, суретші.

● Біріккен сөздерді теріп жаз.

● Берілген сөздердің ішінен негізгі зат есімдерді бір бөлек, туынды зат есімдерді бір бөлек көшіріп жаз.

4. Сөздерді оқы.

Биік, ұқыпты, ұшқыш, қызғалдақ, әкелді, **дәрігер**, оқушы, келді, кеме, биші, аспаз, адалдық, іскер, өсімдік, көрімдік, асар, **жаңалық**, қой, мүсінші, бірлік, әділ, балық, даналық, су, оқулық, қырықтық, кескіш, қала, заңгер, **орманшы**, жеңіс, жер, жеңімпаз, алмұрт, айна, достық, жолбарыс, сандық, адамгершілік, суыр, аң, кілем, аяқ, күйші, балақан, кенші, **еңбекқор**.

- Қарамен жазылған сөздердің түбірін тап.
- Туынды зат есімдерді теріп жаз.

5. Сөздерді оқы.

Үлгі: шал – шал-ғы,

Шал. Құй. Сүз. Бөл. Өт. Бол. Бора. Жу. Ки. Көр. Ту. Қуан. Қаз. Ор. Там. Қой. Өтін. Шап. Тер. Түйре. Күре. Іл. Тырна. Түй.

Жұрнақтар: -ғы; -гі; -гек; -мақ; -шек; -кел; -мыс; -н; -ін; -ім; -шы; -ші; -ыс; -ма; -ме; -ыш; -іш; -к; -ық; -ында; -ақ; -уыл; -уыш; -уіш.

- Сөздердің мағыналарын анықта. Оларға берілген жұрнақтардың тиістісін жалғап, туынды зат есім жаса.
- Туынды зат есімдердің мағынасын түсіндір.

6. Сөздерді оқы.

Сезім. Татулық. Қыстақ. Ойыншық. Басқыш. Тарсыл. Апай. Орындық. Сызық. Сулық. Суат. Айбала. Сағат. Оқ. Қарауыл. Құрақ. Шегара. Қора-қопсы. Гуіл. Айыр. Бегәлі. Айнамкөз. Тігіс. Ою. Оймақ. Тырнақ. Ықтырма. Мырзашөл. Ақшақар. Ғарышкер. Жанкүйер. Зейнетақы. Мұздатқыш.

- Зат есімдердің қандай жолмен жасалып тұрғанын айт.
- Туынды зат есімдердің мағыналарын түсіндір.

ҒАРЫШ ӘЛЕМІ

Сан есім

Заттың санын, мөлшерін, ретін білдіретін сөздер **сан есім** деп аталады.

Сан есімдер *неше? нешеу? нешінші? қанша?* деген сұрақтарға жауап береді.

Мысалы: Біздің сыныпта он екі оқушы бар. Олардың екеуі оқуды үздік оқиды.

1. Сөйлемдерді оқы.

1) Күн «Құс жолын» секундына 220 шақырым жылдамдықпен айналады. 2) 1957 жылы 4 қазанда «Спутник-1» деген атпен алғашқы жасанды серік ұшырылды. 3) 1969 жылы 19 шілдеде ұшқан «Аполлон-11» – Айға қонған тұңғыш ғарыш кемесі. 4) Валентина Терешкова – ғарышқа ұшқан тұңғыш әйел адам. Ол 1963 жылдың 16 маусымында «Восток-6» кемесімен көтеріліп, Жер орбитасын 71 сағатта 48 рет айналып шыққан.

● Сан есімдерді тауып оқы.

● Сан есімдерді сөзбен жаз.

● Басқа дереккөздерден В. Терешкова туралы қосымша ақпарат ізде.

2. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Тылсым көкті, ғарышты,
Талапсыздар алыс дер.
Жұлдыздармен жарысты,
Айдын аға – ғарышкер.

Көп екен ғой қарасам,
Ғарышкердің ақылы.
Қаһарманға баласам,
Ол – халықтың батыры.

(Р. Нұрболатұлы)

● Қазақ ғарышкерлерін ата.

● Айдын Айымбетов туралы не білесің?

3. Мәтінді түсініп оқы.



Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевтан кейінгі үшінші қазақ болып Айдын Айымбетов 2015 жылы 2 қыргүйекте ұшты. Бірнеше

күн ғарышта болып, түрлі ғылыми сынақтарды сәтті аяқтап, аман-есен жерге қонған ғарышкерлердің тобын Астана әуежайынан еліміздің Тұңғыш Президенті арнайы қарсы алды.

- Мәтіннен сан есімдерді теріп жаз.

4. Сөйлемдерді оқы.

1. Ұсақ жұлдыздар Күннен 1 000 есе кіші болуы мүмкін.
2. Ғарышқа екінші қайтара жіберілген алғашқы кеме «Шатл Колумбия» болатын. Ол 1981 жылы 12 сәуірде ұшырылды.
3. Күн дауылы тұрғанда Күн секунд сайын бір миллион келі салмақ жоғалтады.
4. Айда тау тізбектері бар. Олардың кей жерлерінің биіктігі 8 000 метрге жетеді.

- Сан есімдерді тап.
- Құрамына қарай ажырат. Сан есімдерді сөзбен жаз.

5. Ойнайық та, ойлайық!

Санамақтар

Ойнауға біз жиналдық,
Кім бастайды? Қиналдық.
Бір, екі, үш, төрт, бес, алты,
Баста, қалдың сен жалқы!

Бір, екі, үш, төрт, бес, алты –
Бар ойынның бұл салты.
Сауысқан да тез жетті,
Саған, баста, деп кетті.

(Е. Өтетілеуов)

- Сан есімдерді тап.
- **Жалқы** сөзінің синонимін тап.

6. Мәтінді түсініп оқы.

Айда атмосфера жоқ, сол себепті оның жылынуы мен сууы Күн сәулесінің түсу бұрышына байланысты өзгереді. Күндіз Айдың беті +130°C-қа дейін қызып, түнде – 230°C-қа дейін суиды. Ай Күн жүйесінің жаралуымен шамалас уақытта, яғни 4,5 миллиард жыл бұрын пайда болған.

Айға жеткен бірінші жасанды нысан «Луна-2» болатын. 1969 жылы «Апполон-11» атты ғарыш кемесі арқылы адамзат тұңғыш рет Айға қонды.

- Сан есімдерді тап.
- Сандарды сөзбен жаз.

7. Мәтінді оқы.

Мұхамеджан Тынышбаев Түркісіб құрылысында алғаш рет аэрофотоларды қолданған. Соларға сүйеніп, ұзындығы 50-60 метрлік бірнеше жерасты жолдарын салуды, Қордай асуының орнына Шоқпар жобасын ұсынады. «Тескен таулардың» есебінен қаржы үнемдеуге әрі 6 облысты байланыстыруға ықпал етті. Сөйтіп, жобаланған мерзімінен 540 күн бұрын ұлы жолдың соңғы шпалы төселді. 1931 жылы 1 қаңтар күні ресми түрде пайдалануға берілді.

(Т. Жұртбай)

- Санмен берілген мәліметтерді сөзбен жаз.

8. Жұмбақтарды оқы. Көшіріп жаз.

Үш көзі бар қырағы,
Жоқ аузы не құлағы.
Көшедегі көлікке
Әмір беріп тұрады.

(Бағдаршам)

Төрт аяғы бар,
Мінсең жүрмейді.
Жүгірмейді,
Тізесі бүгілмейді.

(Орындық)

- Сан есімді тап.
- Сан есімді қатыстырып сөйлем құра.
- Есептік сан есімнен реттік сан есім жаса.

9. Мәтінді оқы.

Қазақ халқының атақты ғалымы

Қаныш Сәтбаев – геолог-ғалым, минерология ғылымдарының докторы, профессор, академик. Қаныш Сәтбаев 1899 жылдың 12 сәуірінде қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген. 1927 – 1928 жылдар арасында көптеген тәжірибелі мамандар қатыстырыла отырып, Қаныш Сәтбаевтың басшылығымен тынымсыз еңбектің нәтижесінде Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жасалды. Оны өндіріске ендіру арқылы Сарыарқа аймағында қара, түсті және сирек металдардың біраз жаңа кендері ашылды.

(М. Әуезов)

● Мәтіндегі сан есімдерді тап.

● Мәтіндегі кейбір сөздердің бас әріптен бастап жазылу себебін түсіндір.

● Қ. Сәтбаевтың еңбектері туралы қосымша материал ізде. Сыныптастарыңа оқып бер.

10. Сөздерді оқы.

Ғасыр, бала, жыл, ғимарат, апта, есеп, сәуір, бөлме, пәтер, қабат, қатар, тапсырма, жаттығу, желтоқсан, сұрақ, жауап, бет, тарау, том.

● Берілген зат есімдердің алдына реттік сан есімдерді тіркеп, ережеге сәйкес жаз.

11. Жаңылтпашты оқып, жатқа жаз.

Жүз қырық үш қызғыш құсқа
Жүз қырық үш қызғыш құс қосса,
Қанша қызғыш құс болады?

● Сан есімдерді айт.

● Жаңылтпаштың сұрағына жауап бер. Жауабын сөзбен жаз.

Сан есім түрлері

Түрлері	Жұрнақтары	Мысалы
Реттік	-ншы, -нші, -ыншы, -інші	бірінші
Жинақтық	-ау, -еу	біреу, екеу, үшеу
Бөлшектік		үштен бір, екіден үш
Болжалдық	-дай, -дей, -тай, -тей	қырықтай, ондай
Топтау	-дан, -ден, -тан, -тен	үш-үштен, он-оннан

1. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Қобыландыдай қалыбы,
Бүгін бізде кім батыр?
Бейбіт күннің алыбы –
Айдын аға – шын батыр!
Үшінші болып елімнен,
Ұшты ағам ғарышқа.
Ғарышкердей енді мен,
Қамшы салам намысқа!

(М. Төлен)

- Ғарышқа бірінші кім ұшты?
- Екінші ғарышкер кім?
- Өлеңдегі, сұрақтардағы сан есімдердің түрін анықта.

2. Сөйлемдерді оқы.

1. Өрмекшінің 8 аяғы бар. 2. Ат жарысында Жалғастың аты 1 келді. 3. Сыныптан спорттық жарысқа 7 оқушы қатысты. 4. Әкем мен ағаларым көл жағасына 12 қанат киіз үй тікті. 5. Асқар 5 үй, 16 пәтерде тұрады. 6. 10 сыныпта күніне 6 сабақ болады.

- Сандарға тиісті қосымшаны қосып, сөзбен жаз.
- Сан есім түрлерін анықта. Сұрақ қой.

3. Өлеңді түсініп оқы.

Қол мен аяқ

Екі қол, екі аяқ
Неліктен дос болды?
Билесе екі аяқ,
Соғамын қос қолды.
Қос қолың қарымды
Екі аяқ – тірегі.

Ауыр жүк көтерген
Хайуанды төрт аяқ,
«Қолы жоқ екен» деп,
Тұрады жұрт аяп.
Аяқ пен қолыңның
Қадірін біл, досым!

(А. Шаяхмет)

- Өлең сөздерінен сан есімдерді теріп жаз.
- Сан есімдерді түрлеріне қарай түрлендір.

4. Санамақты түсініп оқы.

Санамақ

Бір дегенім – **біреу**,
Жеке дара тіреу.
Жалғыз тұрған таяқ,
Жұпсыз қандай жүдеу!
Екі бірлік мықты,
Екеу дейді **жұпты**
Екіліктен басқа,
Барлық **екі** құтты!

Үш дегенім **үштік**,
Үш саусақты қыстық,
Біреу, екеу, үшеу,
Үшке тура түстік!
Есте сақта!
Бір – дара, жалқы
Екі – жұп, қос.

- Қарамен жазылған сөздерге назар аудар.
- Бір, екі сандарының синонимін жаз.
- Мағыналық түріне ажырат.

5. Сөз тіркестерін оқы.

Үш ұялы телефон, он төрт озат оқушы, екі жүз сексен алты шақырым, жиырма үш планшет.

- Сан есімдерді түрлендіріп жаз.

Үлгі: үш – үшінші, үшеу, үштен бір, үштей, үш-үштен.

- Берілген сан есім, зат есімдерді қатыстырып сөйлем құрап жаз.

6. Ойлан, тап!

Бір атауда – үш атау

Алғашқы бес әріппен,
Жазылған мүлік қорымын.
Содан соңғы үш әріппен,
Патшалық дәуір зорымын.

Ең соңғы үш әріппен,
Жан болам өмір сыйлаған.
Үшеуін қоссаң, үй болам,
Рухани байлық жинаған.

(Кітапхана)

- *Кітапхана* сөзі неше әріптен, неше атаудан құралған?
- *Кітапхана* сөзін мағынасына қарай бөл. Шыққан сөздердің мағынасын түсіндір.

7. Түсініп оқы.

Талғат Мұсабаев – қазақтың 2-нші, ал әлемнің 309-ыншы ғарышкері. 1994 ж. ғарышқа 1-інші рет ұшқанда (Союз ТМ-19) 126 күн ғарышта өткізген. 1998 ж. ғарышқа 2-нші рет ұшқанда (Союз ТМ-27) 208 күн ғарышта өткізген. Ол бір ай ішінде 5 рет, барлығы 30 сағат 8 минут ашық ғарышта болған сапары үшін Гиннес рекордтар кітабына енген. 2001 ж. ғарышқа 3-інші рет ұшқанда (Союз ТМ-32) 8 күн ғарышта өткізген.

(«Қазақстан спорт жұлдыздары» кітабынан.)

- Мәтіндегі сан есімдерді сөзбен жаз. Сан есімдердің түрлерін анықта.

8. Санамақты оқы.

Бөрік тіктім

Он ойланып,
Тоғыз толғанып,
Сегіз рет сызып,
Жеті рет бұзып,
Алты рет қарап,
Бес рет санап,

Төрт түйме қадап,
Үш тал үкі тағып,
Екі қолым талып,
Бір бөрік тіктім,
Өзер деп біттім.

- Заттың санын білдіретін сөздерді өсу ретімен теріп жаз.

Сын есім және оның түрлері

Заттың түрін, түсін, сапасын білдіретін сөздерді **сын есім** дейміз. Сұрақтары: *қандай? қай?* Сын есімдер дара және күрделі, негізгі және дара, қарсы мәндес, сапалық және қатыстық болып бөлінеді. Сын есімдер құрамына қарай дара және күрделі болып бөлінеді. Дара сын есімдер бір ғана түбірден тұрады. *Мысалы:* ақ, зерек, дәмді. Күрделі сын есім кем дегенде екі түбірден құралады. *Мысалы:* орта жаста, үлкенді-кішілі, ақсары, қара көк.

1. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Бақытты бол, бөбегім!

Таза ауасы даланың,
Салтанаты қаланың
Әлдилейді тербетіп,
Жас жүрегін баланың.



Естіп жүрсем күлкісін
Мәз-мейрам боп қаламын.
Тал, қарағай көк өрім,
Айдын көлің, өзенің,
Қар жамылған асқар тау,
Байтақ дала – өз елің.
Дарқан елдің еркесі,
Бақытты бол, бөбегім.

● Сын есімді тап, сұрақ қой.

2. Сөздерді оқы.

Әдепті, қою, тәртіпті, қара ала, әдемі, ақ боз, сары, қара торы.

● Дара сын есім мен күрделі сын есімдерді бөлек-бөлек теріп жаз.

3. Сөйлемдерді оқы.

1. Жақсы адамның көңілі – гүл,
Жанға сәуле түсірген.

Нашар адамның көңілі – түн,
Кеудеден отты өшірген.

2. Сау дене, азат ақыл, адал көңіл – үшеуімен болады бақытты өмір.

● Көшіріп жаз.

● Сын есімдерді тап, сұрақ қой.

4. Сөйлемдерді оқы.

1. Жұлдыз – қатты қызған газдан тұратын, Күнге ұқсас ғарыштық алып дене. 2. Күн – Жер ғаламшарына ең жақын жұлдыз. Ол Күн жүйесінің дәл ортасында орналасқан. Күн – алып жұлдыз, өте ыстық газды шар. 3. Ай – Жердің табиғи серігі. Ол Жерге жақын орналасқан, жарық шығармайтын аспан денесі. Ай Жерден 81 есе жеңіл. 4. Құралсыз көзбен бір жұлдыз сияқты болып көрінетін екі жұлдызды «қос жұлдыз» деп атаймыз. 5. Жұлдыздар жиырылады, кеңейеді. Бір күні қатты жарылып, тіршілігін тоқтатады. 6. Ауа райының ерекшеліктері Жердің Күнді айналуына байланысты.

● Бірінші және екінші сөйлемдерді көшіріп жазып, сын есімдердің астын сыз.

● Сөйлемдердегі сын есімдерді тап.

5. Мәтінді оқы.

Шолпан – Күн жүйесіндегі екінші және ең ыстық ғаламшар. Шолпанның бетін Жерден оптикалық құралмен бақылау қиын, өйткені ол бұлтқа оранған. Шолпанның бетін күкірт қышқылынан құралған бұлттар торлап тұрады. Бұл бұлттар Күн қызуын Шолпанға жібермей ұстап қалады. Шолпанның қалың атмосфералық қабаты көміртектен тұрады. Ядросы темірден жаралған, сондай-ақ оның да магниттік өрісі әлсіз.

● Сын есімдерді тап. Сын есімдерді түріне қарай ажырат.

6. Ертегіні оқы.

Ертеде адамдар жаңбыр жаумаған соң, Жаратқанға жалбарынып, тасаттық беріпті. Ұзамай жаңбыр жауа бастапты. Жаңбырдан соң жер бетіне алғашқы кемпірқосақ пайда болады. Біреулер кемпірқосақты аспанға апаратын көпір десе, екіншісі Жаратушының бізге сыйлаған қуанышы дейді. Мұны естіген кемпірқосақ:

– Мен – кемпірқосақпын. Менің жолақтарым жеті түрлі түстен тұрады. Қызыл түс – иман байлығын, қызғылт сары – денсаулықты, сары түс – молшылықты, жасыл түс – береке-бірлікті, көк түс – қуаныш пен бақытты, ал сия көк түс ұзақ өмірді білдіреді, – дейді.

– Кемпірқосақ, сені көрген сайын біз жеті түрлі жақсылықты көретін болдық қой, – деп адамдар қуанды.


- Кемпірқосақ түстерін атап бер.
- Сын есімдерді тап.
- Құрамы мен мағынасына қарай ажырат.

Тасаттық – қуаңшылық болған кезде жұрт жиылып жаңбыр тілеу мақсатында орындалатын рәсім.

7. Жұмбақты шеш.

Көкжиектен көрінді от,
Онсыз бізге өмір жоқ.

(Күн)



- Сызба бойынша сын есім туралы еске түсіріп айтып бер.

8. Өлеңдерді оқы.

Күн

Кең аспан ғой Ай, Күннің
Қашаннан-ақ тұрағы.
Кейде сол Күн Айгүлдің
Көзінде де тұрады.



Кейде кіріп бөлмеме,
Ол ойнайды айнада.
Шомылады көлге де,
Шуақ шашып қайда да.

Айналаға ол тұр төніп,
Дегендей Жер құлпырсын.
Тілегіміз – нұр төгіп,
Төбемізде күн күлсін!

Ай

Дөп-дөңгелек айнадай,
Жақын еді ай қандай?
Жарық етіп маңайды,
Бақырайып қарайды.



Туады тек ол кешке,
Түннің көзі емес пе?!
Ұшақпен мен ұшсам ғой,
Айды барып құшсам ғой!

(С. Оспанов)

- Қалаған өлеңіңді көшіріп жаз.
- Сын есімдерді теріп жаз. Сұрақ қой.

«**Айдың тұтылуы**» дегеніміз – Айдың Күн мен Жердің көлеңкелі жағымен бетпе-бет келуі. Бұл – сирек болатын құбылыс. Айда ауа жоқ, бірақ екі шетіндегі полюсінен мұз күйіндегі су табылған.

9. Мәтінді оқы.

Жер – қатты, сұйық заттар мен газдардан тұратын алып шар. Ол ғарышта Күнді айналып қозғалады. Жер – өмір сүруге болатын жалғыз ғаламшар. Жерде Күннің жылуы мен жарығының арқасында өмір сүріп отырмыз. Жердің орасан зор бөлігін су алып жатыр. Ай – Жер серігі. Айдың Жерді айналуы және Жердің Күнді айналуы Күн және Ай тұтылуын тудырады.

● Сын есімдерді тап. Сын есімдердің түрін анықта.

10. Сөйлемдерді оқы.

1. Аққайың – діңі ақ түсті жалғыз ағаш. Ол солтүстік климатта ғана өседі. 2. Ауа райының ерекшеліктері Жердің Күнді айналуына байланысты. 3. Атмосфера тұрақты қозғалыс үшін қуатты Күннен алады. 4. Бастапқыда Жер тым ыстық болды. Әйтсе де, біртіндеп салқындап, өмір сүруге қолайлы қалыпқа түсті.

● Сын есімдерді теріп жаз. Сұрақ қой.

11. Мәтінді түсініп оқы.

Бала кезінде барлығы ғарышкер болуды армандайды, алайда мұндай арманшылдардан ғарышкерлердің жұмысы неге негізделген деп сұрасаңыз, тосылып қалуы мүмкін. Шынымен, олар ол жақта немен айналысады екен?

Ғарышкерлер каютаның қабырғасына таңылып қойған арнайы қапшықтарда ұйықтайды. Себебі ондағы салмақсыздық жағдайында осылай ұйықтау ғана ыңғайлы болады. Дегенмен, құлақты жауып қоюға да тура келеді, әйтпесе жұмыс істеп тұрған механизмнің дыбысынан ұйықтау мүмкін емес.

● Сын есімдерді тап. Сұрақ қой.

12. Түсініп оқы.

Ғарышта барлық тағамның дәмін татып көру мүмкін емес. Мысалы, ғылым жапониялық ғарышкерлердің өтінішін орындай алмады: суши жылдам бұзылады, оларды тұтынуға лайықты түрде ұзақ уақыт сақтау мүмкін емес. Ал американдық Терри Виртс ұлттық асханаға деген сағынышын басудың жолын тауып, «ғарыш бургерін» жасады: онда тоқаштың орнына шелпек, ал балғын қызанақтың орнына томат пастасы қолданылған.

- Көшіріп жаз.
- Сын есімдерді сұрақ қою арқылы тап.

13. Мәтінді оқы.

Егер бұрындары ғарыштық тағамдар арнайы құтыға салынған, құрғақ күйде болса, бүгінде орбита тұрғындары өздерін әртүрлі рационмен еркелете алады. Езбе – сорпаны сумен араластырып, пакеттің ішінде тұрған қалпында тұтынуға болады, ал екінші тағамдар – қасыққа жылдам жабысатын консервілер. Қиқымдары түспеуі үшін бір рет асауға болатын нан.

- Берілген сөздердің түсініктемесін жаз.

Езбе –

Екінші тағамдар –

Ғарыштық тағамдар –

14. Жаңылтпашты оқы.

Ғарышкер ұшты ғарышқа.

Ғарышқа ұшты ғарышкер.

Айтшы, ғарыш алыс па?

- Жаңылтпашты жатқа айт.
- Жаңылтпашты жатқа жаз.

Сын есімнің шырайлары

Біртекес сынның бір-бірінен айырмашылықтарын анықтайтын сын есімнің түрлері **сын есімнің шырайлары** деп аталады.

Сын есімнің 4 түрлі шырайы бар: **жай шырай**, **салыстырмалы шырай**, **күшейтпелі шырай**, **асырмалы шырай**.

Жай шырай – заттың жай қалыпты түрін, түсін, сапасын, салмағын, көлемін білдіретін сын есімдер.

Салыстырмалы шырай – бір заттың сындық белгісін екінші затпен салыстырғанда кем не артық екенін білдіретін шырайдың түрі.

1. Өлеңді оқы.

Көктем

Келсе көктем сырнайлы,
Бұлақ күліп – тынбайды.
Шуақ төгіп күміс күн,
Бұлақ бақта жырлайды.

Қыр құлпырып гүлдейді,
Бал арасы гулейді.
Асық ойнап топ бала,
Жуырда үйге кірмейді.

(Т. Еділбай)

- Сын есімдерді тап.
- Көшіріп жаз.

2. Мәтінді оқы.

Күн жүйесінің орталық денесі – Күн. Ал Күн дегеніміз – жұлдыз, яғни қызған газды шар. Күн жүйесінің қалған денелері – салқын денелер.

Күн жүйесінің төрт ішкі ғаламшары – Меркурий, Шолпан, Жер, Марс онша үлкен емес. Олар тығыз тасты заттар мен металдардан құралған. Төрт сыртқы ғаламшар – Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун әлдеқайда көлемдірек. Олардың салмағы да үлкен.

- Жай шырайды тап.
- Салыстырмалы шырайды тап.

3. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Жаңбыр

Жаушы, жаңбыр!
Жауа түсші тағы да.
Күтіп едік күндер бойы сағына.
Бау-бақшалар тозаңынан арылсын,
Жасыл құрақ мөлдір моншақ тағынсын.
Тамшыларың сүйсін сәби маңдайын,
Бар адамның тамсандырып таңдайын.
Селдетші бір, құшағымды ашайын,
Шөліркеген шөлімді бір басайын.

(Т. Еділбай)

● Жай шырайларды тап. Салыстырмалы шырай жаса.

4. Мәтінді оқы.



Ай – Жердің табиғи серігі. Ол – Жерге жақын орналасқан, жарық шығармайтын аспан денесі. Шар тәрізді болғандықтан Күн бір мезетте Айдың жартысына ғана жарық түсіре алады. Бізге айдың пішіні әр кезде әртүрлі болып көрінетіні де сондықтан. Ай толық фазасына енгенде түгел көрінеді. Айда шұңқырлардың, таулар мен төбелердің көптігінен оның беті шұбарланып көрінеді. Сондай-ақ Ай бетін топырақ пен тастар жауып жатыр.

● Жай шырайларды тап.

● Берілген сын есімдерді жұптастырып жаз.

Аласа, жарық, қымбат, қою, қараңғы, қалың, алыс, сұйық, жұқа, жіңішке, жуан, жақын, арзан, биік.

Салыстырмалы шырай – зат белгілерінің артық-кемдігін бір-бірімен салыстыру арқылы анықтайды.

Жасалу жолдары: 1) -ырақ, -ірек, -рақ, -рек: қаттырақ, жақсырақ т.б. 2) -лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу: жасылдау, аласалау т.б. 3) -қыл, -ғыш, -қылт, -ғылт: сарғылт, дымқыл т.б. 4) -шыл -шіл: көкшіл, ақшыл т.б.

5. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Көбелек

Күлгін, жасыл, көгілдір, Қанатының түр-түсі. Ақшыл дене мөп-мөлдір Қысқа өмір тұрмысы.	Қызыл жолақ, сары бел, Кей бояуы көк мейлі. Ақнұр қуып әбігер Жақындайды, жетпейді.
---	--

(«Білімділер» сайтынан.)

● Сын есімдерді тап. Шырай түрін анықта.

6. Ұйқастарын тап.

Үйіңде сенің бар ма? Бала таситын	Аққуды жұрт мақтайды, Оны ешкім
--	--

Төрге оны төсеп, Қабырғаға ілем. Оның аты –	Атқа мынау күрең Секіріп мен
---	---------------------------------------

Ағып жатыр бұлақ Жағасында	Жұмсайсың оны сен де, Жұмсаймын оны мен де. Қалай еді аты?
-------------------------------------	--

Керекті сөздер: кілем, құрақ, мінем, арба, теңге, атпайды.

● Зат есімдерді сын есімдермен тіркестіріп жаз.

Сөздерді оқы.

Көк- ..., жарық- ..., сүйкімді- ..., күшті- ..., биік- ..., ұзын- ..., ақ- ..., арық- ..., қара- ..., таза- ..., қоңыр-

● Берілген сын есімдерден салыстырмалы шырай жаса.

7. Өлеңді оқы.

Ай бетінен із кескен,
Жұлдыз...мен тілдескен.
Кең әлемнің қойнынан
Құпия... іздескен
Астроном аға... !

- Көп нүктенің орнына көптік жалғауын қой.
- Өлеңді көшіріп жаз.

8. Мәтінді оқы.

Барыс – өте сақ және епті жыртқыш. Түсі көкшіл сұр, қара теңбілді шұбар болады. Жүні салалы ұзындау болады. Барыс көбінесе басын мәңгі қар басқан биік тауларда мекендейді. Қар қалың түскенде ғана төмендеп, орман белдеуіне дейін келеді. Барыс ымырт жабыла қорек іздеуге шығады, ашыққан кезде аңды күндіз де аулай береді.



Барыс қия жартастардағы үңгірлерге күшіктейді. Оны бірнеше жыл мекен етеді.

Біздің елімізде барысты хайуанаттар бағы үшін ғана аулайды. Барыс – бағалы аң.

- Сөз құрамына талда.
- Салыстырмалы шырайды тап.

9. Сын есімдерді көшіріп жаз.

Аласа, жарық, қымбат, қою, қараңғы, қалың, алыс, сұйық, жұқа жіңішке, жуан, жақын, арзан, биік.

- Берілген сын есімдерді үлгі бойынша салыстырмалы шырайда жаз.

Үлгі: аласа – аласалау,

Күшейтпелі шырай – зат белгілері басқа зат белгілерімен салыстырғанда өте артық немесе өте кем екендігін анықтайтын шырай түрі.

Күшейтпелі шырай негізгі сын есімге күшейткіш буынды қосу арқылы жасалады. *Мысалы:* жап-жасыл, қап-қара, ап-аласа, боп-боз, аппақ т.б.

10. Өлеңді мәнерлеп оқы.

1. Арасында гүлдің
Ойнап бүгін жүрдім.
Қызыл, көкшіл, сары
Әп-әдемі бәрі.
Бірі сондай ірі,
Ал нәп-нәзік бірі.

2. Өмір деген тұрмайды: қап-қарадан.
Өмір деген тұрады: ақ – қарадан,
Ақ – қара, екі арасын ашып өтіп,
Арымен өз бақытын тапқан Адам!

(Ш. Сариев)

● Күшейтпелі шырайларды тап.

11. Сөздерді оқы.

Таза, мөлдір, ақ, жарық, жасыл, жақсы, ұзын, биік, аласа, арық, толық.

● Берілген сын есімдерден күшейтпелі шырай жаса.

Жұмбақты оқып, жатқа жаз.

Сырты жасыл, қап-қатты,
Іші қызыл, тәп-тәтті.

● Шешуін тап. Сын есімдерді тауып, олардың шырайын анықта.

Асырмалы шырай – зат белгілерін басқа заттардан тым көтеріп немесе тым төмендетіп көрсететін шырай түрі.

Асырмалы шырай **өте, тым, аса, ең, тіпті, нақ, ал, орасан, керемет** сияқты үстеулердің тіркесуінен жасалады:

Мысалы: тым жақсы, өте қызыл, ең әдемі, аса биік т.б.

12. Өлеңді оқы.

Адамға ең керегі

Адамға ең керегі –
Адамшылық кең құшақ.
Өмір сүргім келеді,
Өзге емес, ер құсап.

Адамға ең керегі –
Тоқсан тоғыз өнер де.
Өмір сүргім келеді,
Тамыр жайып тереңге.

(«Білімділер» сайтынан.)

● Көшіріп жаз.

● Асырмалы шырайды тап.

13. Сөйлемдерді оқы.

1. Ақ аю – жер бетіндегі ең үлкен жыртқыш. Ересек ақ аюдың дене тұрқы үш метрге дейін жетеді. Салмағы 650 – 700 келі тартады. 2. Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәрте болмаса да, жұмасында бір, ең болмағанда айында бір рет өзіңнен өзің есеп ал.

● Сөйлемдерді көшіріп жазып, асырмалы шырайдың астын сыз.

14. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Туған елдің ұлымын
Аспанымдай мөлдірмін,
Жайлауымдай жазықпын.
Өзенімдей өршілмін,
Гүлдерімдей нәзікпін.

Қуат алған өзінен
Туған елдің ұлымын.
Бақытты етіп өсірген
Отанымның гүлімін.

(А. Сәрсеков)

● Сын есімдерді тап.

● Шырай түріне ажырат.

Етістіктің түрлері

Етістік – заттың қимылын, іс әрекетін білдіретін сөз табы. Сұрақтары: *не істеді? не қылды? қайтті?* т.б. *Мысалы:* Көп ойласаң, дана боласың, көп ойнасаң, бала боласың. Берілген мысалда *ойласаң, ойнасаң* деген сөздер қимылды, іс-әрекетті білдіреді.

Етістік құрамына қарай **негізгі түбір етістік** және **туынды түбір етістік** болып екіге бөлінеді. Сөздің негізгі түбірі етістік болса, ол негізгі түбір етістік деп аталады. *Мысалы:* кел, бар, жүр т.б. – негізгі етістіктер.

Басқа сөз таптарынан сөз тудырушы жұрнақ арқылы жасалған етістіктер туынды түбір етістік деп аталады. *Мысалы:* ойна, қарайып, көгерген т.б. – туынды етістіктер.

Етістіктер құрылысына қарай **дара етістік** және **күрделі етістік** болып екіге бөлінеді.

Бір сөзден тұратын етістік **дара етістік** деп аталады.

Екі не одан да көп сөзден құралып, бір ғана мағынаны білдіріп, бір сұраққа жауап беріп, сөйлемнің бір ғана мүшесі қызметін атқаратын етістіктер **күрделі етістіктер** деп аталады.

1. Мәтінді оқы.

«Ғарыш кемелері» дегеніміз – зерттеу жұмыстарына арналған зымырандар. Олар ғарышқа зерттеу жүргізу үшін жіберіледі. Олар экипажбен де, өз бетінше де жүре алады және ғарыштың алыс жерлерінде де, Жерге жақын маңда да жұмыс істей береді. Ғарыш кемелері жерге қона алады немесе ғаламшардың, яғни Айдың орбитасында айналып жүре алады. Кеме орбитаға жетісімен экипаж жұмысқа кіріседі. Олар ғарыш кемесінің ішінде және сыртында әртүрлі тапсырмаларды орындайды.

(«Жер және ғарыш» кітабынан.)

- Мәтіннің соңғы екі сөйлеміндегі етістіктерді тап.
- Етістіктерді тап.

2. Мәтінді тыңда.

Шөптегі шық

Жаздың жылтыр таңында тоғайға барсаң, шөп арасында сансыз меруерт көресің, сол меруерттер күннің көзіне жылт-жылт етіп, біресе қызыл, біресе сары болып құлпырады. Құлпырып тұрған немене деп жақындап қарасаң, үшкіл жапырақтар үстінде жылтылдап тұрған шық тамшылары боп шығады.

Сол жапырақтардың астары бейне бір түкті барқыт. Бетінде тамшылар домаласа да, жапыраққа су жұқпайды. Жапырақты аңғырттана жұлып алсаң, жылтылдақ тамшылар моншақтай домалап, сабағынан құлап түсіп кеткенін көрмей қаласың. Сондай бір топ жапырақты ақырын үзіп алып, аузыңа ептеп апарып, шықтарын сорып қойсаң, қай сусыннан болса да тәтті болушы еді!

(«Тіл дамыту» кітабынан.)

- Мәтіннің бірінші бөлігіндегі сын есімдерді тап.
- Мазмұнын қысқаша баяндап бер.
- Күрделі етістіктердің қалай жасалып тұрғанын көрсет.

3. Сөйлемдерді оқы.

Шолпанның «таңғы жұлдыз» және «кешкі жұлдыз» деген атаулары бар. Өйткені ол таң атарда және ымырт түскенде аспанда бірінші болып жарқырап көрінеді. Шолпан осінің орбита жазықтығына көлбеулігі тік бұрышқа жуық, сондықтан Күн оның екі жағын бірдей жарықтандырады. Шолпан бұлттары планетаны түгел шарлап, әрі-бері жөңкіліп жүреді. Тіпті экваторлық полюстерге дейін барады. Түнгі аспанда анық көрінетін болғандықтан Шолпан адамзатқа ежелден таныс. Қазақ халқы қыздарына «Шолпан» есімін жиі қояды.

- Асты сызылған сөздерге сұрақ қой.
- Етістіктерді тап, құрамына қарай ажырат.

4. Мәтінді оқы.

Табиғаттың күн сәулесі, жел, бұлт, жаңбыр, аяз, ыстық пен суық сияқты құбылыстарын және осы құбылыстардың біріккен әрекетін «ауа райы» дейміз. Суық аймақтарда жер бетін қар басады. Жер бетіне жақын түскен бұлттар тұманға айналады. Өсімдіктердің аз өсуі шөлдің пайда болуына әкеліп соғады.

Климат белгілі бір аймақтың ұзақ уақытқа созылатын, әсіресе жылдар бойы қалыптасқан ауа райының үлгісін көрсетеді. Климат қандай да бір жыл мезгілінде өсіруге болатын өсімдіктер мен дәнді дақылдарды анықтайды. Жаңбыр шамадан тыс көп жауса, өзендер арнасына сыймай тасиды және егіске зиянын тигізеді.

- Бірінші бөлімнің соңғы үш сөйлеміндегі етістіктерді тап.
- Етістіктерді тап.

5. Мәтінді тыңда.



«Құс жолы» дегеніміз – құрамына Күн, Жер және Күн жүйесіндегі басқа да денелер енетін ғалам. Газдан және шаң тозаңнан құралған орасан үлкен бұлттар ғаламның өн бойына түгел тараған. «Құс жолының» сырт көрінісі орта тұсы дөңестене біткен дискіге ұқсайды. Дөңес тұсы ірілі-ұсақты сансыз жұлдыздардан тұрады. Жұлдыздар, шаң және газдар орталық дөңестен ұзын ирелеңдеген жолақтар болып тарап, шиыршықталған сым сияқты пішін құрады. Жақын маңдағы жұлдыздың сәулелі жолақтарынан пайда болатын көмескі жарықтың әсерінен «Құс жолы» ғаламы сәулелі лентаға ұқсап көрінеді.

- Етістіктерді тап. Құрамына қарай ажырат.
- «Құс жолы» туралы басқа деректерден қосымша ақпарат тап.

Етістіктің шақтары

Етістіктің **үш шағы** болады. Осы шақ, өткен шақ, келер шақ.

Осы шақ сөйлеп тұрған кезде болып жатқан қимыл, іс-әрекетті білдіреді. **Өткен шақ** сөйлеп тұрған сәттен бұрын болып кеткен қимыл, іс-әрекетті білдіреді. **Келер шақ** сөйлеп тұрған кезде әлі болмаған, бірақ кейін болуға тиісті қимыл, іс-әрекетті білдіреді.

1. Мәтінді түсініп оқы.

Табиғи серіктер – ғаламшар орбитасын айналып жүретін кәдімгі аспан денелері. Олар ғаламшарды тартылыс күшінің арқасында айнала бастайды. Айға ұқсас табиғи серіктерден басқа, адам қолымен жасалатын, Жер орбитасынан шығарылған жасанды серіктер де бар. Оларды әртүрлі ғылыми және технологиялық мақсаттар үшін пайдаланады. Жасанды серіктердің арқасында біз теледидар, телефон, ғаламторды пайдаланып, сыртқы әлеммен қатынаса аламыз. Жасанды серікті ғарышқа ұшыру үшін қатты және сұйық отын түрлері жұмсалады.

● Етістікті тап, қай шақ екенін анықта.

2. Сөйлемдерді оқы.

1. Ғарышқа жіберілетін адам «ғарышкер» деп аталады.
2. Ұшу және қону ғарыш сапарының ең қауіпті сәттері болып табылады.
3. Айға ұшқыштың басқаруымен сапарлау 1968 жылдың 21 желтоқсанынан басталды.
4. Айда ауа жоқ, бірақ екі шетіндегі полюсінен мұз күйіндегі су табылған.
5. Шолпан ғаламшарының әлемдік атауы – Венера. Бұл атау ежелгі Рим аңыздарындағы Махаббат құдайы – Венераның құрметіне қойылған.

● Етістіктерді тап, құрамына қарай ажырат.

3. Сөйлемдерді оқы.

Ю. А. Гагариннің есте сақтау қабілеті ерекше, мінезі орнықты болды. Сабаққа да, жаттығуға да ұқыпты еді. Спорт ойындарында жетекшілік рөл атқаратын. Оның жаттығудағы төзімділігі, шыдамдылығы ерекше көзге түсетін. Гагариннің жақсы көретін сөзі – «еңбек ету» еді.

- Гагарин кім?
- *Еңбек ету* сөзін үш шақта жаз.

4. Сөйлемдерді оқы. Көшіріп жаз.

1. Ғарышта бәрі қалқып жүреді. Бұл құбылыс «салмақсыздық» деп аталады. Ғарышкерлер оған су астында үйренеді. Жер бетіндегі нөлдік гравитацияға тек суасты жағдай сай келеді. 2. Айдың Күн мен Жердің арасына дәл келуін «Күн тұтылуы» дейміз. Күн толық тұтылғанда тәуліктің күндізгі мезгілі болса да, аспан қарауытып, жұлдыздар көрінеді, ауаның температурасы күрт салқындай бастайды.

- Етістікті тап, астын сыз.
- Дара және күрделі етістікті екі бағанға бөліп жаз.

5. Өлеңді түсініп оқы.

Адамға табын, Жер енді!

Үзіліп шықтық Жерден ақыры біз!
О, Адам!
Адам нағыз батырыңыз!
Бір ғасыр бір-ақ сәтте өте шықты ...
Жазира бар ма мына далама тең!
Ғарышқа сол даламды ала кетем.
Аспанның сәуірдегі сап жолында
Ақ жолы Гагариннің ала бөтен.

(О. Сүлейменов)

- Етістікті тап.

Нәтиже сабақ

1. Зат есім қатарын тап.
А) үлкен, көгілдір, ащы
Ә) Алатау, арман, алма
Б) өседі, тербеледі, ұшады
2. Туынды зат есімді тап
А) қала
Ә) малшы
Б) тау
3. Сан есім нені білдіреді?
А) заттың іс-қимылын
Ә) заттың санын
Б) заттың сынын
4. Сан есімнің сұрақтарын тап.
А) кім? қандай?
Ә) нелер? нешеу?
Б) қанша? неше?
5. Сан есімді тіркесті тап.
А) қызыл алма
Ә) әдепті бала
Б) жеті қазына
6. «*Бір тал кессең, он тал ек*» айтылымдағы есептік сан есімді көрсет.
А) тал ек
Ә) бір, он
Б) кессең
7. Сын есім қатарын тап.
А) ақыл, үлкен
Ә) ащы, қоңыр
Б) қызыл, қоңыз

8. Дұрыс жазылған сын есімді тап.
 - А) жаңбыр
 - Ә) жауын
 - Б) жаңбырлы
9. Күрделі сын есімді көрсет.
 - А) бозғылт
 - Ә) сарғыш
 - Б) қара көк
10. Негізгі сын есім неден тұрады?
 - А) жұрнақ, сөзден
 - Ә) жалғау, сөзден
 - Б) түбір сөзден
11. Негізгі сын есімді тап.
 - А) ірі, көне
 - Ә) тәртіпті, ақылды
 - Б) тар, таудай
12. Етістік нені білдіреді?
 - А) заттың іс-қимылын білдіреді
 - Ә) заттың атын білдіреді
 - Б) заттың санын білдіреді
13. Дара етістікті тап.
 - А) кел, айтып береді
 - Ә) оқы, айт, бар
 - Б) оқығым келеді, тазала
14. Күрделі етістікті көрсет.
 - А) сөйле, ойнап отыр
 - Ә) әңгімелесіп отыр, бара жатыр
 - Б) зулады, барғым келді
15. Туынды сын есімді тап.
 - А) жақсы
 - Ә) қайратты
 - Б) әдемі

КӘСІП ПЕН ЕҢБЕК

Есімдік. Есімдіктің түрлері

Есімдіктер есім сөздердің (зат есім, сын есім және сан есім) атын да, белгісін де, санын да атамай, тек соларды нұсқап, меңзеп көрсетеді де, солардың орнына қолданылады. Сондықтан да кейде есімдіктерді орынбасар сөздер деп атайды.

Есімдіктер мағынасына қарай **7 топқа** бөлінеді:

1. *Жіктеу есімдігі*
2. *Сілтеу есімдігі*
3. *Сұрау есімдігі*
4. *Өздік есімдігі*
5. *Жалпылау есімдігі*
6. *Болымсыздық есімдігі*
7. *Белгісіздік есімдігі*

1. Сөйлемдерді оқы.

1. Бір шалдың төрт ұлы болыпты. Бірде шал оларды жинапты. Олардың әрқайсысына бірнеше ақыл айтыпты. 2. Біз адамды сүйеміз, оның өмірі ең қымбат сыйлық дейміз. 3. Біз барлық әлемде ешқашан соғыс болмауын тілейміз.

● Есімдіктерді тап. Олардың қандай сөздердің орнына қолданылып тұрғанын анықта.

2. Берілген сөйлемдерді оқы.

1. Кеше сені біреу іздеді. 2. Ешбір адам маған ештеңе айтпады. 3. Ол сабақтан әлдеқашан келген. 4. Ол ешқашан менен ештеңе сұраған емес. 5. Оның бірнеше мамандығы бар. 6. Мен өз тәжірибеме сүйеніп тұрмын. 7. Әркім өзінің пікірін айтуы керек. 8. Ол өзінің бөлмесінде сабақ дайындап отыр.

● Сөйлемдерді көшіріп жаз.

● Сөйлемдерден есімдіктерді тап, астын сыз.

3. Мәтінді оқы.

Өскемен қаласы – облыс орталығы. Ол кенді Алтайдың етегінде, Ертістің оң жағасында, Үлбі өзенінің оған құяр тұсында орналасқан. Оның аумағы – 54,4 мың гектар. Ертістің жағалауында бірнеше алтын өндіретін аймақ табылды. Барлық қаралған мәліметтер бойынша бұл жер «Тастақты таулар сағағы» деп аталыпты. Бұл ертеде солтүстік аудандағы ең ірі қамал болды. Қалада сауда және өнеркәсіп жедел қарқынмен дамыды. Бұл – Алтайдың Қазақстан бөлігіндегі алтын өндіретін орны. Өскеменде су электр стансасы бар. Бұл өлкенің табиғаты ерекше әдемі. Әркім өз туған жерінің тарихын, салт-дәстүрін білуі керек.

● Мәтіннен жалпы және жалқы есімдерді тап.

● Берілген сөйлемдерден есімдіктерді тап, мағыналық түрлерін ажырат.

4. Сөйлемдерді оқы.

1... ертегі оқып отыр. 2. ... кітапханаға келдің. 3. ... дүкеннен сүт, нан, май сатып алдым. 4. ... досына жеделхат жіберді. 5. ... шахмат ойнадыңыздар. 6. ... ауладағы гүлдерге су құйдыңыз. 7. ... балтамен ағаш жарды.

● Көп нүктенің орнына тиісті жіктеу есімдіктерді қой.

5. Сөздерді оқы.

Өзі, бірдеңе, ешқайда, әрбір, бұл, бәрі.

● Есімдіктерді қатыстырып сөйлем құрастыр.

6. Өлеңді жатқа жаз.

Біздің әскер – сақшысы,
Біздің қызық күндердің.
Біздің әскер – сақшысы,
Біздің тыныш түндердің.

(Ф. Мүсірепов)

7. Сөйлемдерді оқы.

1. Анау үйді көрдің бе? 2. Дауыл қандай қатты соқты. 3. Алғысты мына батырға айтамыз. 4. Осынау жылдардағы бар өмірі жол үстінде өтіп келе жатқан секілді. 5. Ол бұл жиналысқа келген жоқ. 6. Әрбір оқушы өзінің міндетін білуі тиіс. 7. Қалаға өзіміз де ертең жүреміз. 8. Әр бала сабаққа тиянақты дайындалуға міндетті.

● Сөйлемдерден есімдіктерді тап, қай топқа жататынын анықта.

8. Сөйлемдерді оқы.

1. Бұл үй әлдеқашан ескірген. 2. Өзім кітап оқуды жақсы көремін. 3. Сенің ағаң қай университетте оқиды? 4. Сен бұл шығарманы бірнеше рет оқып шық. 5. Қоршаған ортаны қорғау – әрбір азаматтың парызы. 6. Олардың жүзінен қуаныш лебі сезілді. 7. Олар атасынан рұқсат сұрады. 8. Сол сұрапыл соғыс жылдарында әрбір ауыл адамы аянбай еңбек етті.

● Төмендегі сөйлемдерден есімдіктерді тауып, олардың мағыналық түрлерін анықта.

9. Сөйлемдерді оқы.

1. Олар астанадан жеделхат алды. 2. Онда біздің апамыз тұрады. 3. Барлық жерде үлкен зауыт салынады. 4. Мен далада ешкімді кездестіре алмадым. 5. Айнала тып-тыныш, ешбір дыбыс естілмейді. 6. Мектеп жақтан біреу келе жатыр. 7. Олар қайда кетті? 8. Сыныпта неше оқушы бар? 9. Бұл өзіміздің балалардың жұмысы. 10. Жиналысқа бәрі келді. 11. Ол маған біраз әңгіме айтты. 12. Мен сенің жақсылығыңды ешқашан ұмытпаймын.

● Сөйлемдерді көшіріп жаз.

● Есімдіктердің астын сыз.

10. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Кәсібің – нәсібің

Кәсіптің бар киесі,
Қиындығы, белесі.
Біз боламыз өскенде,
Сан кәсіптің иесі.

Арқа сүйер елімнің,
Мақтанышы боламыз.
Ұлан-ғайыр жерімнің,
Мамандары боламыз.

(Ж. Серікқызы)

● Өзіңнің қалаған мамандығың туралы айтып бер.

11. Тапсырманы орында.



Ата толғауы

Намысты ұлы бол,
Қазақтай еліңнің.
Шуақты нұры бол,
Кең-байтақ жеріңнің.

Құлыным, кел енді!
Қаламды алайық.
Жеті ата тегінді,
Нақтылап жазайық.

(«Білімділер» сайтынан.)

● Кестені басшылыққа ала отырып, өзіңнің жеті атаңды жаз.

12. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Тікұшақ

Шарлайды даланы,
Шолады шалғайды.
Геолог ағаны
Көтеріп самғайды.
Малшыға көмекке,
Қолма-қол келеді.

Дәрігер керек пе –
Жеткізіп береді.
Көліктер жүрісін
Бақылар, жол қарап.
Тікұшақ – біз үшін
Таптырмас қолқанат.

(Н. Айтов)

● Есімдікті тап.

● Өлеңде қандай мамандықтар туралы айтылған?

13. Өлеңді оқы.

Тігінші



Өнері қол ұшында,
Апам менің – тігінші.
Тігіншінің ішінде
Бас бармақтай бірінші.
Озып шығып қатардан,
Көп алғысқа кенелген.
Үздік шебер атанған,
Мақтаныш қып келем мен.

(Ш. Мұхамеджанов)

● Туынды зат есімді тап.

14. Мәтінді түсініп оқы.

Мен бала кезімнен құрылысшы болуды армандадым. Адамдардың жаңа, әдемі үйге кірген кездегі қуанышын көрудің өзі бақыт емес пе?!

Құрылысшы – өте жауапты мамандық. Құрылыста үй жобасын жасайтын – сәулетші, тас қалаушы, темірлерді байланыстыратын – дәнекерлеуші, ағаш шебері, сылақшы, краншы, шатырлаушы еңбек етеді. Олар үй, ғимараттар салады. Үйді салуды бірінші іргетастан бастайды. Одан кейін қабырғасын қалайды, төбесін ағашпен жауып, үстін шатырмен қаптайды. Есік, терезелерін қондырады.

● Есімдіктерді тап.

15. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Құрылысшы

Зәулім мектеп, алаңды,
Көркем үйлі қаланы,
Балалардың бақшасын
Құрылысшылар салады.

(Ә. Мұсақанов)

● Мамандық иелерін есім сөздермен алмастыр.

16. Мәтінді оқы.

Жылқышы

Міне, мен жылқышы баламын. Жасым он екіде. Қосымыз Дос пен Шошқалы аталатын екі көлдің арасындағы қалың беттегі жазықта. Айналамыз аппақ қар жамылған кең дала. Бораны көп болатын бұл даланың қары толқындаған судың бетіндей болып иректеле біткен. Айналамыздағы осы ирек қарды жылқы теуіп, астындағы шөпті алып жегендіктен, төңірегіміз ор болып жатыр.

Тебіндегі жылқыны бұл менің бірінші рет көруім. Жылқы деген жануар мал атаулының ішіндегі қайраттысы екен.

Жылқыларда аналық мейірім де керемет! Соңынан құлыны, тайы ерген биелер қар тепкенде әуелі өздері оттамай, құлындарға шөп аршып береді. Олар біраз қаужалап алғаннан кейін ғана өздері оттауға кіріседі.

(С. Мұқанов)

- Есімдіктерді тап.
- Түріне қарай ажырат.

17. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Боламын мен жылқышы

Дүбірлетіп даланы,
Бағам кілең сәйгүлік.
Қарғып ойнақ салады,
Жайылмайды жай жүріп.
Боламын мен күшіне,
Әдісі де сай жігіт.
Оңай-оспақ кісіге,
Салғызбайды тай құрық.

Тұнық суға жүздірем,
Шүйгінге ат шалдырып.
Асауға бас идірем,
Қашағанға шалма ұрып.
Жетер шырқап шың-құзға,
Салған әнім жаңғырып.
Сусындатам қымызға,
Көптің шөлін қандырып.

(О. Асқар)

- Жылқышы болу үшін адамда қандай қасиеттер болу керек?

Үстеу. Үстеудің түрлері

Тілімізде қимылдың, іс-әрекеттің әртүрлі белгісін, амалын, тәсілін, мекенін, мезгілін, себебін, мақсатын т.б. сипаттарын білдіретін сөздер **үстеу** деп аталады.

Үстеулердің мағыналық түрлері:

1. Мезгіл үстеу. 2. Мекен үстеу. 3. Сын-қимыл (бейне) үстеу. 4. Мөлшер үстеу. 5. Күшейткіш үстеу. 6. Мақсат үстеу. 7. Себеп-салдар үстеуі.

1. Сөйлемдерді оқы.

1. Биыл қыс ызғарлы болды. 2. Бүгін мен үшін ең ерекше қуанышты күн еді. 3. Кеше кешкілік саябаққа серуендеуге бардық. 4. Қазір менің ойымда сабаққа үлгеру керек деген ой тұрды. 5. Ағамдар таңертеңнен бері әлі белін бір жазбай еңбек етуде. 6. Былтыр ауылға барғандағы қызықтар әлі есімнен кетер емес. 7. «Ерте тұрған адамның ырысы артық» деп бекер айтылмаған. 8. Кешегі күннен сабақ алып, бүгінгі күнге риза болып, ертеңгі күннен мол үміт күтейік, ағайын!

- Бірінші төрт сөйлемді көшіріп жаз. Мезгіл үстеулердің астын сыз.
- Мезгіл үстеу сөздерді тап.

2. Өлеңді оқы.

Жаздыгүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек,
Ұзарып өсіп толғанда;
Күркіреп жатқан өзенге,
Көшіп ауыл қонғанда;
...Жоғары-төмен үйрек, қаз
Ұшып тұрса сымпылдап.

(Абай)

- Үстеулерді тап, түріне қарай ажырат.

3. Мәтінді түсініп оқы.

Көктем шықты. Дала қырмызы жасыл кілем жамылып, гүлдерден шашақ тақты. Арық бойларын мөлдір су қуалап, күн көзімен жалтылдап ойнай бастады. Жас талдар бүршік жарып, жапырақ жайды. Жер гүлденіп, дала түрленді. Бұл күндері Бақыт ертелі-кеш тыным тапқан жоқ. Әкелген жас шыбықтарды үйінің тұсындағы көше бойына, аула ішіне отырғызып, оларды дамылсыз суарып, дамылсыз қадағалаумен болды. Солқылдақ жас теректер күндердің бір күнінде бұршақтай-бұршақтай бүр алды. Бірте-бірте шыбықтанып, ұшар басына жапырақтар да жайылды.

(С. Сарғасқаев)

- Үстеу сөздерді тап, астын сыз.
- Түрлеріне қарай ажырат.

4. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Таза болса табиғат, аман болар адамзат.

Қорықшы болып шығамын

Қалың орман ішінде	Бел шешпеуге дайын-ды,
Құстар сайрап тынбайды.	Жайланып бос жатпаған.
Көкем ойлы пішінде	Әр тал, терек, қайыңды
Құстар әнін тыңдайды.	Ол мәпелеп сақтаған.
Аралайды, талмайды	Жастай сырын ұғамын,
Көкем нуды саялап.	Табиғатты қорғайтын.
Сірә, тыным алмайды,	Қорықшы боп шығамын,
Әр ағашты аялап.	Дәл көкемнен аумайтын.

(Қ. Жұмағалиев)

- Өлеңнің алдында тұрған мақалды көшіріп жаз.
- Үстеу сөздерді тап. Астын сыз.
- Үстеу сөздерінің түрін анықта. Сұрақ қой.

Қорықшы – табиғатты, орманды қорғайтын адам.

Сын-қимыл (бейне) үстеуі қимылдың, іс-әрекеттің амалын, сынын, бейнесін, тәсілін білдіреді. Сұрақтары: *қалай? қайтіп? қалайша? кімше?* Сын-қимыл (бейне) үстеуі көбінесе етістікпен тіркесіп жұмсалады. *Мысалы:* ақырын жүрді, тез келді, бірден сөйледі, балаша мәз болды, емін-еркін отырды, бостан-бос жүрді т.б.

5. Сөйлемдерді оқы.

1. Дұшпан ұшақтары қала үстінде күні-түні ұшып, бомбаларды боратып жатыр. 2. Енді бір қарасаң көк аспан қыпқызыл болып жанып жатқан сияқты. 3. Күн көзі жер-анаға емін-еркін қызуын төге бастады. 4. Хамит екі қолын алдына, сонан соң жоғары, екі жағына созып, гимнастика жасай бастады. 5. Ұлжан бықсыған отты түрткілеп жандыра отырып, Күлзипаның сөзіне өзінше қорытынды жасады. 6. Бұл отырған жұрт тегіннен-тегін жиналған жоқ.

● Сөйлемдерді көшіріп жаз.

● Сын-бейне үстеулерін тап, астын сыз, олардың қалай жасалғанына көңіл аудар.

6. Сөйлемдерді оқы.

Үлгі: жылдам – қалай жүрмей? – жылдам жүрмей

1. Бұдан бұрынғы екі күндік жолда үлкендер жылдам жүрмей, баланың шыдамын әбден тауысқандай. 2. Күні бойы осылай жүруге бел байлаған. 3. Ұлының спорттан жеткен жетістіктеріне балаша қуанды. 4. Сәуле ұйқыдан ерте оянған соң, ақырын басып сыртқа шығып кетті. 5. Қаннен-қаперсіз ұйықтап жатқан жау әскеріне, біздің әскер тұтқиылдан шабуыл жасады.

● Берілген сөйлемдерді көшіріп жаз.

● Сын-бейне үстеулерінің астын сыз. Тіркескен сөзімен байланыстырып, оларға сұрақ қой.

Мақсат үстеуі қимылдың, іс-әрекеттің болу мақсатын білдіреді. Сұрақтары: *қалай? не мақсатпен?* Мақсат үстеулері сан жағынан көп емес. *Мысалы:* әдейі келдім, жорта айтты, қасақана үндемеді т.б.

7. Сөйлемдерді оқы.

1. Партизандар жау шебіне әдейілеп жасырын келді.
2. Бақыт оған тапсырылған жұмыстың ауыр екенін түсінсе де қасақана үндемеді. 3. Көпшілікке наразылығын білдірген Аман сөзді әдейі соңынан алды. 4. Жаздыгүнгідей емес, ауыл үйлері біріне-бірі әдейі жақын қонған. 5. Атам елге келген қонақтарды әдейілеп шақырды. 6. Асқардың екі ұлы әдейі біздің ауылға ат басын бұрды. 7. Талғат әлгінде айтқан сөздерін жорта айта салыпты. 8. Бұл білімділер додасына Асхат бекер келді.

● Бірінші үш сөйлемді көшіріп жаз. Мақсат үстеулерді тап.

● Мақсат үстеулерді теріп жаз.

8. Сөз тіркестерін оқы, көшіріп жаз.

Әдейі келдім, жорта айтты, әдейілеп шақырды, қасақана үндемеді.

● Берілген сөз тіркестерін қатыстырып сөйлем құрастыр.

9. Диалогті оқы.

Мен бүгін әдейі жұмысқа кешігіп келдім.

– Сен осының барлығын жорта істейтін тәріздісің, – деді бастық. Әлде бұл жұмыста амалсыздан жүрсің бе? – деді ол бір кезде.

– Босқа арам тер болып жұмыс істеп жүрміз бе? – деп сұрадым мен.

– Бекерге көңіл күйіңді түсірме, балам.

● Мақсат үстеулерін тап.

Күшейткіш үстеу сынның немесе қимылдың, іс-әрекеттің белгісін я сапасын күшейтіп, я солғындатып көрсетеді. Күшейткіш үстеулер, көбінесе, сапалық сын есімдермен тіркесіп жұмсалады да, онымен тұтасып келіп, сын есімнің күшейтпелі шырай түрін жасауға негіз болады. *Мысалы:* ең әдемі, тым биік, өте жақсы, аса терең, орасан зор т.б.

10. Сөйлемдерді оқы.

1. Содан бері қысқы жүні жетіліп, өңі ажарланып, қатты құлпырып алған. 2. Осы кезде созыла шапқылаған тосушылардың барлығы да мүлдем шаршаған болатын. 3. Мұнда бүгін аса үлкен әбігер бар. Абай мен оның барлық үй іштері, іні-шәкірт, достары үшін ең қадірлі әбігер. 4. Тауық етінен жасалған бұл кеспе өте дәмді піскен екен. 5. Ауыл реңі мүлдем жүдеу еді. Сырт ажарында тіпті тірлік белгісі жоқ.

● Бірінші екі сөйлемдегі күшейткіш үстеулерді тап.

● Күшейткіш үстеулердің қандай сөзбен тіркесіп тұрғанын және қандай мағына беріп тұрғанын ажырат.

11. Сөйлемдерді оқы.

1. Кеше ғана төрткүл дүние көз тіккен күрестен әлем чемпионаты аяқталды. Әлемнің ең үздік балуандары сайысқа түскен дүрмекте Қазақстан құрамасы үш медальға ие болды. 2. Бұл сайыста балуандардың дайындығы өте мықты болды. 3. Ақжол Қазақстандағы ең жүйрік тұлпарларға жайдақ мініп шапқан. 4. Ат баптау өнерінде жылқылар ерекше күтімді қажет етеді. 5. Атбегі болу орасан зор еңбекті талап етеді.

● Күшейткіш үстеулерді тап.

● Күшейткіш үстеулерді қатыстырып 2-3 сөйлем құрастыр.

Себеп-салдар үстеуі қимылдың, іс-әрекеттің болу себебін білдіреді. Сұрақтары: *не себепті? неге? қалай?* Себеп-салдар үстеуіне: босқа, құр босқа, амалсыздан, бекерге сияқты т.б. сөздер жатады. *Мысалы:* босқа әуре болма, амалсыздан келіп отыр, бекерге айтқансың т.б.

● 12. Сұрақ қою арқылы мақсат және себеп-салдар үстеулерін тап. Бір-біріңе айырмашылығын көрсет.

Үлгі: **әдейі** не мақсатпен (қалай?) қонған – мақсат үстеуі, **амалсыздан** (қалай?) айтқанда – себеп-салдар үстеуі.

1. Жаздыгүнгідей емес, ауыл үйлері біріне-бірі әдейі жақын қонған. 2. Қарағандыға Лизалардың тойына әдейілеп академик келді. 3. Мана үйде бірерәнді айтқанда Балуанның даусы зор сияқты емес еді. Тысқа шығып сол әнді қайта айтқанда, дауысы биіктеп көтерілді де кетті. Әдемі әнді құмарта тыңдаған қалың жұрт лажсыздан таң ата у-шу болып тарқады.

13. Сөйлемдерді оқы.

1. Бандылар күшігін алдырған қасқырша кезіп, елдің тағы да үрейін ала бастады. Олар бүгін бір жерден көрінсе, ертең барып күндік жерден шығады. Таңертең я түнде бір ауылға жердің астынан шыға келгендей жетіп, қасқыр тигендей қатын-баласын шу еткізеді. 2. Таңертеңгі шуақ күннің ойнаған алтын шұғыласы Хамитке өте көңілді әсер етуші еді. Енді бұған өзің барасың, тез қимылдамасақ болмайды. 3. Былтыр ауылына барғанда, шешесінің құшақтап жылағаны есіне түсті. 5. Ақ қасқыр ін маңында болады.

● Үстеулерді теріп жаз.

● Үлгі бойынша сөйлемдердегі үстеу түрлерін ажырат, қай сөзбен тіркесіп тұрғанын айт.

Үлгі: **қасқырша:** сын-қимыл үстеуі – **қасқырша кезіп.**

14. Кестені мұқият оқып шық.

Үстеудің мағыналық түріне қарай бөліну кестесі

№	Үстеу түрлері	Сұрақтары	Мысалдары
1	Мезгіл үстеу	Қашан? Қашаннан?	Бүгін, былтыр, биыл, ертең, таңертең, кешке, қазір, енді, бұрын, күндіз, қыстай, ала жаздай, күні-түні, қыстыгүні, таң сәріден, баяғыдан т.б.
2	Мекен үстеу	Қайда? Қайдан?	Ілгері, кейін, әрмен, осында, әрі, бері, жоғары, төмен, алға, артта т.б.
3	Сын-қимыл (бейне) үстеуі	Қалай? Қайтіп? Қалайша?	Әрең, ақырын, бірден, бірте-бірте, бұрынғыша, қолма-қол, осылайша, сөйтіп, әрең-әрең, келе сала, емін-еркін, лезде, қаннен-қаперсіз т.б.
4	Мөлшер үстеуі	Қанша? Қаншама? Қаншалық? Қалай? Қалайша?	Онша, сонша, соншалық, мұнша, неғұрлым, мұншама, соғұрлым, анағұрлым, қыруар, талай, бірталай т.б.
5	Күшейткіш үстеу	Қалай? (қандай?)	Әбден, тым, ең, ылғи, кілең, сәл, өңкей, тіпті, нақ, дәл, нағыз, орасан, керемет, аса, өте т.б.
6	Мақсат үстеу	Қалай? Не мақсатпен?	Әдейі, әдейілеп, жорта, қасақана
7	Себепсалдар үстеуі	Не себепті? Неге? Қалай?	Босқа, бекерге, жоққа, құр босқа, лажсыздан, амалсыздан, шарасыздан

Шылау сөздер

Тілімізде толық лексикалық мағынасы жоқ, бірақ сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып немесе сөзге қосымша мән үстеп тұратын көмекші сөздер **шылаулар** деп аталады.

Шылау сөздер білдіретін мәні мен сөйлемде атқаратын қызметіне қарай септеулік шылау, жалғаулық шылау және демеулік шылау болып үшке бөлінеді.

1. Сөйлемдерді оқы.

1. Әлия екі айдан соң госпитальдан шығып, атыс шебіне қайтып келді. Енді ол атыс ұясына құралайды көзінен алатын шебер ғана емес, денесін оқ тескен, кәдімгі сақа солдат болып, бұрынғыдан берік сеніммен, тың қайратпен қайтты. 2. Орман қарайған, ішінде құстарды көре алмайсың, қоян күндіз жасырынып, түнде ғана жүгіріп жас ағаштарды кеміріп жүр. 3. Атқаннан кейін дереу сол позициядан кетіп қалу – мергендердің ережесі. 4. Аяғын жылыту үшін аттан түсті, жиренді жетелеп домалана аяңдап, біраз жаяулады, үйіріле соққан жел мұны бірнеше рет құлатып кете жаздады.

● Шылауларды теріп жаз.

● 2. Көп нүктенің орнына керекті шылауларды қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Біз сабақ ... сөйлестік. Отан үшін отқа түс – күймейсің. 2. Олар ... үйлеріне қайтты. 3. Түске ... жүзге жуық хат жібердік. 4. Бұдан ... оның сөзін ести алмадым. 5. Сабақтан ... үйірме жұмысымен айналысамыз. 6. Мен әкеммен бірге кешке ... жұмыс істедім. Адамдар санауды өте ертеде үйренген. Олар алғашқыда саусақтарын санаған. Кейін есептеу ... ұсақ тастар қолданған.

3. Сөйлемдерді оқы.

1. Ертеңіне таң атып, боран басылған соң, ол бір төбенің басына келіп, малдарын шақырыпты. Бұл дауысты естіген құла ат қар бұзып, бес ешкі жол салып, қара тоқтыны соңдарынан ертіп, аман-есен иелерін тауыпты. 2. Үлкені бар, кішісі бар, көпшілік жабылып кетті. Лай иленді. Жұрт көңілді. Әзіл де, күлкі де, әңгіме де осында. Ауылдағы үлкен кісілердің бәрі емен-жарқын. 3. Жексенбі күні әкесі мен Ерлан құспана жасауға кірісті. Керекті заттары дайын болғандықтан, құспана лезде жасалды. 4. Көктемнің шуақты күндерін адамдар да, жан-жануарлар да сағына күтеді.

● Шылауларды тап. Түрлерін анықта.

4. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Отырғыз ағаш көктемде

Ыстықта басқа көлеңке,
Жемісі шырын тағы бар.
Ауылда әрбір береке,
Күтетін баптап бағы бар.

Жүрсің бе егіп жылда сен,
Қолыңнан өзің бірер тал?
Өйтпесең, бала, тыңда сен,
Сөзіме мына құлақ сал.

Бар ма сенің аулыңда,
Жайқалған желек, саябақ?
Көрдің бе сен бағыңды
Қамқоры боп аялап.

Отырғыз ағаш көктемде,
Жөн болмақ еңбек еткенің.
Келмесе шамаң еккенге,
Сындырма жұрттың еккенін.

(М. Қуанышбеков)

● Бірінші екі шумағын көшіріп жаз.

● Шылауларды тап.

5. Мақалдарды оқы.

1. Ерлік **пен** бірлік жеңіске жеткізеді.
2. Жақсы дос **үшін** жан пида.

● Шылау түрлерін анықта.

Нәтиже сабақ

1. Есімдік қандай сөз табы?
А) заттың атын білдіреді
Ә) заттың қимылын білдіреді
Б) есім сөздердің орнына қолданылады
2. Жіктеу есімдігін тап
А) олар
Ә) ешкім
Б) кейбіреу
3. Жалпылау есімдігі қатысқан сөйлемді тап.
А) Ешкімге тіл қатушы болма.
Ә) Жарысқа бәрі қатысты.
Б) Өзің үлкен, қылығың – бала-шаға.
4. Есімдік сөйлемде қандай қызмет атқарып тұр?
Сіз деген – әдеп, біз деген – көмек.
А) анықтауыш
Ә) бастауыш
Б) пысықтауыш
5. Есімдік сөйлемде қандай қызмет атқарып тұр?
Батырлар есімі ешқашан ұмытылмайды.
А) толықтауыш
Д) бастауыш
Е) анықтауыш
6. Үстеу қандай сөз табы?
А) қимыл, іс-әрекеттің әртүрлі белгісін білдіретін сөздер
Ә) есім сөздердің орнына қолданылатын сөздер
Б) заттың сынын білдіретін сөздер
7. Үстеулер қатарын көрсет.
Жоғары-төмен үйрек-қаз ұшып тұрса сымпылдап (Абай).
А) үйрек-қаз

Ә) жоғары-төмен

Б) ұшып тұрса

8. Дефис арқылы жазылатын үстеуді тап.

А) емін еркін

Ә) таң сәріде

Б) құр босқа

9. Біріккен үстеуді тап.

А) бүрсігүні

Ә) таңғысын

Б) қасақана

10. Сөйлемнен шылауды тап.

Түске дейін кел.

А) түске

Ә) дейін

Б) кел

11. Шылау қандай сөз табы?

А) заттың санын білдіретін сөздер

Ә) қимыл, іс-әрекеттің әртүрлі белгісін білдіретін сөздер

Б) толық лексикалық мағынасы жоқ сөздер

12. Шылауы бар сөйлемді белгіле

А) Дүкенде кітап та, дәптер де, қалам да бар екен.

Ә) Дүкенде қалам бар.

Б) Қаламдарды, кітаптарды жина.

13. Демеулік шылауды тап.

Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар, қалан. (Абай)

А) де

Ә) та

Б) бар

Көп нүктенің орнына шылауды қойып, көшіріп жаз.

Қазақстан – алма ... ежелгі жабайы өріктің тарихи отаны.

ОЙЫН-САУЫҚ ЖӘНЕ СПОРТ

Одағай сөздер

Одағай – сөз табы. Толық мағынасы жоқ, сондықтан затты, құбылысты, әрекетті нақты білдірмей, тек адамның әртүрлі көңіл күйін, сезімін білдіретін немесе жан-жануарларға қаратылып айтылатын сөздер.

1. Сөйлемдерді түсініп оқы.

1. – Ойпырым-ай, өрт болмағай еді, – деген Әшімтай досының сөзін естігенде, Маралбектің тұла бойы дірілдеп қоя берді. 2. Ойбай-ау, мынау қайтеді?! – деп әйел опынған болды. 3. – Мәссаған, сіздің атыңызды сұрамаған екенмін-ай. – Ау, халайық! – деді Ардақ жұртқа қарап. – Япыр-ай, мынаның желігуін-ай, – деді Мамай әлденеден жүрегі сескеніп. 4. – Е, тап сол! – деп Қартқожа қуанып қалды. – Уай, сен Біржаннан білетінің болса, айтшы! – деді.

● Одағайларды тап.

● Олардың одағайдың қай түріне жататынын ажырат.

● Одағайларды теріп жаз, фонетикалық талдау жаса.

2. Мәнерлеп оқы.

Түтігіп, қап-қара боп тұрды Батыраш.
Жалғыз-ақ: «Қап! Қап!» – болып айтқан сөзі.
«А, құдай-ай! Бере көр!» – деп ұмтылды,
Ұйытқып кеп соқты өкпеден жел сықылды.
Не болды-ай, бай-бай саған, Құлагерім?!
Суалдың, сорлы иенің бұлағы едің...

(І. Жансүгіров)

● Көшіріп жаз.

● Көңіл күй одағайларының мағыналарын түсіндір.

● Үзіндіде берілген одағайлармен бірнеше сөйлем құрап жаз.

3. Диалогті оқы.

- О, жасаған, адал құлың едім ғой, тілегімді бере гөр!
- Ой, тәйірі-ай, көрмей жүргендей, несіне мүләйімси қалдыңдар? Апыр-ай, жыртқыш аң да бүйтпес.
- Е, сендер ше? Сендер бос жібересіңдер ме?
- Ойбай, бізде не қауқар бар? Қап, мынаның баласы!
- Әй, жігіттер, тоқта былай! – деді.
- Апыр-ау, бұл кімнің қызы болды екен! – деп түрікпен Мүсіреп Есенеіге қарады.
- Ай, түрікпен-ай, сен де қырағысың-ау!
- Ойбай, аға сұлтан пірім-ау! Соның қызы – Ұлпан...
- Пай-пай, айтты-ау! Ел қамын жеген Едіге осындай-ақ болар! – деген дауыстар шыға бергенде, Тілеумұрат:
- Оу, жұртым, ұғынсаң болды! – деді.

- Одағай сөздерді теріп жаз.
- Олардың одағайдың қай түріне жататынын ажырат.
- Одағайларды тауып жаз, сөз құрамына талда.

4. Өлеңді оқы.

Жүрегім, ойбай, соқпа енді,
Бола берме тым күлкі.
Көрмейсің бе, тоқта енді,
Кімге сенсең, сол шикі.

(Абай)

- Одағай сөзді тап.

5. Сөздерді сәйкестендір.

Қой	шөре-шөре
Жылқы	әукім-әукім
Түйе	құрау-құрау
Ешкі	пұшайт-пұшайт
Сиыр	көс-көс

- Берілген одағайлардың қай түрі екенін анықта.
- Берілген одағайлармен бірнеше сөйлем құрап айт.

6. Мәтінді тыңда.

Денсаулық – адам өміріндегі басты құндылық. «Бірінші байлық – денсаулық» деп халық бекер айтпаған. Адам мықты денсаулықтың арқасында өмірде кездесетін ауыртпалықтарды жеңеді, қабілет-дарынын дамыта алады. Сондықтан денсаулыққа саналы қарап, спортпен шұғылданып, уақытында тамақтануға жағдай жасау керек. Маскүнемдік, шылым шегу, нашақорлық жолына түсу – денсаулығыңды өз қолыңнан құрту болып есептеледі.

Апыр-ай, әттеген-ай, қап деп өкініп қалмас үшін денсаулықтың қадірін білейік, ағайын!

(С. Мырзалы)

- Мәтіннен мақалды тауып, көшіріп жаз. Мағынасын түсіндір.
- Мәтіндегі мақалды жалғастырып жаз. Мағынасын түсіндір.
- Өкініш одағайы бар сөйлемді тап.

7. Сөйлемдерді оқы.

– Уа, би інім, жүрісің суыт көрінеді, қайдан келесің? – деп сұрады Досбол амандықтан соң, – пәлі, ешкімнен жеңілмедім деші! Әттеген-ай, келінім шелекті құр әкелгенде ұялдым.

2. Алматы облысының Кеген ауданында ғажайып көл бар. Шіркін, оның сұлулығындай көлді ешкім көрмеген болар.

3. – Е, бәсе, сөйтсе екен қасқаң! – Ойпыр-ай, сілтеуін қарашы! Паһ-паһ! 4. – Әттең, мен өкімет болсам, – деді Жақай.

– Ей, не істер ең сен өкімет болсаң?

- Сөйлемдерді көшіріп жаз.
- Сөйлемдердің соңына леп белгісінің қойылу себебін түсіндір.
- Сөйлемдердегі одағайлардың түрлерін ажырат.

● 8. Көп нүктенің орнына тиісті одағай сөздерді қойып, көшіріп жаз.

1. ..., әжем ауылдан қонаққа келді!
2. ..., мынау не деп тұр! – деді атам.
3. ..., ... өзер жеттім.

Керекті сөздер: аһлеп, уһлеп, алақай, ойпырым-ай.

9. Мәтінді оқы.

Оның жұлдызы жанғанда, басқа жұлдыздар көмескі тартқандай көрінеді. Футбол мамандары оны «Басқа ғаламшардан келген адам» деп атады. Бұл атақ оған чемпиондар лигасының жартылай финалында шалқалай секіріп барып, басынан асыра гол соққанда берілді. Ол Еуропа чемпионы, 5 мәрте чемпиондар лигасының жеңімпазы, 5 мәрте «Алтын доп» иегері болды.

Біз атақты футболшы Криштиану Роналду туралы айтып отырмыз. Криштиану Роналду мұндай абыройға асқан талантымен қатар, кәсіби деңгейін күн-түн талмай арттырып, жаттығуының арқасында жетті. Ол өз ісіне жауапкершілікпен қарап, осы жолда ерінбей еңбек етті.

- Мәтіннің бірінші сөйлемінің мағынасын түсіндір.
- Криштиану Роналдудың спорттағы жетістіктеріне қалай жеткені туралы айт.

10. Мәтінді оқы.

Ермахан Ыбраймов – 2000 жылы Сидней қаласында өткен Олимпиадада алтын медальға ие болған атақты боксшы. Бокспен 13 жасынан бастап, Алматыдағы спорт мектеп-интернатында айналыса бастады.

1996 жылы АҚШ-тың Атланта қаласында өткен XXVI жазғы олимпиадалық ойындарының қола жүлдегері болды. 1999 жылы Азия құрлығының ең үздік боксшысы атанды. 2002 жылдан бері бокстан Қазақстан құрама командасының бас бапкері. Сидней олимпиадасындағы жеңісі үшін бірінші дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталды. Сондай-ақ Ермахан аға Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері.

- Мәтінге ат қой.
- Мәтіндегі кейбір сөздердің бас әріптен басталып жазылу себебін түсіндір.
- Қазақстанның атақты боксшылары туралы қосымша ақпарат тап.

11. Мәтінді түсініп оқы.

Бокстан да қазақты таныды әлем!

Қазан айының ортасында Алматыда Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында бокстан әлем чемпионаты өтті. Екі аптаға созылған айқас Қазақстан былғары қолғап шеберлерінің айқын жеңісімен аяқталды. Жарысқа шыққан 10 боксшының екеуі ғана жеңіліп, сегізі жартылай финалға жетті. Жарыстың ақтық сынын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев тамашалап, зор жеңіске куә болды. Тарихта тұңғыш рет Қазақ елінің боксшылары әлем чемпионатында 4 алтын, 2 күміс, 2 қола медальға қол жеткізіп, әлемді таңғалдырды. 1993 жылдан бері қарай еліміздің ұлттық құрамасы әлем біріншіліктеріне үздіксіз қатысып келеді.

(«Айгөлек» журналынан.)

- Мәтіндегі сан есімдерді сөзбен жаз. Олардың түрін анықта.
- Қосымша дереккөзден мәтінде сөз болып отырған бокстан әлем чемпионатының қай жылы өткенін анықта.
- Чемпионатта жеңіске жеткен боксшылар туралы ақпарт жина.

12. Мәтінді түсініп оқы.

Уа, балалар, денсаулық – адам баласының ең құнды игілігінің бірі. Денсаулықты сақтау үшін ең бірінші кезекте ойың, ниетің таза болуы керек.

Сабыр мен сенім, мейірімділік пен сүйіспеншілік адам денсаулығын жақсартуға ықпал етеді. Шіркін, денсаулығың жақсы болса, көңіл күй де көтеріңкі болады.

Деннің саулығы адамның өзіне және өзгеге адал болуына, көңіл күйіне байланысты. Өзіңе және өзгелерге деген адал сезім, ақыл-ой – салауаттылықтың негізі. Пай-пай, «Денсаулық – зор байлық!», – деген дана халқым.

- Одағай сөздерді тап.
- Олардың түрін анықта.

13. Өлеңді мәнерлеп оқы.

- Ендеше бас бәйгені алып тұрсың...
 - Айтқаның келсін, сыншым, аузыңа май...
 - Аласың астық алдан, Ақан серім...
- Құлагер дүлдүл еткен жануар-ай...

Ой, күнім, сен де жөнел, аттар кетті,
Шаң басты, жел жаққа тарт, жер мен көкті.
Ажырап мен сендерден қалдым жалғыз,
Алла, өзің аман келтір екі ермекті.

(І. Жансүгіров)

- Өлеңде қазақ халқының қандай спорт түрі туралы айтылған?
- Одағай сөздердің түрін анықта.
- Көп нүктенің орнына тиісті тыныс белгісін қой. Түсіндір. Одағай сөздерді тап.

14. Тапсырманы орында.

Одағайлар	Мысалдар
Көңіл күй	прыс, тәйт, тек, жә ...
Шақыру	пай-пай, алақай, бәрекелді, әттең, қап ...
Жекіру	шөре-шөре, кө-кө, күшім, күшім ...

● Бірінші бағандағы одағайлардың түріне екінші бағандағы мысалдарды сәйкестендір.

Мысалдарды жалғастыр.

- Екінші бағандағы мысалдарды қатыстырып сөйлем құрап жаз.

15. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Уа, халқым, назар аудар денсаулыққа,
Жаныңның саулық рухын аман сақта.
Өмірде бақыттысың денің сауда.
Өмірдің қарбалаңы жай бір қауға.

(Н. Сәрсенбаев)

- Көшіріп жаз, одағайдың астын сыз.
- Өлең жолдарын сөйлемдерге айналдырып жаз.

Еліктеу сөздер

Айналадағы әртүрлі құбылыстардың дыбыстарына, қимыл-әрекеттеріне еліктеумен немесе олардың бейнелерімен байланысты туған сөздер **еліктеу сөздер** деп аталады. *Мысалы:* тырс (етті), сарт (етті), күмп (берді), саңқ (етті), сырт (етті), жалт-жұлт, қалт-құлт т.б.

Еліктеу сөздер мағынасы жағынан еліктеуіш сөздер және бейнелеуіш сөздер болып екіге бөлінеді.

Табиғатта заттардың қозғалуы, бір-бірімен қақтығысуы, соғылуы сияқты алуан түрлі қимыл, амал-әрекеттердің нәтижесінде әртүрлі дыбыстар пайда болады. Сол дыбыстарға еліктеу арқылы пайда болған сөздер еліктеуіш сөздер деп аталады. *Мысалы:* тырс етті, сарт етті, шарт-шұрт, пыр-пыр т.б.

Бейнелеуіш сөздер – табиғаттағы заттардың қозғалысын, күйін көру арқылы сипаттайтын, бейнелейтін сөздер. Бейнелеуіш сөздер көмекші етістікпен тіркесіп жұмсалады.

Мысалы: жалп ете түсті, қалт етті, далаң-далаң жүгірді, қызараң-қызараң етті, қиқаң-қиқаң етті т.б.

1. Мәтінді оқы.

Өзіңе ұнайтын, көзің «жарқ» ете қалатын жерде жүр. Өзің «уау» дейтін жұмыспен айналыс. Ел есінде қалатындай, «пах, шіркін» дейтіндей іс қыл! Кез келгенге қызығып, жалт-жұлт еткенге жармаса берме. Ренжіп тырс ете қалма, дүңк-дүңк етпей биязы сөйле. «Ех» деп өкінетіндей өмір сүрме. «Әт-теген-ай!» дейтін күндеріміз аз болсын, «Шіркін-ай!» дейтін күндеріміз көп болсын. Далаң-далаң етпей, осының бәрін есте сақта.

- Еліктеу сөздерді теріп жаз.
- Мәтіннің мағынасын өз сөзіңмен айтып бер.

2. Мәтінді оқы.

Көктемнің жайма-шуақ мезгілі. Шыңғыс хан сергіп қайтпақ болып орманға келеді. Кенет жандарынан үйірімен дүбірлеп өткен жабайы қабандарды көреді. Жас кезінде аң аулағаны есіне түскен Шыңғыс хан атына міне салып қабандарды қуа жөнеледі. Оны көрген қабандар жан-жаққа бытырай қашады. Тек артына жалт бұрылып, қара сұр қабан аңшыға қарай атылады. Оның осы қимылынан сескенген Шыңғыс ханның аты шегіншектеп барып, кілт тоқтайды. Өз-өзін ұстай алмаған Шыңғыс хан жапырақ үйілген жерге гүрс етіп құлайды. Осы сәтте әміршінің соңғы көргені – жанынан сұр көлеңкенің зу ете қалғаны. Амалы қалмаған Шыңғыс хан етігінің қонышындағы қанжарын лып еткізіп суырып алды.

● Бейнелеуіш сөздерді тап.

3. Абайдың өлең жолдарын түсініп оқы.

Кемпір-шал құржаң қағып, бала бүрсең,
Көңілсіз қара суық қырда жүрсең.

Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.

Түйе боздап, қой қоздап – қора да шу,
Көбелекпен, құспенен сайда ду-ду.

Орынсыз ыржаң,
Болымсыз қылжаң
Бола ма дәулет, кәсіп бұл?

Бойы бұлғаң,
Сөзі жылмаң.
Түзде мырзаң,
Үйде сырдаң.
Сөзі қылжаң еркесіп.

(Абай)

● Өлең жолдарын көшіріп жаз.

● Еліктеу сөздерді тап.

4. Мәтінді оқы.

Әр жақтан түн тыныштығын қақ жарып шыққан шу естілді. Үйдегі жұрттың бәрі ... боп тысқа қарай ұмтылды. Сол дауыспен аралас тарсылдатып шапқан көп аттың тұяғының ... мен сатырлап қатты қағысып жатқан сойылдың ... дауысы да естілгендей болды.

Тысқа шыққан ер-азамат қарбаласып, ... жүгіріп, қақтығысып жүріп, сойыл-қаруларын тауып алып, бірі ілгері, бірі кейін ... етіп, аттарына мініп жатты. Алғашқы шу мен жылқы жақтан шыққан аттанды естіген ат-айғырлар кермені ... еткізіп, тынышсызданып тұр еді.

- Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қой.

Қажетті еліктеу сөздер: абыр-сабыр, шақыр-шұқыр, қалбалақтай, дабыр-дұбыр, сатыр-сұтыр, тасыр-тұсыр.

5. Сөйлемдерді оқы.

1. Анда-санда көкжиектің тұсынан күн жарқылдап тұр. Күнбатыста жарқ еткен найзағай жарығы күңгірт даланы әлденеге үміттендіріп тұрған сияқты. 2. Мылтық гүрс етіп, оқ зу ете қалды. Хамиттің екі құлағы шың ете түсіп, қолы мылтыққа тиді. 3. Айналада шаң бұрқ-бұрқ етеді. 4. Хамит та атып жіберді. Наган шаңқ етті. Ол Хамиттің аяғының астына кеп тырс ете түсті. 5. Қолында наган, жан-жағына жалтақтай қарайды. 6. – Айтақ, айтақ! – деді бала жан ұшыра итке. Бәлтек оның бұл бұйрығына селт етпеді. Сол күйі былқ етпей жата берді. 7. Үйге біреулер жақындағандай болды. Дабыр-дұбыр үндеріне қарағанда өздері біраз адам сияқты, қарды қарш-қарш кешіп, дәлізге енді де аяқтарын сүрте бастады.

- Мәтіннің жетінші сөйлеміндегі еліктеу сөздерінің мағынасын түсіндір.

- Еліктеу сөздерді тап.

- Мәтіндегі еліктеу сөздермен бірнеше сөйлем құрап жаз.

Сөйлем. Сөйлем түрлері

Сөйлем аяқталған ойды білдіреді. Сөйлемдегі сөздер бір-бірімен байланысты болады.

Сөйлем құрамына қарай **жай** және **құрмалас сөйлем** болып бөлінеді.

Тұрлаусыз мүше қатыспаған жай сөйлемді **жалаң сөйлем** дейміз. *Мысалы:* Жанат жаза бастады. Көктем келді. **Жайылма сөйлем** тұрлаусыз мүшелердің қатысуы арқылы жасалады. *Мысалы:* Нұр-Сұлтан қаласында Білім күні қарсаңында зияткерлік мектеп ашылды.

1. Сөйлемдерді оқы.

Үлгі: Қайрат баяндама дайындады. Қайрат дайындады.

1. Оқушылар сынып жиналысында сабақты жақсы оқу туралы мәселені қарады. 2. Есет ғарышайлақтың макетін жасады. 3. Топ жетекшісі қызықты әңгіме айтты. 4. Жазғы демалыста оқушылар көп тәжірибе жинақтады. 5. Біз мектеп айналасына ағаш отырғыздық. 6. Жақында «Туған елге тағзым» экспедициясына қатыстық. 7. Сыныпта әртүрлі мамандықтар туралы пікірталас ұйымдастырдық.

● Жайылма сөйлемдерді жалаң сөйлемдерге айналдыр.

2. Берілген сөйлемдерді оқы.

1. Сағат сылдырлады. 2. Айжан кетті. 3. Ол оқиды. 4. Көктем келді. 5. Жаңбыр жауды. 6. Қар ери бастады. 7. Сең жүрді. 8. Бұлт торлады. 9. Құстар ұшып келді. 10. Оқушы оқыды. 11. Мұғалім кірді. 12. Балалар ойнады. 13. Күн ашылды. 14. Кемпірқосақ шықты. 15. Бұлбұл сайрады. 16. Атам келді. 17. Әжем иірді. 18. Сиыр мөңіреді. 19. Гүл өсті.

● Көшіріп жаз.

● Жалаң сөйлемдерді жайылма сөйлемдерге айналдыр.

Жай сөйлемнің кейбіреуінде сөйлем мүшелері түгел қатысып, іс-оқиға жайында толық хабар беріледі. *Мысалы:* Бір күні мен қараторғайға ұя жасамақ болдым.

Айтылуға тиісті мүшелері түгел қатысқан жай сөйлемнің түрін **толымды сөйлем** дейміз.

Жай сөйлемдердің кейбіреуінде айтылуға тиісті бір мүше не бірнеше мүше бұрын тұрған сөйлемнен белгілі болғандықтан, қайталап айтылмай, түсіп қалады.

Айтылуға тиісті тұрлаулы я тұрлаусыз мүшелерінің бірі түсіп қалған жай сөйлемді **толымсыз сөйлем** дейміз.

Мысалы: Біркелкі жақсы өсіпті. Кеш ексек те, кенжелейтін емес.

3. Мәтінді оқы, ат қой.

Ауылдан шыққан бойда екі жігіт өзен жағасына тартты. Өзенге тақап қонған кедей ауылына бет алып келеді.

– Дәкеңе сәлем берейін. Сыншыл қарттың көреген көзі тағы нелерді біліп, бағып отыр екен? – деп, Әбіш әзіл аралас сөйледі. Дәркембай өз үйінің қасында ағаш шауып отыр екен. Ағашты қалай мүсіндейтінін көрсетті. Қолындағы шапашоты жеңіл қозғалады. Әбіштен:

– Оқуың бітті ме, Әбіш? Елге мүлде келдің бе? – деп сұрады. – Тағы да кете берем десеңші! – деп, біраз үндемей қалды.

● Сөйлем мүшесіне талдау жүргізіп, толымды және толымсыз сөйлемдерді тап.

4. Өлең жолын көшіріп жаз.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.

(Абай)

● Мағынасын өз сөзіңмен айт.

5. Мәтіндегі сөйлемдердің түрін анықтап, кестенің сәйкес бағанына жаз.

Біз ол кезде жайлауда тұрамыз. Дәуімбай деп аталады. Аудан орталығынан қашық емес. Екі арада теміржол жатыр. Менің балдай балалық шағым сол әсем жайлауда қалды. Қандай алаңсыз еді, шіркін! Ертеңнен кешке шейін асыр салып ойнаймыз. Өрістен сауын кезінде жылқыларды қуып келеміз. Әжем бие саууға шығады. Небәрі екі биеміз бар.

6. Мәтінді түсініп оқы.

Абай көктемге дейін күндіз-түні кітап оқуға салынды. Ғабитханның кітаптарының ішінен өзін қызықтырған көп-көп асыл бұйымдар тапты.

Абайдың кітапқа деген ықыласын байқаған Зере:

– Қарағым, осының ақыл. Ішкен менен жегенге мәз болып жүрген бай баласы аз ба? Осы ала қағазыңнан айырылма! Ұқсама, аналарға! – деген.

● Берілген мәтіндегі толымды сөйлемді бір бөлек, толымсыз сөйлемді бір бөлек етіп көшір.

7. Берілген мәтінді оқы.

Астаудағы суға жуындым. Жақсылап сүртініп, жалғызаяқ жолмен үйге қарай жүгіре жөнелдім. Келсем, Әскербек далада жүр екен. Бақан бойы көтеріліп қалған күнге көзін сығырайта қарап, есінеп қояды. Мені көрген соң екі бүйірін таянып, берірек жақындады да:

– Қайдан келесің? – деді, өз сұрағына ешқандай да мән бермей енжар ғана.

– Құдық жақтан.

– Моторды көрдің бе?

– Иә.

– Шұқылама, бұзасың.

(Д. Исабеков)

● Сөйлем мүшелеріне талда. Толымсыз сөйлемдерге ауызша талдау жасап, түсіп қалған мүшені орнына қойып, дәптеріңе көшіріп жаз.

Құрамында бастауыш қатысқан жай сөйлем түрін **жақты сөйлем** дейміз. *Мысалы:* Жас нәрестені әжесі Айғаным бауырына басты. Шоқан бір жасқа толмай жатып жүріп кетті.

Бұл сөйлемдердің қай-қайсысында болсын бастауыш (*Айғаным, Шоқан*) қатысқан.

Құрамында бастауыш қатыспайтын жай сөйлем түрін **жақсыз сөйлем** дейміз. *Мысалы:* Әсіресе, жергілікті атауларды жазуда қате көптігін **айтты**. Оған **таңдануға болмайды**.

8. Мәтінді оқы.

Аға сұлтан Шыңғыс төре Құсмұрындағы қыстауына жеткенше асықты. Көп кешікпей әйелі босанды. Зейнептің бұл тұла бойы тұңғышы еді. Жас нәрестені әжесі Айғаным бауырына салды. Бүкіл ауыл жас нәрестеге Мұхаммедқанафия деген ат қойды. Әжесі балаға халық қазынасының небір көусар жырларын жалықпай айтатын. Бала әжесінің жанында шоқиып отырып, жыр тыңдаушы еді. Міне, содан бастап, Мұхаммедқанафия аты былай қалып, Шоқан деп аталып кетті.

Шоқан бір жасқа толмай жатып жүріп кетті. Оны қызықтаған ауыл адамдары: «Арғы атасы Абылайға тартыпты, бақытты болады», – деуші еді.

(Н. Баяндин)

● Мәтінде кім туралы айтылған? Ш. Уәлиханов туралы қандай мәліметтерді білесің?

● Жақты сөйлемдерді тап.

9. Сөздерді, сөз тіркестерін оқы.

Отан, атамекен, туған жер, жасыл қала, жас қала, егемен ел, бас қала, үлкен ел.

● Берілген сөздермен, сөз тіркестерімен сөйлемдер құра.

10. Түсініп оқы.

1. Тағы қағу керек. 2. Қонақүйге бару үшін, қараңғы жерден жүріп өту керек еді. 3. Енді сіздерге соңғы кезде бітірген «Мағжанның жазылмай қалған өлеңдері» деген топтамнан біраз жыр жолдарын ұсынғым келеді.

4. Жылап келіп, келмейді жылап кеткім!

Ол ғұмырды келеді бір-ақ тепкім!

Жамандықты жақсартып, жақсылықты,

Онан сайын келеді қуатты еткім,

Жылап келіп, келмейді жылап кеткім!

(М. Мақатаев)

● Мәтіндегі, өлеңдегі жақсыз сөйлемдердің жасалу жолына талдау жаса.

11. Мәтінді түсініп оқы.

Күздің қара суығы болатын. Алматыдан пана таппаған мен қайта Талғарға қарай бет алғам. Үш күннен бері нәр татпаған соң, тұла-бойымда күш қалмады. Жүргеннен жығылғаным көптеу. Міне, тағы омақасып құладым. Жатырмын. Денем зіл-батпан. Дәл осылай қыбыр етпей жата бергім келеді. Өмірге қанша жармасқаныммен, өмір менен сырт айналғанын қояр емес.

Әлі де сол жатқан күйі құлағымды төсеп, Жер ананың әлдилегенін естігім келгендей бауырына тығыла бердім. Жер-Ана маған күш-қуат, жылу берді. Біраз жатқан соң бар күш-жігерімді жиып, орнымнан сүйретіле тұрдым. Енді ешқашан құламасқа іштей бекіндім.

(Т. Жолдасбекқызы)

● Жақты және жақсыз сөйлемдерді ажырат.

● 12. Мақалды екі жақты жай сөйлем түрінде жаз.

Кітап – білім бұлағы,

Білім – өмір шырағы.

(Мақал)

13. Мәтінді оқы.

Шоқан әңгімесін қайта жалғастырды. Әсіресе, жергілікті атауларды жазуда қате көптігін айтты. Тау-тасқа, өзен-суға, далаға ат қоюда қазақ ежелден шебер елдің бірі. Ол атаулардан сол жердің түріне, түсіне, қасиетіне, табиғи келбетіне жарасып тұратын нышандарды сезінуге болады. Сондай мәнді атауларды түсінбегеннен барып, сөздердің бұзылып жазылғанын көруге болады. Бұл, Шоқан пікірінше, тарихқа да, келер ұрпаққа да қиянат сияқты.

(С. Бақбергенов)

● Жақты және жақсыз сөйлемдерді ажырат. Өз ойыңды дәлелде.

14. Өлеңді мәнерлеп оқы. Түсініп ал.

Мен отырмын теңіздің жағасында,
Бересім де жоқ оған, аласым да.
Мені тастап толқындар, ағасың ба?
Толқынданып, өмірім, барасың ба?
Шаң шығарып ізінен құйындаған,
Барасың ба, өмірім, қиындаған?
Сыйын маған,
Ей, өмір, сыйын маған,
Сыйыңды алам мен сенің бұйырмаған.

(М. Мақатаев)

● Көшіріп жаз.

● Жақты және жақсыз сөйлемдерді тап.

15. Сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Үлкендерге құрмет көрсету керек. 2. Қар жауды. 3. Өзеннен балық аулаймыз. 4. Ол келді. 5. Кітап – білім бұлағы. 6. Оның қорыққаннан төбе шашы тік тұрды. 7. Оны айтудың қажеті жоқ. 8. Менің бұл сөзге қосылғым келмейді. 9. Бейбарыс өмір бойы қыпшақ тілінде сөйлеген. 10. Маған сабақтан қалуға болмайды.

● Жақсыз сөйлем мен жақты сөйлемдердің айырмашылықтарын айт.

● Жақсыз сөйлемдерді теріп жаз.

СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІ.

Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері

Сөйлем құрамында атқаратын қызметтеріне қарай сөйлем мүшелері **тұрлаулы мүшелер**, **тұрлаусыз мүшелер** болып екіге бөлінеді.

Сөйлем құрауға негіз болатын бастауыш пен баяндауыш **тұрлаулы мүшелер** деп аталады.

Сұрақтары: Бастауыш – *кім? не? кімдер? нелер?* Баяндауыш – *не істеді? неғылды? қайтті?*

Шартты белгілері: бастауыш: _____ ,
баяндауыш: _____ .

Мысалы: Көктем келді. Алмат оқыды.

1. Көп нүктенің орнына баяндауыштарды қой. Сөйлемдерді аяқта.

Қазақ халқында есімі елеусіз қалған азаматтар Соның бірі Меңдіаяқ Сәрсенбайұлы болып Ол өлең, жыр Сонымен қатар ауыз әдебиетінің үлгілерін жинады. Қаламгер заңсыз Оның мұрағатта көптеген еңбектері Ол әжесінің қамқорлығында Тоғыз жасында оқуды, жазуды Домбыра мен сырнайға қосылып ән Бүгінгі ұрпақ ешбір жазықсыз қуғынға ұшыраған Меңдіаяқ ақынды Оның мұраларынан үлгі-өнеге

(«Қазақ әдебиеті» газетінен.)

2. Тапсырманы орында.

1. Бүлдірген, жазда, теруге, барды, балалар. 2. Асфальт, жүріп, жолмен, мәшине, келеді. 3. Жылы, жаққа, қайтып, құстар, барады. 4. Тұрады, күн, жазда, жоғары.

● Орны ауысқан сөздерді дұрыс байланыстырып, сөйлем құрап жаз.

● Бастауыш пен баяндауыштың астын сыз.

3. Мәтінді оқы.

Байдалы шешен бай болмапты. Дүние жинауға қолы тимепті. Ол ақылын азық, асыл сөзін сусын етіпті. Байдалының ағайындары шетінен сараң болыпты. Бір жылы шешен айтқа құрбан шала алмапты. Ауқатты ағайыны оны кінәлай сөйлей бастапты. Сонда Байдалы шешен:

– Сөйлемесе, сөздің атасы өледі. Ағайындағы мал – даладағы мал. Сұраған адам, ұрлаған адам – қарақшы. Естімейтін саңырау бар, айтпаса, көрмейтін соқыр бар. Ұятсыз адамнан алып, борышты болғанымша, құдайдың өзіне-ақ борышты болайын деп, құрбан шалмағаным рас, – деген екен.

(«Шешендік сөздер» кітабынан.)

● Әр сөйлемнің бастауышын тап. Сұрақ қой.

4. Мақалдарды түсініп оқы.

1. Адаспайтын аңшы болмас,
Жаңылмайтын данышпан болмас.
2. Еріншекке есік те асу болар.
3. Белгі болса, жолдан адаспас,
Білімді болса, сөзден жаңылмас.
4. Батыр жігітті қорлама,
Сөйгүліктің арқасын жауыр қылма.

(М. Қашқари)

● Көшіріп жаз.

● Тұрлаулы мүшелерді тап.

5. Сөйлемдерді көшіріп жаз.

Ата – асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ. Бала – жағасындағы құрақ. Талап – тұлпар. Білім – сұңқар. Күш – білімде.

● Бастауыш пен баяндауыштың астын сыз.

● Бастауыш пен баяндауыштың арасына неге сызықша қойылғанын түсіндір.

Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері

Сөйлемде бастауыш, баяндауыштардан басқа сөйлем мүшелерін **тұрлаусыз мүшелер** дейміз. Сұрақтары: *қандай? неге? нені? қашан? кімге? қайда?*

Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері: **анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш.**

1. Мәтінді түсініп оқы.

Біздің ғаламшар тұщы суды көп қажет етеді. Жер шарының алпыс пайызында тұратын халық тұщы судың жетіспеушілігінен зардап шегеді. Бұл мәселе туралы мәліметтер өлемдік баспасөз беттерінде үнемі жазылады. Қазіргі кезде су азық-түлік дүкендерде сатылады. Судың сапасына қарай олардың бағалары әрқалай. Сусыз экономика дами алмайды, ол – маңызды табиғи ресурс.

Академик А. Е. Ферсман: «Тұщы сусыз тіршілік болмайды, ол – жер бетіндегі ең маңызды минерал», – деп айтқан екен. Суды еш нәрсемен алмастыра алмаймыз.

(«Қазақстан-Заман» газетінен.)

- Сөйлемдердегі толықтауыштарды тап, қай түрі екенін анықта.
- Жасалу жолына көңіл бөл.

2. Көп нүктелердің орнына тиісті анықтауыштарды қойып, көшіріп жаз.

1. ... Жер серіктері ғарышқа әртүрлі мақсатпен ұшырылады. 2. Ол темірден ... бұйымдар жасайды. 3. Қазақ халқының ... өнерін жалғастырушы шәкірттері бар. 4. Фитодизайн үйірмесіндегілер өсімдіктер туралы ... пәндерді оқиды. 5. ... балалар шығармашылығына мұражайда көрме жиі ұйымдастырылады.

Керекті сөздер: жасанды, зергерлік, ерекше, арнайы, дарынды.

3. Берілген өлеңді мәнерлеп оқып шық.

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды,
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

(Абай)

● Анықтауыштардың қай сөздерді анықтап тұрғанын тап.

4. Мәтінді оқы.

Аңыз бойынша Қорқыт VIII – IX ғасырларда Сырдарияның жағасында өмір сүрген көрінеді. Қорқыт жарық дүниеге жаратылыс заңынан тыс, ерекше жағдайда келген екен. Бұл бәрімізді қорқытты ғой, сондықтан атын Қорқыт қояйық десіпті. Ол жас кезінен саз аспаптарында шебер ойнаған. Оның өзі жасаған қобызынан шыққан үнге бар табиғат: ұшқан құс, ескен жел, жүгірген аң – бәрі тоқтай қалып, құлақ түре тыңдайды екен.

(М. Жарқынбеков)

● Мәтінді көшіріп алып, сөйлем мүшесіне талдау жаса.

● Пысықтауыштың жасалу жолына назар аудар.

5. Жұмбақтарды оқы.

1. Күмбір-күмбір қарағым,
Қартайғанша жарадың.

4. Көліксіз өмір сүрмейді,
Ғұмыры жаяу жүрмейді.

2. Ғажап екен, кіп-кішкентай,
Сәнді үйі,
Ішінде ұйықтап жатыр
Балқып әлдіі.

5. Қыста келген,
Көктемде кеткен.
Көрпе боп жатқан,
Жылға боп аққан.

3. Қосылмайтын әні жоқ,
Онсыз әннің сәні жоқ.

6. Көкшіл айна үйдегі,
Көрсетеді киноны.

Жауаптары: қар, теледидар, құлақ, ертоқым, домбыра, бесік.

● Жұмбақтарды шешіп, пысықтауыштың мағыналық түрлерін ажырат.

Сөйлем мүшелеріне талдау

1. Өлеңді түсініп оқы.

Балақай!

Болсаң да әлі қаршадай:
Ойнау үшін шаршамай,
Оқу үшін мектепте,
Ашу үшін тәбет те,
Құру үшін сен сауық
Керек жақсы денсаулық.

«Басты байлық – денсаулық» –
Бабаң айтқан даналық.
Сақта жолын сен тауып,
Осы шақтан балалық.
Болар барлық мүшең сау,
Жүрсе жылдар бойында,
Баяндалған осынау
Ережелер ойыңда.

(Е. Өтетілеуов)

● **Денсаулық – басты байлық** дегенді қалай түсінесің?

● Денсаулық жақсы болу үшін қандай ережелерді орындау керек?

Тізіп жаз.


● Өлеңнің бірінші шумағын сөйлем мүшесіне талда.

2. Сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде мұражай орналасқан.
2. Ақын өмір шындығын айтқан.
3. Халық оны қадір тұтады.
4. Мен таңғалдым.
5. Ұйықтап қалыппын.
6. Мені шақыртып алшы.

● Сөйлемдерді сөйлем мүшесіне талда. Сөйлем түрлерін ата.

3. Тапсырманы орында.



● Жағымды және жағымсыз қасиеттерді толықтырып жаз.

● Берілген сөздерді қатыстырып бірнеше сөйлем құрап жаз. Сөйлемнің құрамында тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер болуы тиіс.

- 4. Сөйлемдерді жалғастырып айт.

Менің анам

Менің анам – ақылды, мейірімді адам. Ол өте көңілді

Менің досым

Менің досым – қарапайым бала. Өте сабырлы, салмақты

- 5. Мәтінді түсініп оқы.

Адамды ақылды ететін әдеттер

1. Көп оқы. Кітаптар, журналдар және сайттардағы мәтіндерді оқы. Күнделікті кітап оқу кестесін құр. **Ақпаратты жақсы меңгеру үшін таңертең оқы.**

2. Жаңа идеялар ойлап тап. **Блокнотқа жазып жүр.** Өз идеяларыңды әрдайым тексеріп сарала.

3. **Ақылды адамдармен ақылдас.** Зияткерлер өз миларын немен қоректендіретінін біледі. Олардың оқу стилін үйрен.

4. Ақыл-ойыңды ғана емес, денеңді де жаттықтыр. Ми мен дене әрқашан тығыз байланыста.

5. Күнделік жаз. Күнде бірнеше минутты өзіңмен болған жағдайды немесе ойды жазуға арнаған өте пайдалы.

6. Біліміңмен бөліс. Жаңа нәрсеге үйрену – ақыл-парасатты дамытады, ал білгеніңмен бөлісу сол үдерісті арттырады.

(«Балалар әлемі» журналынан.)

- 4- және 5-әдеттерді көшіріп жаз. Түсінгеніңді айтып бер.

- Қарамен жазылған сөйлемдерді сөйлем мүшесіне талда.

- 6. Берілген сөздерді дұрыс байланыстырып, сөйлем құрап жаз.

Меценат/ ұғым/ қазақ халқы/ бар/ бұрын.

Дәулет адамдар/ әнші, ақын, өнер адамы/ көмек/ көрсету.

Шүлен/ дәстүр/ Тәуелсіз Қазақстан/ жалғасын/ табу.

Жыл сайын/ өнер, әдебиет, ғылым/ үздік табыс/ жету/ азамат/ «Тарлан» сыйлығын беру.

- Сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне талда, астын тиісті сызықтармен сыз.

Нәтиже сабақ

1. Көңіл күй одағайын тап.
А) кө-кө
Ә) демек
Б) өттеген-ай
2. Одағай сөзді тап.
А) қап, кетіп қалды
Ә) кең-тар
Б) балалар, ертең жарыс болады.
3. Еліктеу сөзі бар сөйлемді көрсет.
А) Ұлпан бүгін көңілді.
Ә) Көшеде біреу кетіп барады.
Б) Көлбең-көлбең етеді.
4. Еліктеу сөзден болған қайталама қос сөзді тап.
А) ұзынды-қысқалы
Ә) жарқ-жұрқ
Б) емін-еркін
5. Бастауыш пен баяндауыштан тұратын сөйлемнің түрін белгіле.
А) атаулы
Ә) жалаң
Б) жайылма
6. Жақсыз сөйлемді тап.
А) Досын көрді.
Ә) Күн жылына бастады.
Б) Жәрдемшіге хабар айтуға болады.
7. Тұрлаулы мүшелердің екеуі де сан есімнен болғанда қойылатын тыныс белгісін тап.
А) қос нүкте

- Ә) көп нүкте
- Б) сызықша

8. Сөйлем түрін анықта.

Ол бір арба отын алып келді.

- А) толымды
- Ә) толымсыз
- Б) жақсыз

9. Толымсыз сөйлемді тап.

- А) Мен спорт клубына барамын.
- Ә) Үйде отырамын.
- Б) Мен мектепке келемін.

10. Толықтауыш қызметін атқарып тұрған сын есімді тап.

- А) әдептіге елікте
- Ә) әдепті сөйле
- Б) әдепті екен

11. Бастауыштың қимыл әрекетін білдіріп, онымен қиыса байланысатын сөйлем мүшесін тап.

- А) баяндауыш
- Ә) толықтауыш
- Б) пысықтауыш

12. Пысықтауышты тап.

Ол сұраққа ойланбастан жауап берді.

- А) ойланбастан
- Ә) Ол сұраққа
- Б) жауап берді

13. Анықтауышты тап.

Қолында сары-қызыл гүлдер бар.

- А) қолында
- Ә) сары-қызыл
- Б) гүлдер бар

МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Сауатты жазу – біліктілік өлшемі

1. Тапсырманы орында.

Атасы Қойшыбекке ...ш к...жек сатып әперді. Қойшыбек ...ояндарына қора жасады. Тем...р тормен ...оршады. Алты айда қояндары торға сыймай кетті. Б...разын дайындау орнына өткізді. Әукетай ақсақал қоянның ...сімталдығына ...айран ...алды.

● Көп нүктенің орнына қазақ тіліне тән әріптерді қойып, сөйлемдерді дұрыс көшіріп жаз.

3. Өлеңді көшіріп жаз.

Шаңырағың – шырағым,
Топырығың – тұмарым,
Ғаламда жоқ сыңарың,
Ғажайыбым, жұмағым,

Басы таза бұлағым,
Басылмайтын құмарым,
Қазақстан – қыраным!

(Ұ. Есдәулет)

● Тәуелдік жалғаулы сөздің астын сыз.

● Сөздердің құрамын талда, түбір сөздің өзгеріп жазылу себебін түсіндір. Үндестік заңын еске түсір.

4. Сөйлемдердегі сан есімдерді сөзге айналдырып көшіріп жаз.

1. Кит – ең ірі жануар. Оның ұзындығы 30 метр, салмағы 120 тоннадай болады. 2. Түйеқұс сағатына 120 километр жүгіреді. 3. Айдың көлемі Жерден 50 есеге жуық кіші. 4. Емен өте ұзақ, яғни 1000 жылға дейін жасайды. 5. Жусанның Қазақстанда 18 түрі белгілі. 6. 10-сыныпта 23 оқушы оқиды.

● Сан есімдердің астын сыз, дара немесе күрделі екенін айт.

● Күрделі сандардың жазылу ережесін еске түсір. Мәтіннен мысал келтір.

5. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Қаншадамыз?

Үлкеніміз Мүсілімнен
Дәл екі жас кішімін мен,
Онға толып, туған күнін,
Тойлап отыр Нұрлан інім.
Бойы озып тұрғанымен,
Үш жас кіші Нұрлан менен.
Нұрланның дәл жарым жасын
Жасап отыр қарындасым.
Жасымыздың бәрін қоссаң,
Қырық үш дер ең жаңылмастан.
Көп ойланбай, ал сана, біз
Әрқайсымыз қаншадамыз?

(«Білімділер» сайтынан.)

- Өлеңдегі кейбір сөздердің бас әріптен басталып жазылуын түсіндір.
- Сан есімдерді теріп жаз. Жазылуына назар аудар.
- Өлең кейіпкерлерінің жастарын есептеп шығар. Жаз.

Ай атауларымен және жыл, ғасыр сияқты сөздермен тіркесіп келген сан есімдерден кейін дефис қойылмайды.
Мысалы: 2022 жылдың 15 ақпаны және т.б.

Сан есімдер санмен жазылғанда, оларға қосылатын қосымшалар үндестік заңына сәйкес дефиспен жазылды.
Мысалы: 100-деген, 50-ден және т.б.

6. Сан есімдерді оқы.

5, 28, 49, 56, 154, 6, 23, 61, 219, 543, 100, 51, 39, 82, 316,
1 540, 3 263, 5 735.

- Сан есімдерді сөзбен жаз.
- Сан есімдерге **-деген**, **-ден** қосымшаларды қосып жаз.
- Сан есімдерді қатыстырып сөйлем құра.

Біріккен сөздер әрқашан бірге жазылады. *Мысалы:* баспасөз, Алатау. Біріккен сөздердің әрбір тұлғасы дыбыстық өзгеріске түскен қалыпта жазылады. *Мысалы:* ашудас, (ашутас), Бегәлі (Бекәлі емес).

7. Өлеңді мәнерлеп оқы.

Жетісу суреттері

Жер таппан жерге жетер Жетісуым:
Күркілдек, Көксу, Лепсі, Іле, Шуым,
Асқардың аспан сүйген сілемдерін,
Жан бар ма таппайтұғын, айтпайтұғын...
Бөленген бұлтқа мәңгі меңіреу құз,
Ну тоғай, қоғалы көл, қоңыр құмым.
Асқардан ақтарыла арқыраған
Кім сүймес Жетісудың балдай суын.

(І. Жансүгіров)

- Біріккен сөздерді теріп жаз.
- Өлеңдегі кейбір сөздер неге бас әріптен басталып жазылған?
- Біріккен сөздерді сөз құрамына талда. Олардың жазылу ережесін айт.

8. Сөйлемдерді оқы.

1. Мен Жұматай ағай екеуміз жолға шықтық.
– Біз қайда барамыз, аға? – деп сұрадым.
– Сарышұбар қырқасына барамыз. Сенің жолдастарың темір жинап жүр. Соны мектепке жеткізіп береміз.

2. Алматыдағы Жамбыл атындағы № 18 мектептің оныншы сынып оқушысы Рашид Ғиззатов көркем оқудан бірінші орын алды. Ол өз жеңісін анасы – Сәуле Амановнаға арнады. Анасы М. Мақатаев атындағы мектепте қазақ тілі пәнінен сабақ береді.

- Адам, жер-су аттарының бас әріптен басталып жазылу себебін түсіндір.
- Жалпы және жалқы есімдердің жазылу ережесін еске түсір. Бірнеше мысал келтір.

9. Сөйлемдерді оқы.

1. Бізге киім кешек сатып алу керек. 2. Ол өз құрал жабдықтарын көрсетіпті. 3. Іскер адамдар күні түні жұмыс істейді. 4. Олар түрлі түрлі ойыншықтар таңдапты. 5. Мен қыпшақ оғыз тілдерін зерттеймін. 6. Біз «Алатау» ауылында тұрамыз. Оның айналасы сыңсыған бау бақша.

● Қос сөздердің арасына дефис қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

Тасымал – жазу кезінде сөздің жолға сыймай қалған бөлігін келесі жолға көшіру. Сөздер буынға қарай тасымалданады. *Мысалы:* бе-ре-ке, ас-ха-на және т.б.

10. Сөздерді көшіріп жаз.

Жүнісәлі, Әскербек, Орынтай, Әлімжан, Айгүл, Ақылтай, теміржол, Жетісу, Екібастұз.

● Берілген біріккен сөздерді тасымалдап жаз.

● Берілген біріккен сөздерді қатыстырып сөйлем құрап жаз.

Бір буынды сөзді (қант, штамп); қысқарған сөзді (ҚазМҰУ) және қысқарған өлшем бірлігін (15 см); қысқартылып жазылған кісі атын (М.О. Әуезов) бөліп тасымалдауға болмайды.

11. Сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Орманда от жағуға болмайды. 2. Біз өзен жағасында өсем орын таптық. 3. Дүкеннен қант, сүт, шай сатып алдық. 4. Ол өрік жинап алуға ыдыс әкелді. 5. Әжеге инеге жіп сабақтап берді. Әже алғысын айтты. 6. Алдымызда бір мая шөп тұр екен. 7. Олар орақ алып шөп оруға кірісті.

● Тасымалдауға болмайтын сөздерді теріп жаз.

● Тасымалданбайтын екі буынды сөздерді теріп жаз.

Ісқағаздар

Өмірбаян – жеке адамның өмір жолы хронологиялық тәртіпте қысқаша жазылған ресми құжат. Өмірбаян, әдетте, оқуға түсу, жұмысқа орналасу кезінде жазылды. Өмірбаянның типтік үлгісі жоқ.

1. Оқы. Көшіріп жаз.

Өмірбаянның мазмұндық-құрылымдық жүйесі

1. Құжаттың аты (өмірбаян)
 2. Аты-жөні (толық), туған жылы, айы, күні, туған жері
 3. Ұлты
 4. Білімі, оқыған оқу орындары
 5. Ата-анасы, отбасылық жағдайы
 6. Қазіргі жұмысы, мекенжайы
 7. Байланыс: электрондық пошта, ұялы телефон
2. Өмірбаян үлгісін оқы.

Өмірбаян (үлгі)

Мен, Азубаева Маржан, 2005 жылы 14 қаңтарда Алматы қаласында қызметкерлер отбасында дүниеге келдім. Ұлым – қазақ. 2020 жылы Алматы қаласындағы №155 орта мектепті бітірдім.

2020 жылы колледжге оқуға түстім, колледж студентімін.

Ата-анам бар: әкем – Азубаев Ахмет – инженер. Анам – Азубаева Ғалия – орталық ауруханада дәрігер.

Мекенжайым: Алматы қаласы, «Орбита-3» ықшамауданы, 25-үй, 60-пәтер.

Электрондық поштам: a.marzhan@mail.ru; 8 702 45756971

Азубаева Маржан (қолы)

● Өмірбаяндағы мәліметтерді өзің туралы мәліметтермен алмастырып, көшіріп жаз.

● ● Үлгі бойынша өз өмірбаяныңды жаз.

Қолхат – белгілі бір құндылықтардың (құжат, мүлік, зат, ақша) алынғанын куәландыратын және оны белгілі бір мерзімде қайтарып беретіндігін міндеттеп, азаматтық қарым-қатынастарды реттейтін ресми құжат.

3. Қолхат үлгісін оқы.

Қолхат (үлгі)

Мен, Елеубек Сейітұлы, осы қолхатты Бақытжан Айтжанұлына одан елу мың теңге алғаным үшін бердім. Алған елу мың ақшаны бір ай уақыт ішінде қайтарып беремін.

Елеубек Сейітұлы

(қол қойылады,
айы, күні көрсетіледі).

● Үлгі бойынша кітапханадан оқулық алғаның туралы қолхат жаз.

Өтініш – азаматтардың заңмен бекітілген жеке құқықтары мен мүдделерінің жүзеге асырылуы мазмұндалатын, жазбаша түрде баяндалатын, өтіну, сұрау туралы ресми құжат.

4. Оқы. Мәліметтерді өзгертіп, көшіріп жаз.

№15 мектептің директоры
Б. С. Дастановқа
Есетова Жарқыннан

Өтініш (үлгі)

Мені 2022 жылдың 01 қыргүйегінен бастап тәрбиешінің көмекшісі қызметіне қабылдауыңызды өтінемін.

(қол қойылады,
айы, күні көрсетіледі).

●● Үлгі бойынша өзіңнің болашақта қалаған жұмыс орныңа қабылдауға өтініш жаз.

Арыз (өтініш, кейде шағым) – ұйым басшысының, лауазымы жағынан жоғары тұрған адамның атына белгілі бір ақпаратты, өтінішті, мәліметті жеткізу мақсатына жазылатын ісқағаздың бір түрі.

5. Оқы.

Қарағанды қаласындағы
Сүт зауытының директоры
Г. Д. Бекетоваға
С. Б. Ержановадан

Арыз (үлгі)

Сізге арыз жазу себебім, зауыттағы санитарлық жағдай нашар, соған байланысты шығарылатын өнім сапасы да төмен. Айтылғанды ескеріп, шара қолдануыңызды сұраймын.

25.06. 2022 ж.

(қолы қойылады)

● Арыз деген не? *Өтініш, арыз, шағымның* арасындағы айырмашылықтар қандай?

● Қалаған тақырып бойынша арыз жаз.

● Сыныптастарыңмен өзің жазған арыз туралы пікірлес.

6. Құттықтау ашықхатты оқы.



Құрметті ...! Сені мектеп бітіруіңмен құттықтаймыз. Сен бүгін мектеппен қоштасып, үлкен өмірге қанат қағып барасың. Қанатың талмасын, биіктерге шырқа! Таңдаған мамандығыңның мықты шебері бол! Алдыңда күтіп тұрған жаңа өмірдің баспалдақтарынан сүрінбей өте беруіңді тілейміз!

Құрметпен ұстаздарың

● Сыныптасыңа туған күнімен құттықтау хатын жаз.

● Мұғалімдеріңе алғысыңды білдіріп, оларды соңғы қоңырау мерекесімен құттықта.

7. Түбіртектерді толтыру ретіне назар аудар. Тағы да қандай түбіртектерді білесің?

БІРЫҢҒАЙ ТӨЛЕМ ҚҰЖАТЫ (үлгі)

Есептелу мерзімі: 05.2022

Дербес шот: ..., мекенжайы: ... қаласы, ... көшесі, ...-үй, ...-пәтер Пәтердің ауданы – ... шаршы метр, адам саны: ...					
Қызметтің атауы және коды		Жеткізушінің атауы және коды		Төлемге, тг	Төленді, тг
электр қуаты	
жылу қуаты және ЫҚЖ	
су және канализация	
ҚТҚ шығару	1 адам үшін	
ПИК қызметі	1м ²	
Барлығы:					

● ● Түбіртектегі көп нүктенің орнына отбасының коммуналдық қызметтер үшін төлемдері бойынша мәліметтерді жаз. Түбіртекті толтыр.

kaspi.kz арқылы төлем жасаушыларға нұсқаулық

Kaspi Gold: 6987 4512 3784 5687

Kaspi нөмір: 8 701 598 72224

ЖСН: 789456123789 Жоламанова Динара

Төлем түбіртегін және өтінішті толтыру арқылы gazest.kz@mail.ru поштасына жіберіңіз. Өтініш толтыру формасы.

№	Аты-жөні	Сайтқа тіркелген поштасы	Тест саны – бір реттік: 500, екі реттік – 900

Сондай-ақ банк картасы арқылы онлайн сайтта төлем жасай аласыз.

● ● Төлем түбіртегін және өтінішті толтыр.

Мәтінмен жұмыс

1. Қ. Мырза Әлінің жыл мезгілдері туралы өлеңдерін мәнерлеп оқы.

Күз



Күз де келді, күз келді,
Күдерін жаз үзген-ді.
Күз де келді, күз келді,
Көкте бұлттар жүзді енді.
Күз де келді, күз келді,
Қондырмады түзге елді.
Күз де келді, күз келді,
Керек оқу бізге енді.

Қыс

Қыс келді, қыс иықтап,
Қалды аюлар ұйықтап.
Қыс келді, қыс мұз-қарлы,
Қыраулы да, ызғарлы.
Қыс келді, қыс боранды,
Қырат көрпе оранды.
Қыс келді, қыс уайым ба?
Қандық біздер ойынға!



Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Қазір қандай жыл мезгілі?
 - 2) Болып жатқан жыл мезгілінің өзіндік ерекшеліктері қандай?
- ● Жыл мезгілдерінің суреттерін сипаттап бер.

2. Өлең шумағын мәнерлеп оқы.

Табиғатым, тіршілігім, ырысым,
Сенсіз менің тарылады тынысым.
Биік-биік тауларыңа қарасам,
Алшаң басып түзеледі жүрісім.

(Р. Ахайдын)

- Өлең жолдары бойынша қысқаша мәтін құра.

3. Өлеңдерді мәнерлеп оқы.

Көктем



Көктем келді: құс келді,
Күн ұзын, түн қысқа енді.
Көктем келді: су ақты,
Күннің көзі шуақты.
Көктем келді: гүл өсті,
Көбелектер гулесті.
Көктем келді, көл үсті,
Көңілді де келісті.

Жаз

Жаз да келді пейілді,
Жан-жануар сейілді.
Жаз да келді, аптап та
Жан-жаққа ұшты бақ-бақ та.
Жаз да келді шайқалып,
Жатыр егін жайқалып.
Жаз да келді шаттанып,
Жұмыла іске аттанып.



● Әр өлең жолдарының қандай өріптен басталғанына назар аудар. Жыл мезгілдеріне сәйкес ауа райы туралы әңгімелеп бер.

● Қ. Мырза Өлінің шығармашылығы туралы мәліметтер ізде.

● Өзіңнің туған күнің болатын жыл мезгілі туралы өлеңді жатта.

Қазақстанда жыл мезгілдерінің ауысуы айқын байқала ма? Жыл мезгілінің ауысуы Күн мен Жердің жағдайына байланысты екені туралы ақпарат тап.

4. Өлең шумағын мәнерлеп оқы.

О, адамзат, аман жүргің келсе егер,
Қарап тұрма, несібең ғой қара жер.
Табиғаттың тазалығын сақтағын,
Азаматтық борышыңды ақтағын.

(Р. Ахайдын)

● Өлең шумағын сөйлемдермен жаз.

5. Мәтінді түсініп оқы.

Адасқан құмырсақ

Баяғыда бір құмырсақ өз қандастарына өкпелеп, арамен, қоңызбен дос болды. Құмырсақ бір күні дән тауып алыпты. Жалғыз өзі орнынан да қозғалта алмапты. Ол арадан көмек сұрайды:

– Досым, маған көмектесіп жіберші. Күшім келмей жатыр.

– Көрмей тұрсың ба?! Мен де жұмыс істеп жүрмін, – деп, ара ары қарай ұшып кетеді. Құмырсақ енді қоңыздан көмек сұрайды:

– Досым, маған көмектесіп жіберші.

– Сен үшін жұмысымды тастап кетпеймін, – деп, қоңыз өз шаруасымен кете береді.

Екі досынан күдер үзген құмырсақ өзінің ұялас достарын кезіктіреді. Олар:

– Не істеп жүрсің? – деп сұрайды.

Құмырсақ оларға өз жайын айтты. Достары көмектесіп, дәнді бәрі бірігіп көтеріп алды. Ақыр соңында адасқан құмырсақ өз үйіріне қосылды.

(М. Байділданов)

Сұрақтарға жауап бер.

1) Құмырсақ өз қандастарынан неге кетіп қалды?

2) Құмырсақ не үшін нелерден көмек сұрады?

3) Шын дос деген кім?

● Мәтіннен синоним сөздерді тауып, теріп жаз.

6. Өлең шумағын мәнерлеп оқы.

«Адамды адам еткен – еңбек» дейді,
Данагөйдің бұл сөзіне кім сенбейді?!
Шын мәнінде, зер салып түсінгенге,
Еңбек қана адамды алға жетелейді.

(Д. Асылхан)

● Өлең шумағы бойынша 2-3 сөйлемнен мәтін құрап жаз.

Сәтемір хан

7. Мәтінді түсініп оқы.

Сәтемір жеті жасында жетім қалыпты. Бір күні Сәтемір далада ойнап жүріп, бір ескі тамның жанында шаршап отырды. Жан-жағына қараса, бір ақсақ құмырсқа тамның төбесіне қарай өрмелеп бара жатыр екен. Орта шеніне барғанда құлап түседі. Тұра салып тағы да өрмелейді. Манағыдан гөрі жоғарырақ барғанда тағы да құлап түседі. Үшінші ретінде құмырсқа бар күшін салып тамның төбесіне шығады.

Мұны көріп Сәтемір ойға қалады: «Алла тағаланың жаратқан жан-жануарының ең кішкентайы – осы құмырсқа. Ол да тынбай жұмыс істеп жүр. Өзі ақсақ, бір тырмысып, екі тырмысып, құлап, сонда да қоймай, ақырында мұратына жетті – тамның үстіне шықты. Мұны көріп отырып, менің де талаптанбай, жұмыссыз ойнап жүргенім ақылсыздық», – екен деп ойлады. Ол ойынын тастап, қалаға барады.

Қалада білімі зор бір ғалым бар екен. Соған үй сырпыруға жалданып, ақысына оқу оқыпты.

Ақырында сол Сәтемір асқан данышпан, әлемге әйгілі хан болыпты.

(Ы. Алтынсарин)

Сұрақтарға жауап бер.

- 1) Сәтемір нені көрді?
 - 2) Құмырсқа не істеп жүрді?
 - 3) Сәтемір қандай ойға қалды?
 - 4) Ол не істеді?
 - 5) Сәтемір соңында кім болды?
- ● Түсінгеніңді өз сөзіңмен айтып бер.

8. Мақалдарды түсініп оқы.

Еңбек ет те мақтан, Ойнап күл де шаттан.		Еңбек етсең емерсің, Ерінбесең жеңерсің.
---	--	---

- Мақалдардың мағынасын өз сөзіңмен түсіндір.

9. Мәтінді оқы

Қазақстан таулары

Алтай тауының биік жоталары мен **шыңдарының** басындағы қар жазда да ерімейді. Алтайдың биік шыңы Ақтау деп аталады. Оның биіктігі – 4500 метр. Алтайда мөлдір сулы көлдер мен ағысы қатты **өзендер** көп. Мұнда марал мен бұғы қолдан өсіріледі. Олардың мүйізінен түрлі ауруларды емдейтін дәрі алынады. Алтайда алтын, мыс, күміс, қорғасын мен **қалайының** мол қоры бар, сондықтан да оны Кенді Алтай деп атайды. **Қазақстанның** батысынан шығысына қарай Тянь-Шань тауы созылып жатыр. Оның ең биік шыңы – Жеңіс шыңы деп аталады. Биіктігі – 7400 метрден астам. **Таудың** орта беткейінде Тянь-Шань шыршасы өседі. Тянь-Шань шыршасынан домбыра, қобыз, гитара және басқа музыкалық аспаптар жасалады.

- Бір буынды сөздерді тауып белгіле.
- Қарамен жазылған сөздерді сөз құрамына талда.

10. Мәтінді түсініп оқы.

Үлкенді сыйлау

Үлкенді сыйлау – қазақ халқының ата салты. Үлкенді сыйлау, ең алдымен, әке мен шешені сыйлаудан басталады. Өз отбасын, өз ата-анасын сыйламайтын ұл мен қыз басқа адамдарды да сыйлай алмайды. Ата-ана баланы дүниеге келтіріп, өмір береді, тәрбиелеп өсіреді, білім береді. Ата-ананы сыйлаған адамдардың өз балалары да кейін соны қайталайды. Ата-ананың тәжірибесін бойға сіңіре білу – әр баланың парызы.

1. *Ана – өмір тірегі* дегенді қалай түсінесің?
2. Ананың қоғамдағы, отбасындағы орны туралы не айтар едің?
3. Ата-ана алдындағы парыз дегенді қалай түсінесің?

● ● «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» тақырыбына шағын әңгіме құрастыр.

Нәтиже сабақ

1. Бастауыштан кейін дұрыс қойылған сызықшаны тап.
А) Көрмес түйені де көрмес.
Ә) Көрмес түйені де – көрмес.
Б) Көрмес – түйені де көрмес.
2. Біршама аяқталған ойды білдіретін сөздер тобы қалай аталады?
А) буын
Ә) сөйлем
Б) дыбыс үндестігі
3. Тұрақты сөз тіркесін тап.
А) хат жазу
Ә) ала өкпе болу
Б) алтын күн
4. *Қауқар* сөзінің мағынасын тап.
А) әлсіз, нәзік
Ә) суық, ызғар.
Б) күш, қуат.
5. Жалпы есім қатарын анықта.
А) қала, көше
Ә) Айна, Гүлдария
Б) көпір, Ертіс
6. Ұяңнан басталып, ұяңға аяқталған сөзді көрсет.
А) бір
Ә) тоғыз
Б) жүз
7. Төл сөздің алдынан автор сөзі келсе, қойылатын белгіні көрсет.
А) нүктелі үтір
Ә) қос нүкте
Б) көп нүкте

8. Қаратпа сөзді тап.

- А) Мүмкін, сәл кідіре тұрарсыз?
- Ә) Амал қанша, осылай болды.
- Б) Алма, алманы әкел.

9. Сауатты жазуды ретке келтіретін сөздік түрін тап.

- А) терминологиялық сөздік
- Ә) орфоэпиялық сөздік
- Б) орфографиялық сөздік

10. Ресми стильге жататын қатарды көрсет.

- А) қоғамдық-саяси әдебиет
- Ә) газет-журнал тілі
- Б) өтініш, сенімхат, қолхат

11. Қай жердегі тыныс белгісі дұрыс, тап.

- А) Есіктің киізін олай итерем – былай итерем, ашылмайды.
- Ә) Есіктің киізін олай итерем; былай итерем; ашылмайды.
- Б) Есіктің киізін олай итерем, былай итерем – ашылмайды.

12. Үтірдің қойылу себебін белгіле.

Бұл үйден ешкіні, лақты, шыбышты, тушаны – бәрін көруге болады.

- А) айқындауыш
- Ә) оқшау сөз
- Б) бірыңғай толықтауыш

13. Тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді тап.

- А) Рабиға біресе маған, біресе Әмірге, қарады.
- Ә) Рабиға біресе маған, біресе Әмірге қарады.
- Б) Рабиға біресе, маған біресе Әмірге қарады.

14. Қандай тыныс белгісі жетпей тұр, белгіле.

Отыз алтыға бөлінеді.

- А) қос нүкте
- Ә) дефис
- Б) сызықша

Жылдық қайталау

1. Сөздерді оқы.

Ала, әл, үн, ұн, аң, оң, жол, жел, жыр, түс, тіс, тұс, жер, тас, арс, сарт, дүңк, шырт, сырт, қант, таң.

● Берілген сөздерден буын түрлерін топтап жаз.

● 2. Берілген сөздерді буынға бөліп көрсет.

Ілтипат, ауызша, биік, құрылыс, азаяды, жиен, қуану, зым-зия, тәрбие, серуен, әдебиет, кие, тізбек, уақыт, көміртегі, сәуір, байиды, молекула, рас, қуақы, естияр, жиырма, уағыз, қуанды, лезде.

3. Бос орынға керекті қосымшаны: **-ған, -ген, -қан, -кен** жаз.

1. Оқы... адам мен оқыма... адам бірдей емес.

2. Білім алма... кісі бақытты бола алмайды.

3. Жақсы адам – ғылым үйрен... адам мен оны басқаларға үйрет... адам.

4. Адамның біл...інен білме...і көп.

5. Адам ізде... нәрсесін табады.

6. Отанын сат... адамға жақындама.

7. Күн шық... кезде ұйықтама.

8. Өтірік айт... адаммен дос болма.

● 4. Сөздердің айтылуы мен жазылуын үлгі бойынша екі бағанға бөліп жаз.

Үлгі:	Жазылуы	Айтылуы
	Құрманбек	Құрмамбек
	Жүнісбек	Жүнүспек
	Жанқазы	Жаңғазы
	Әркім	Әргім

Боранбай, алабота, аққайрақ, ақсерек, иманжапырақ, қазтабан, ешкіөлмес, бақбақ, Маржангүл.

5. Сөздерді буын жігімен көшір.

Қа-йың, қа-йық, шаң-ғы, же-ңіс, тай-лақ, уа-қыт, та-уық, жау-лық, да-уыл, бұ-лақ, қай-шы, ы-дыс, көй-лек, та-рақ, дәп-тер, ба-ла, қо-ңы-рау, жұ-мыс, жыл-қы-шы, кө-бе-лек, мы-сық, са-ғат, ба-ла-пан, са-уыс-қан, кір-пі.

● Әр буында неше дауысты дыбыс бар екенін айт.

● Екінші буыны **й, у, ң** дыбыстарынан басталатын сөздердің қалай тасымалданатынын есте сақта.

● Әр сөздегі буын саны бірдей ме?

6. Мәтінді оқы.

Шілдеде қараторғай, шымшық, тарғақ балапандарының қанаты қатып, өздері ұшып-қонып жүреді. Шілденің ыстығында әнші құстар балапандарын бағып, баулиды. Орман ішінде, тау қойнауларында қойбүлдірген, таңқурай, қарақат піседі. Шілдеде қырықбуын, қозықұлақ, қылша, жусан, меруертгүл, адыраспан сияқты дәрі шөптер жиналады. Шілденің ыстығында суға шомылып, тау-тасқа шығып, орман аралаған қандай жақсы!

(Ж. Өмірбеков)

● Біріккен сөздерді теріп жаз.

7. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қой.

Құрылыс, тұрғын үй салу өнерін ... дейді. Еңбек құралдары, шаруашылық түрлерінің көбеюіне байланысты адамдар біртіндеп ... салуды үйренді. Жерді қазып жасаған үйді ... деп атады. Көшіп-қонған кезде түйеге артып жүруге, құрастыруға ... қолайлы еді. Құрылыс салуға сапалы материалдарға ... қолданған. Қожа Ахмет Ясауи ... қазақ халқы қасиетті жер деп құрметтейді.

Керекті сөздер: жеркепе, киіз үй, сәулет өнері, кесенесін, тұрғын үй, тас, күйдірілген кірпіш.

Мазмұны

Құрметті жас дос!	3
ҒЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР.....	4
Дауысты дыбыстар	4
Дауыссыз дыбыстар.....	7
Қатаң дауыссыз дыбыстар	7
Ұяң дауыссыз дыбыстар	10
Үнді дауыссыз дыбыстар	12
Дыбыс үндестігі.....	15
Буын. Буын үндестігі.....	16
Нәтиже сабақ	20
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨРІКТІ ЖЕРЛЕР	22
Сөз. Сөз құрамы	22
Дара және күрделі сөздер.	26
Біріккен сөздер	26
Қос сөздер	31
Қысқарған сөздер	35
Нәтиже сабақ	38
ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР	40
Көп мағыналы сөздер.....	40
Антонимдер	41
Омонимдер	43
Синонимдер.....	45
Сөз таптары. Зат есімдер	48
Туынды зат есімдер.....	54
Нәтиже сабақ	61

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: СҮЙІСПЕНШІЛІК ПЕН ДОСТЫҚ.....	63
Зат есімнің сөйлемдегі қызметі	63
Қайырымдылық – сүйіспеншіліктің бір көрінісі	66
Баланың бас ұстазы – ата-ана	69
Адамды досына қарап бағала.....	72
Нәтиже сабақ.....	75
ҒАРЫШ ӘЛЕМІ.....	77
Сан есім	77
Сан есім түрлері.....	81
Сын есім және оның түрлері.....	84
Сын есімнің шырайлары.....	90
Етістіктің түрлері	96
Етістіктің шақтары	99
Нәтиже сабақ.....	101
КӘСІП ПЕН ЕҢБЕК.....	103
Есімдік. Есімдіктің түрлері.....	103
Үстеу. Үстеудің түрлері	109
Шылау сөздер.....	116
Нәтиже сабақ.....	118
ОЙЫН-САУЫҚ ЖӘНЕ СПОРТ	120
Одағай сөздер	120
Еліктеу сөздер	126
Сөйлем. Сөйлем түрлері.....	129
Сөйлем мүшелері.....	135
Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері.....	135

Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері.....	137
Сөйлем мүшелеріне талдау.....	139
МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР	143
Сауатты жазу – біліктілік өлшемі	143
Ісқағаздар.....	147
Мәтінмен жұмыс	151
Нәтиже сабақ.....	156
Жылдық қайталау	158

Оқу басылымы

**Биисова Аслима Кабекешовна
Жалетденова Фарида Базарбаевна
Жаукенова Дина Султанбековна**

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Арнайы мектептердің (сыныптардың)
зерде бұзылыстары бар
10-сынып оқушыларына арналған оқулық

Редакторы Г. Ж. Есенжолова
Суретшісі Д. И. Белов
Компьютерде беттеген Э. А. Айтқұлова

Басуға 23.06.2022 қол қойылды.
Есептік баспа табағы 10,25. Шартты баспа табағы 13,33.
Пішімі 70x100 ¹/₁₆. Офсеттік қағаз